

You Tube telegram whatsapp facebook
Instagram facebook Instagram You
TikTok facebook
whatsapp TikTok !
telegram You Tube whatsapp !! facebook
You Tube | telegram
| whatsapp TikTok
telegram ! Instagram
facebook | whatsapp
TikTok !
telegram
| facebook
Instagram
You Tube
Instagram

ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ

ЖӘНЕ ДІНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫНДА
МЕДИАКОНТЕНТ ДАЙЫНДАУ
БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Instagram | You Tube | whatsapp . TikTok .
Instagram telegram ! facebook .
.. You Tube ... telegram ! whatsapp
!! facebook . TikTok
Instagram You Tube | whatsapp
You Tube ! facebook . telegram
Instagram facebook !
whatsapp !! Instagram
!! telegram |
| facebook
!! telegram You
!! whatsapp !
? | facebook



КІРІСПЕ

2022 жылы Қазақстандағы Internews SCARF (Supporting Coverage and Advancement Of Religious Freedom – Діни сенім бостандығы туралы жариялау мен таратуға қолдау) жобасын жүзеге асыра бастады. Жоба командасының алдында талап деуге болатындай аса маңызды міндет тұрды – медиа мен БАҚ-та дін туралы кәсіби жаза алатын авторлар пулын дайындау керек болды. «Кәсіби» дегенде теолог болу немесе діни дәрежесі болу шарт емес. Керісінше, мейлі ол зайырлы немесе діндар болсын, медиаға арнап материал дайындайтын кез келген автор дін туралы аудиториямен қарым-қатынас жасағанда ешкімге зиян тигізбеуі басты мақсат болды. «Зиян келтірме» деген – дәрігерлерге ғана емес, журналистерге де аса қажет қағида, адамдар және олардың наным-сенімі туралы жазу немесе түсіру кезінде шешім қабылдау барысында дәл осы қағидаға сүйенген жөн.

Бұл Нұсқаулықты жоба жұмысының бір нәтижесі деуге болады. Нұсқаулық дін туралы жазып, сюжет түсіргісі келетін немесе дін тақырыбы бойынша әлеуметтік желіге контент дайындауды көздейтін кез келген авторға арналған бағдар іспетті, ол діни сенім туралы жазғанда заңды бұзбауға, насихат жасамауға, ешқандай дінді кемсітпеуге, дін қайраткерлерімен және діндар адамдармен сұхбат барысында өзін сенімді ұстауға көмектеседі.

Егер бұрын-соңды бұл тақырыпта жұмыс істеп көрмеген болсаңыз, Нұсқаулық сізге маңызды жол көрсетуші бола алады. Медида діни сенім туралы жазып жүрген болсаңыз немесе тіпті маманданған болсаңыз да, материалыңыздың журналистиканың кәсіби талаптарына сәйкестігін тексеру үшін жаднамаға жүгіне аласыз, медидағы продюсерлік бөлімінен шабыт алып, тіпті жай ғана жеке сарапшылығыңызды тағы бір пысықтай аласыз.

Нұсқаулық осы тақырыпты жазғанда журналистика табан тіреуге тиіс үш бөлімнен тұрады: дінтанушының шолуы, діни сенім саласындағы заңнамаға шолу және осы тақырыпта медиа материал дайындауға қатысты кәсіби кеңестер. Біз үшін соңғы тарауда әлемге әйгілі авторларға сілтеме жасаудан гөрі, қазақстандық авторлардың материалына арқа сүйеу аса маңызды болды.

Жобаны жүзеге асыру барысында тренингтерге қатысушылар арасында бұл мәселеге бей-жай қарамайтын тұтас бір шоғыр қалыптасты, олар: кәсіби журналистер, блогерлер, студенттер, оқытушылар, медиаторлар; заңгерлер мен дінтанушылар сияқты мамандар; діни ұйым өкілдері, салалық мемлекеттік мекеме өкілдері. Біздің журналистеріміз жүздеген мақала жазды. Аудиторияның ол материалдарға қалай назар аударғанынан-ақ бұл тақырыптың маңызды екенін, адамдарға дін, сенім немесе атеизм туралы айту, оқу және көру ұнайтынын байқауға болады. Бәлкім, адам жанының осы бір нәзік саласы көпшілік үшін өмір салты болғандықтан шығар. Немесе, адам болмысының басты құпиясы – өмірдің мәні мен соңы тіршілікпен біте қайнасып жатқандықтан, ал қоғамдық өмірде медианың маңызды орны бар болғандықтан шығар.

Зарина Ахматова, SCARF жобасының жетекшісі

Ақпан, 2024 жыл

Діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі тақырыбында медиаконтент дайындау бойынша нұсқаулық

1-ТАРАУ

ДІНИ СЕНІМ	
БОСТАНДЫҒЫ	
ЖӘНЕ ДІНДЕРДІҢ	
КӨПТҮРЛІЛІГІ	
ТАҚЫРЫБЫН МЕДИАДА	
ЖАРИЯЛАУДЫҢ	
ДІНТАНУЛЫҚ	
АСПЕКТІЛЕРІ	4

1-тарау. Діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі тақырыбын медиада жариялаудың дінтанулық аспектілері	5
§ 1.1 Діни терминдер мен жиі кездесетін қателер глоссарийі	6
§ 1.1.1 Негізгі терминдер	6
§ 1.1.2 Акронимдер мен қысқарған сөздер	8
§ 1.1.3 Ислам терминдері	9
§ 1.1.4 Христиан терминдері	10
§ 1.1.5 Жиі кездесетін қателерге мысалдар	11
§ 1.2 Қазақстан Республикасындағы діни ландшафтқа шолу	12
§ 1.2.1 Зайырлылықтың қазақстандық үлгісі	13
§ 1.2.2 Қазақстанның діни ретроспективасындағы негізгі күндер мен оқиғалар	12
§ 1.2.3 Қазақстандағы дәстүрлі ислам дегеніміз не?	14
§ 1.2.4 Қазақстандағы мұсылмандардың қызығушылығы	14
§ 1.2.5 Христиандар және басқа да діни топтар	15
§ 1.3 Этикалық кеңестер	16
§ 1.3.1 Бейтараптық, діндарлардың сезіміне құрметпен қарау	16
§ 1.3.2 Пікірлердің әділдігі және балансы	16
§ 1.3.3 Құқықтар мен заңдарды сақтау	16
§ 1.3.4 Деректерді тексеру	17
§ 1.3.5 Ақпараттық қауіпсіздік ережелері	18
§ 1.4 Ақпаратты қайдан іздеу керек?	18
§ 1.4.1 Халықаралық ұйымдар мен құжаттар	18
§ 1.4.2 Ұлттық органдар	19
§ 1.4.3 Үкіметтік емес ұйымдар, аналитика және зерттеу орталықтары	19
§ 1.4.4 Сарапшылар	19
§ 1.4.5 Сарапшы-дінтанушымен жүргізілетін жұмыста көмегі тиетін негізгі аспектілер	20
1-қосымша. Өзінді тексеруге арналған жаднама	21
Пайдаланылған әдебиет пен дереккөз	22

2-ТАРАУ

ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ	
ЖӘНЕ ДІНДЕРДІҢ	
КӨПТҮРЛІЛІГІ	
ТАҚЫРЫБЫН МЕДИАДА	
ЖАРИЯЛАУДЫҢ ЗАҢДЫҚ	
АСПЕКТІЛЕРІ	24

§ 2.1 Діни сенім бостандығы аясындағы негізгі халықаралық құжаттар мен Қазақстанның ұлттық заңнамасына шолу	25
§ 2.2 Ұлттық заңнамаға шолу	29
§ 2.2.1 Зайырлылық дегеніміз не?	29
§ 2.2.2 Діни сараптама рәсімі қалай жүргізіледі?	34
§ 2.3 Дін мәселесін жариялайтын журналистерге арналған құқықтық кеңестер	36
§ 2.3.1 Журналистік материалдарда өшпенділік тіліне қалай жол бермеуге болады?	36
§ 2.3.2 Кейіпкердің суретін жариялау құқығы	38

§ 2.3.3 Жасырын камераны пайдалану	38
§ 2.3.4 Материалда балалардың суретін пайдалану	39
§ 2.3.5 Дереккөзбен қалай жұмыс істеу керек?	39
§ 2.3.6 Қауіпсіздік ережесі	40
§ 2.3.7 Наразылыққа жол бермеуге арналған жаднама	42
§ 2.4 Терминдер	43
§ 2.5 Заңнамалық база	44
§ 2.6 Пайдалы сілтемелер	44
Пайдаланылған әдебиет	45
1-қосымша. Тыйым салынған ақпарат тізімі («БАҚ туралы» заңның үзінділері)	46
2-қосымша. Ақпарат беру, сұрау салу	47
3-қосымша. Шағым	48

3-ТАРАУ

ДИНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ДІНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША КОНТЕНТ АВТОРЛАРЫНА АРНАЛҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР	50
---	-----------

§ 3.1 Журналистикадағы конфликтіге сезімтал тәсіл	51
§ 3.1.1 Конфликтіге сезімтал тақырыптарды жариялаудың тиімділігі	51
§ 3.1.2 Конфликтіге сезімтал тақырыпты жариялаудың кейбір стратегиялары	53
§ 3.1.3 Өз наным-сенімді басқару	55
§ 3.2 Практикалық кеңестер: продакшн алдындағы кезең	56
§ 3.2.1 Тақырыпты таңдау және құрастыру	56
§ 3.2.2 Мақсатты аудитория және оның талабын анықтау	58
§ 3.2.3 Тақырыппен жұмыс (конфликт, тараптар, шешімдер және т.б.)	60
§ 3.2.4 Оқиғалар мен кейіпкерлерді іздеу	64
§ 3.2.5 Дереккөзбен жұмыс	66
§ 3.2.6 Сарапшыларды іздеу және олармен жұмыс жүргізу	68
§ 3.2.7 Контентті жеткізу арналары	68
§ 3.2.8 Форматты таңдау	70
§ 3.3 Практикалық кеңестер: продакшн кезеңі	72
§ 3.3.1 Журналистің «алаңдағы» жұмысы: кейіпкерлер, оқиғаға қатысушылар	72
§ 3.3.2 Форма мен мазмұн арасында: баяндау	75
§ 3.3.3 Контент жасау (мәтін, видео, аудио, фото)	77
§ 3.3.4 Контент тілін жөнге келтіру	78
§ 3.3.5 Пікірлер балансы	80
§ 3.3.6 Контенттің сапа критерийлері	82
§ 3.3.7 Верификация: заңдық және діни	84
§ 3.4 Практикалық кеңестер: постпродакшн кезеңі	85
§ 3.4.1 Медиаконтент релизі	85
§ 3.4.2 Контентті әлеуметтік желіге икемдеу	87
§ 3.4.3 Аудиториямен кері байланыс	89
1-қосымша. «Журналистік материалдағы конфликті тарихы және оның себептері» жаднамасы	92
2-қосымша. «Діни сенім бостандығы және діндердің көптірлілігі» тақырыбы бойынша контентті бағалау критерийлері негізіндегі жаднама	93

ТАРАТ

You Tube telegram whatsapp facebook
Instagram..facebook Instagram You
TikTok| facebook
whatsapp TikTok ! |
telegram You Tube whatsapp !! facebook
• You Tube | telegram &
• j! whatsapp TikTok|
"telegram &! Instagram
facebook! whatsapp
TikTok !:
"telegram &
facebook
& Instagram
You Tube
Instagram
Instagram | You Tube j! & whatsapp .TikTok.
Instagram "telegram &! facebook..
... You Tube ... telegram! whatsapp
!! facebook "TikTok
• Instagram You Tube j! whatsapp
You Tube! : facebook .. telegram
Instagram facebook!
whatsapp!! Instagram
!! : telegram|
j facebook . You
!! "telegram & ..
!! whatsapp!
?| facebook

**ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ
ДІНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫН
МЕДИАДА ЖАРИЯЛАУДЫҢ
ДІНТАНУЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ**

Автор: **Замир Төлешов, дінтанушы, арабист, зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу жөніндегі маман (Қазақстан)**

Сарапшы: **Икбалжан Мирсайитов, SCARF жобасының кеңесшісі, саясаттану ғылымдарының кандидаты, Қырғызстан ғылым академиясы әлеуметтік зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері**

Діни сенім бостандығы азаматтық құқық пен адам құқықтарының ең негізгі аспектілерінің бірі, әсіресе этникалық және діни топтары көп Қазақстанда бұл тақырып ерекше назарда. Әйтсе де, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына және Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан кейін – БҰҰ) Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісіне сәйкес, дін немесе наным-сенім ғана емес, әр адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар екенін есте сақтау қажет. Атеистердің, гуманистердің, психологтардың, зайырлы және діндар емес адамдардың агрессив насихаттаудан және оларға қандай да бір дінді немесе наным-сенімді мәжбүрлеуден бостандығы да осы қатарда. Заңдарға қатысты толық ақпаратты Нұсқаулықтың екінші бөлімінен алуға болады.

Бірінші бөлім оқырманға Қазақстанның діни ландшафты бойынша кешенді түсінік береді, негізгі діни терминдер туралы айтады, сонымен қатар дін мен сенімге байланысты тақырыптарды этикалық жағынан дұрыс жариялау бойынша кеңес береді. Діни сенім бостандығы мәселесін жариялағанда әділдік пен бейтараптықты сақтауға қоса, әлемдегі діни дәстүрдің тарихи аспектілерін де түсіну маңызды. Қазіргі Қазақстанда діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі мәселесін жариялау – айтарлықтай күрделі мәселе және журналистен жоғары кәсіби білікті, елде болып жатқан діни-саяси процестерді терең түсінуді қажет етеді. Бұл жан-жақты дайындық пен өз бетімен үздіксіз білім алу керегін білдіреді.

1. Зайырлылықты ұстану – тараптардың бірін қолдап, насихатқа еріп кетпеу үшін осы салада жұмыс істейтін журналистер зайырлы көзқарасты ұстанғаны жөн.

2. Терминологияның дәлдігі – нақты терминологияны қолдану әділдік үшін керек және ақпаратты толық түсінбеу немесе бұрмалаудың алдын алады.

3. Этикалық нормалар – діндарлардың сезімін құрметтеу, этика принциптерін сақтау және әртүрлі көзқарасты көрсету білу – сапалы журналистік материалдың негізі. Журналистік этика – Internews ұйымының ең басты ұстанымының бірі.

4. Ақпаратты тексеру – жалған ақпарат кең таралатын жағдайда верификация мен фактчек – журналист пен контент-мейкер қызметінің ажырамас бөлігі. Жасанды интеллект пен медиаматериалдарды жасау бойынша нейрожелілердің заманауи мүмкіндіктерінің дамуы бұл факторды бұрынғыдан да өзекті ете түседі.

5. Зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу – контент-мейкер лаңкестік ұйымдардың немесе жаһандық геосаяси ойыншылардың қолындағы құралға айналмас үшін зорлық-зомбылыққа және экстремизмге қатысты мәселелерді жариялау ерекше мұқият болуды талап етеді. Осы ретте Нұсқаулықтың авторлары журналистерге «деструктив діни ағым» және «діни экстремист» деген терминдерді дәйексөздерде айтылған және экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық әрекетінің діни уәжін дәлелдеген немесе жоққа шығарған кезде ғана болмаса, басқа кезде қолданбауға кеңес береді. Нұсқаулықтың бұл бөлімі осы және өзге мәселелерге арналған.

Internews іске асыратын SCARF (Supporting Coverage and Advancement Of Religious Freedom) жобасының командасы журналистер мен контент-мейкерлерге арналған көптеген тренинг өткізді, бұл тренингтердегі дінге байланысты басты тақырыптар мыналар:

§ 1.1 Діни терминдер мен жиі кездесетін қателер глоссарийі

Діни наным-сенім мәселесін нақты жариялау үшін діни терминологияны түсіну және дұрыс қолдану аса маңызды. Терминдерді дұрыс қолданбау аудиторияның дұрыс түсінбеуіне, діни алауыздықты тудырды немесе қоздырды деген айып тағуға, тіпті күрделі діни қақтығыстарға әкеліп соғуы мүмкін.

Глоссарийді құрған кезде біз БҰҰ мен ЕҚЫҰ терминологиялық анықтамалықтарына жүгіндік, сонымен қатар терминдерді осы саладағы мемлекеттік мекемелердің жергілікті тәжірибесін ескере отырып таңдадық. Кейбір терминнің анықтамасына қосымша түсініктер берілген, өйткені іс жүзінде қысқа анықтама терминнің толық мағынасын бермейді. Сонымен бірге бұл тарауда дінтану терминологиясын қолданған кезде журналистер жиі жіберуі мүмкін қателер қарастырылады.



§ 1.1.1 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР

Агностицизм – Құдай құдіреті немесе тылсым күштер бар екені белгісіз немесе оны танып-білу мүмкін емес деген сенім; өйткені адамның ақыл-парасаты Құдайдың бар екеніне не Құдайдың жоқ екеніне сенімді негіздеу үшін жеткілікті саналы дәлелдеме ұсына алмайды.

Апатеизм – Құдайлардың немесе тылсым күштің бар не жоқ болуы мәселесіне немқұрайлы (селқос) қарау.

Атеизм – сенімнің жоқтығы немесе Құдайлардың бар екенін жоққа шығару; сонымен қатар жалпы тылсым күштің – Құдайдың, рухтардың, басқа да материалдық емес жаратылыс пен күштің, о дүниелік өмірдің және т.б. бар екенін жоққа шығару.

Сенім – уәждерге қарамастан, әлденені ақиқат деп тану. Сенім адамға эмоциялық толыққандылық сезімін сыйлап, әлсіз жақтарын толтыруға үміт береді. Сонымен қатар діндар адамның тылсым күшпен (трансцендентпен) рухани байланысы бар деген сезім пайда болады.

Догмат – міндетті және бұлжымас ақиқат деп жарияланған діни постулат, принцип немесе наным-сенімдер жиынтығы; онымен дауласпайды, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдары арқылы дәлелдеу де мүмкін емес.

Доктрина – діннің догмалық немесе ғұрыптық жағын ресми және көпшілік қабылдаған түсіндірме. Исламда мәзһаб («дін мектебі») термині қолданылады.

Конфессия – белгілі бір діни ілім аясында дінге сену ерекшелігі, сонымен қатар діндарлар, осы дінді ұстанатындар бірлестігі.

Сыни тұрғыдан ойлау – адамның өз нанымдарын қоса алғанда, келіп түсетін ақпаратқа күмәнмен қарау қабілеті; мәселені жан-жақты қарап, оған көптеген жауап дайындай білу. Қандай да бір қоғамда сыни тұрғыдан ойлауға арқа сүйеу – қоғамның өркениетті дамуға бастау алуының қажетті алғышарты.

Дінаралық диалог – түрлі діни дәстүр өкілдері арасында қарым-қатынас пен өзара түсіну процесі. Қазақстанда 2003 жылдан бастап діндер

мен конфессиялар арасындағы диалог пен келісім мақсатымен тұрақты түрде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтеді.

Діндердің көптүрлілігі – бір әлеуметтік-мәдени кеңістікте бірнеше діни топтың, түрлі конфессия мен доктринаның болуы.

Зорлық-зомбылық экстремизмі – саяси, діни немесе әлеуметтік өзгерістерге жету мақсатында зорлық-зомбылық қолдану немесе күш қолданумен қорқыту.

Адам құқықтары – дініне, жынысына, нәсіліне, түр-түсіне, тіліне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне не басқа да кез келген ерекшелігіне қарамастан, әр адамға тиесілі ажырамас құқықтар. Адам құқықтары өмір сүру және бостандықта болу; құлдық пен азаптаудан азат болу, дін мен наным-сенім бостандығы құқығынан; еңбек ету және білім алу құқығынан және т.б. тұрады. Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық құқыққа сәйкес адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын таниды, бекітеді және оларға кепілдік береді.

Радикалдану – жеке адам немесе адамдар тобы экстремал көзқарас пен әрекетке бейім болып, көбіне-көп қауіп-қатер немесе күш қолданумен қорқыту процесі.

Діни идея діннің концептуалдық құрама бөлігін білдіреді; өмірдің пайда болуы мен мәні, Жаратушының табиғаты, жақсылық пен жамандық мәселесін қозғайды; діндарлардың дүниетанымын қалыптастырады; әрбір дінге тиесілі доктриналар мен теологиялық құрылымдарды құрайды.

Діни жоралғылар – дінге сену мен діни рәсімдерге байланысты дәстүр мен тәжірибе; ол салттар, мерекелер, дұғалар, жоралар және де басқа табыну формаларынан, сонымен қатар діни ұйғарымдарды сақтауға бағытталған күнделікті әдет пен әрекеттерден тұрады.

Діни құндылықтар дін оқуының моральдық және практикалық жақтарын білдіреді, діндарлардың жүріс-тұрысы мен әрекеттеріне бағыт-бағдар береді; діндардың дүниеге, басқа адамдарға және өз-өзіне деген жүріс-тұрысы мен қарым-қатынасын қалыптастырады; ізбасарлардың мәдени нормалары мен дәстүрлерін жеткізеді.

Дін – моральдық нормалар мен жүріс-тұрыс типтерінің, жоралардың, діни әрекеттердің жиынтығынан және адамдардың қауымға бірігуінен тұратын, тылсым күшке деген сенімге негізделген наным-сенімдер мен догматтар жүйесі. «Дін» терминін анықтауға қатысты түрлі көзқарас бар.

Зайырлы мемлекет – ресми түрде діннен бөлек және бірде-бір діни ұйымды немесе нанымды қолдамайтын мемлекет; мемлекет барлық діннен алыс; мемлекеттік органдардың шешімі діни негізге сүйенбейді.

Діни сенім бостандығы деген тұжырым орыстілді әдебиетте жиі кездеседі. Бұл жеке адамның немесе қауымның жария және жеке өмірде өз сенімін немесе дінін іс жүзінде, ғибадат етуде және жораларда ұстану немесе ұстанбау құқығын қамтиды. Халықаралық тәжірибеде «ой еркіндігі», «ар-ождан еркіндігі» және «дін еркіндігі» сияқты терминдер айтарлықтай жиі кездеседі.

Дін және наным-сенім еркіндігі – халықаралық құқықта дәл осы анықтама қабылданған, бұл өз наным-сенімі мен дінінің болуын және оларды өзгерту құқығын; дінді ұстану немесе ұстанбау құқығын; негізсіз араласпай діни табыну құқығын, діни негізде мәжбүрлеу мен кемсітуден қорғауды; ар-ождан тұрғысынан белгілі бір әрекеттерді орындаудан бас тарту құқығын қамтиды.

Секта – бастапқы топтан өзгеше көзқарасы немесе тәжірибесі ерекшеленетін, негізгі топтан бөлініп шыққан діни қауымдастық. Бастапқы кезде «секта» ғылыми анықтама ретінде академиялық ортада қолданылған, алайда оның теріс коннотациясы болғандықтан, Нұсқаулық авторлары діни топтарды стигмалаудың алдын алу үшін оларға қатысты бұл терминді қосымша түсініксіз қолданбауға кеңес береді.

Секуляризм – үкімет және де басқа құқықтық норма көздері кез келген дін типінен бөлек болуға тиіс деген концепция; атеизммен шатастырмау керек (жоғарыда көрсетілгенді қараңыз).

Синкретизм – тарихи дамуы кезінде діндердің өзара әсер ету процесіндегі әртекті дін оқуы және діни қағиданың бірігуі; түрлі діни ілім мен тәжірибенің араласуы; идеология мен наным-сенімдердің қосылуы.

Теократтық режим – мемлекетті діни көшбасшылар бақылайтын басқару формасы; діни билікті иеленушінің «көктегі инстанцияның» алдында ғана жауапкершілігі бар, сондықтан да құзырындағы адамдардың алдында саяси міндеттерден және олардың бақылауынан еркін болады.

Толеранттық – басқа адамдарды сол күйінде қабылдау және басқалардың ар-ождан бостандығы құқығын тану; келіспесе де, кемсітпей және айыптамай, идеяларына, көзқарасына, мәдениетіне немесе дініне төзімділік таныту.

Фанатизм – наным-сенімдерді, әсіресе діни, ұлттық және саяси саладағы наным-сенімдерді соқыр сеніммен бұлжытпай ұстану; радикалдыққа жеткізілген қандай да бір идеяларды, нанымдарды немесе көзқарастарды ұстану; бұған қоса басқа көзқарас пен наным-сенімдерге төзбеу; өз наным-сенімдерін сындарлы қабылдаудың болмауы.

Фундаменталдық – барлық басқа түсіндірулерді түбегейлі алып тастап, мәмілеге келуге немесе өзгерістер жасауға дайын болмай, қандай да бір діннің, идеологияның немесе мәдениеттің негізіне қайта оралуға деген ұмтылыс.

§ 1.1.2 АКРОНИМДЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

ДДА – деструктив діни ағым. Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі порталында «Ізбасарларының санасы мен еркіне толық (жалпы) бақылау орнатуға тырысатын ұйым» деген түсініктеме берілген. Бұл анықтаманы қолданбауға шақырамыз, өйткені сана мен ерікке бақылау орнатуға тырысудың деңгейін анықтап білу мүмкін емес, осыған орай термин көмескі болады.

ҚМДБ – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы; әкімшілік жағынан мемлекеттік органдарды қайталайды және аумақтық жағынан бүкіл Қазақстанды қамтиды; еліміздегі барлық мешітті басқарады деуге болады.

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйым. Қазақстан Республикасы аумағында қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, жеке мекеме, қоғамдық бірлестік, коммерциялық емес акционерлік қоғам, заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігі, сонымен қатар шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалы немесе өкілдігі формасында ҮЕҰ құруға болады.

ТӘЗЭРЖ/К – терроризмге әкелетін зорлық экстремизміне және радикалдануға жол бермеу және олармен күрес.

ЗЭЖ/А – зорлық-зомбылық экстремизміне жол бермеу және оның алдын алу.

ЗЭА – зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу.

ДЭ – діни экстремизм. Бұл терминнің анықтамасы ресейлік басылымдар мен тәжірибеде жиі қолданылады. Бұл терминнің сипаттамасында зорлық-зомбылық компонентіне сілтеме көрсетілмейтін жағдайлар жиі кездеседі, яғни көпшіліктің пікірінен өзгеше пікірі үшін кез келген адамды діни экстремизмге қатысты айыптау мүмкіндігі туындайды. Бұл терминді дәйексөздерде айтылған және зорлық-зомбылық әрекетінің діни уәжін дәлелдеген немесе жоққа шығарған кезде ғана болмаса, басқа кезде қолданбауға кеңес беріледі.

§ 1.1.3 ИСЛАМ ТЕРМИНДЕРІ

Жиһад кең мағынада «Алла жолында күш салу» дегенді білдіреді және бұл тек рухани, сонымен бірге әскери қарулы күресті де қамтиды. Бұл терминді лаңкестік ұйымдар зорлық-зомбылықты ақтау үшін жиі қолданады. Кейбір қазіргі мұсылмандық тақырыбында ой толғайтын авторлар қан төгуді білдірмейтін термин ретінде түсінік беруді талап етеді, алайда Құранға сәйкес әрбір мұсылман исламның нығаюына және оны қорғауға қатысты күш салуға, ол үшін материалдық құралдары мен күшін жұмсауға тиіс; қауіп-қатер төнген жағдайда, дін дұшпандарына қарсы қарулы күреске шығуы қажет.

Құран – мұсылмандардың қасиетті кітабы; ислам дінінің пайғамбары Мұхаммедтің айтуымен оның сахабасы жазған. Ислам діни нанымына сәйкес Құран – Алланың сөзі.

Сүнниттік пен шииттік – исламдағы негізгі бағыттар. Жер бетіндегі екі миллиардқа жуық адам өзін мұсылман санайды, олардың шамамен 85%-ы сүннит, 15%-ы шиит деп аталады. Әр бағыттың догмасында көптеген ерекшелік бар: мысалы, сүнниттер пайғамбарлардан басқа барлық адамның күнәсі болады деп есептейді. Шииттер имамдардың (діни көшбасшылардың) барлық істе, ұстанымда және дінде күнәсіз екеніне сенеді.

Сопылық – исламдағы мистикалық бағыт; яһудилік каббалаға ұқсас соқыр сенім практикасынан тұрады. 1093 жылы Түркістан облысының Сайрам

ауылында дүниеге келген Ахмет Яссауи (Әзірет Сұлтан деп те танылған) сопылық мектептің негізін қалап, көптеген ізбасар тәрбиелеп, Орталық Азия түркілері арасында исламды насихаттауда негізгі рөлді атқарушылардың бірі болды.

Тағұт – жалған құдайлануды білдіретін термин; сонымен қатар «тағұт» – шайтан деген түсінік көң тараған. Бірақ іс жүзінде зорлық-зомбылық экстремизмінің ізбасарлары ресми діни қауымдар мен құқық қорғау органдарынан бастап, тәуелсіз сарапшылар, дінтанушылар мен теологтарға дейін үкіметпен ынтымақтасатындардың және зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алуға үлес қосатындардың бәрін «тағұттар» деп атайды.

Тәкфир – өшпенділік тілінің айқын мысалы: дінге сенбеуді және дінсіздікті айыптау; тәкфирге шығарылатындарды көпірлер (дінсіз/дінге сенбейтін) деп атайды.

Пәтуа – шарифат аясындағы заңды шешім, алқалы жиында қабылданады. Әрбір ресми діни қауымда, оның ішінде ҚМДБ-да діндарлардың сұрауына жазбаша жауап беретін пәтуа комитеттері бар. Комиссия мүшелерінің мөрі мен қолтаңбасы қойылмаған пәтуа заңсыз деп есептеледі.

Халифат – ізбасарлық; ислам пайғамбары Мұхаммед дүние салғаннан кейін құрылған және кейін халифтер – пайғамбардың орынбасарлары/ізбасарлары басқарған бастапқы мұсылман мемлекеті.

Һижрат – көшу, сөзбе-сөз аударғанда – «қоныс аудару»; кейбір түсіндірме бойынша, «дінсіз жерден ислам жеріне қоныс аудару». Тарихи тұрғыдан қарағанда 622 жылы Мұхаммед пайғамбардың басшылығымен мұсылмандар қауымының Меккеден Мәдинаға қоныс аударуы. 1990 жылы Орталық Азия елдерінен Еуропаға белсенді қоныс аудару болды, ал 2011 жылы Сирия мен Иракқа қоныс аударуды насихаттау көрініс тапты. Ислам пайғамбары Мұхаммедтің «фатхтан (Мұхаммед пайғамбар бастаған мұсылмандар Меккені жаулап алғаннан кейін, бұл 630 жылғы 11 қаңтарда болған) кейін қоныс аударуға тыйым салынады» деген тыйымы бар.

Шарифат – діни, сондай-ақ өмірдің азаматтық-құқықтық аспектілерін де қамтитын ислам заңы; мұсылмандардың күнделікті өмірінің барлық дерлік сәтін реттейтін нақты нормалардың қайнар көзі.

§ 1.1.4 ХРИСТИАН ТЕРМИНДЕРІ

Библия – иудаизм мен христиан діндерінде қасиетті мәтіндер жинағы. Иудаизмде Танах Қасиетті Жазба болып есептеледі, ол еврейлік Інжіл, христиан дінінде Ескі Әсиет (Танах және қосымша қасиетті кітаптар) және Жаңа Әсиет (Инжіл) деп те аталады; христиандар Библияның барлық канондық мәтіні Киелі Рухтың тікелей әсерімен және негізгі түпдерек пен дін ережесі бойынша жазылған деп есептейді.

Инквизиция – іздестіру, тергеу; XII ғасырда «діннен азғандарға» және шіркеу сотының құзыретіндегі басқа да қылмыстарға қарсы күрес үшін құрылған католик шіркеуінің сот институты; католик шіркеуінде христиан діні мен өнегесіне қарсы қылмыс деп есептелген іс-қимылдарды тергеумен айналысады.

Католицизм – б.з. I мыңжылдығында қалыптасқан негізгі христиандық конфессиялардың бірі, Рим папасы мен епископтардың діни билігін мақұлдай-

ды. 1054 жылы біртұтас христиан шіркеуі Батыста орталығы Римде орналасқан католиктік және Шығыста орталығы Константинопольде орналасқан православиелік болып екіге бөлінді.

Православие – б.з. I мыңжылдығында қалыптасқан негізгі христиандық конфессиялардың бірі, патриархтардың діни билігін мойындайды. Қазақстанда ханафи бағытындағы исламмен қатар православиелік христиан дінінің халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі рөлі «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда белгіленген.

Протестанттық – христиан дінінің негізгі үш тармағының бірі, католик және православие діндеріне қарағанда айтарлықтай біртекті емес; неміс дін қызметшісі Мартин Лютер ілімінің ықпалымен XVI ғасырда Рим Католик шіркеуіне оппозиция ретінде пайда болған христиандық конфессиялардың жиынтық атауы.

Қасиетті Үштік – христиан дініндегі Әке, Ұл және Киелі рухтың бірлігі концепциясы. Христиандықтың негізгі догматтарының бірі; бұл догматты христиан дінінің мамандары төрт ғасырға жуық уақыт дайындады; Қасиетті Үштіктің мәні туралы дау-дамай салдарынан көптеген түсіндірме беріліп, шіркеудің Католик және Православие болып бөліну себептерінің бірі болды; православие тұрғысынан алғанда Киелі рух тек Құдай-Әкеден тарайды, ал католиктерде Киелі рух оған қоса Құдай-Ұлдан да жаратылады деп сендіреді.

Шіркеу иерархиясы – бағыныстылығына қарай төменнен жоғары қарай тәртіп бойынша шіркеу лауазымдары мен қызметкерлерінің жиынтығы; негізгі алты дәрежені атап өтуге болады: 1. Діндарлар. 2. Дьякондар. 3. Дін қызметшілері. 4. Епископтар. 5. Митрополиттер, кардиналдар және архиепископтар. 6. Патриархтар және Рим папасы.

Экуменизм – христиан діндері арасында бұрынғыдан да жақын қарым-қатынас құрып, жақсы түсіністікке жетуге бағытталған қозғалыс. Бірқатар христиандық конфессияда экуменизм бидғат болып есептеледі, мақұлданбайды. Христиандық конфессиялар арасындағы диалог туралы сөз қозғағанда бұл терминді байқап қолдану қажет.

§ 1.1.5 ЖИИ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕЛЕРГЕ МЫСАЛДАР

Мәдениет мен діннің араласуы – контент жасаған кезде барлық мәдени әдет-ғұрыптардың діни емес екенін, сондай-ақ керісінше болатынын есте сақтаған жөн (мысалы, Жаңа жыл Қазақстанда зайырлы мереке болып есептеледі, Иса Пайғамбардың туған күнін тойлауды білдірмейді).

Жалпылау – терминдерді барлық діни және мәдени контексте олар ортақ мәнге ие болатындай қолдану (мысалы, буддизм мен христиан діндеріндегі «монах», протестанттық пен православиіндегі «экуменизм»).

Қате атрибуция – бүкіл дінге белгілі бір практикалар мен нанымдарды таңу (мысалы, бүкіл мұсылман әскери әрекеттер түріндегі жиһадты қолдайды немесе бүкіл христиан шошқа етін жеп, иконаларға табынады деген пайымдау).

Қате айту және транскрипция – терминдерді қате жазу немесе айту қорлау деп қабылдануы мүмкін (мысалы, кейінгі 10 жылда Құдайдың қазақ

тіліндегі аталуы мен транскрипциясына қатысты дау-дамай жүріп жатыр, діндарлардың бір бөлігі «Аллаһ» деген нұсқаны қолдаса, ресми діни қауым «Алла» деген нұсқаны қолдайды). Немесе басқа мысал: «Йегова куәгерлері» өзін «йеговашылдар» деп атауға қарсы. Мәтіндерді анықтамалардың дұрыстығына тексеру қажет. «Секта», «дәстүрлі емес ағымдар» және т.б. сөз тіркестерінен аулақ болып, бейтарап терминологияны қолдануға кеңес беріледі.

Спикерді қате таңдау – зайырлы дінтанушы үшін дайындалған сұрақтарды діни қызметшілерге қою (мысалы, сізге исламға байланысты сұрақтарға қатысты бейтарап сарапшы пікірі қажет, алайда сұрақтар имамға не дін маманына қойылады). Дінтануда буддолог, ислам дінін зерттеуші сияқты бірқатар тар ауқымдағы мамандықтар бар. Оларды ғылыми тәсілдер мен таным принциптерін пайдалану біріктіреді. Ал теологтар белгілі бір Құдіретке/Құдайға/трансцендентке деген сенімге сүйенеді. Спикерді таңдаған кезде осыны ескеру қажет.

■ Дінтанушы түрлі діндерді, олардың тарихи дамуын, негізгі ілімдерді, қоғамның әлеуметтік-мәдени контексіндегі діннің көрінісін зерттеуге маманданады. Мұндай маман әдетте жеке сенімі мен ұнатуына басымдық бермей, діннің нақты мәдениет пен қоғамдағы орнын терең түсінуге тырысып, нақты діни феномендерді талдауда ғылыми тәсілдің фактілеріне негізделген әдісті қолданады.

■ Теолог құдіретті нақты діни дәстүрдің қасиетті мәтіндері мен діни практикалары арқылы зерттеумен айналысады. Дінтанушыға қарағанда теологты өзі зерттеп танитын дін қызықтырады, сол себепті оның түсіндірмелері мен қорытындылары жеке сенімге негізделген. Теологтың негізгі міндеті – қасиетті доктриналар мен мәтіндерді түсіну және түсіндіру.

■ Исламтанушы ислам дінін, оның қасиетті мәтіндерін, доктриналарын, тарихи дамуы мен діни көрінісін зерттеумен айналысады. Оның мақсаты – ислам мәтіндерін әділ талдап түсіндіру, сонымен қатар тарихи және мәдени контекстерді түсіну, өйткені бұл да ғылыми бейтараптықты талап етеді.

§ 1.2 Қазақстан Республикасындағы діни ландшафтқа шолу

Қазақстан – Орталық Азиядағы этникалық және діни жағынан барынша әртекті мемлекет. Ол 130 ұлыс өкілдері өмір сүретін аумағы өте үлкен ел.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитетінің есебіне сәйкес, 2023 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша елімізде 18 конфессияны қамтитын 3932 діни бірлестік тіркелген. Олардың 2790-ы – ислам, 345-і – православие, 93-і – католик, 588-і – протестант, 61-і – Йегова куәгерлері, 24-і – Жаңа апостол шіркеуі, 13-і – Кришна санасы қоғамы, 7-еуі – иудаизм, 6-уы – бахаи, 2-еуі – буддизм, 2-еуі – мормондар, 1-еуі – муниттер.

Осы есепте елімізде 3726 діни ғимарат қызмет етеді деп көрсетілген. Оның ішінде: 2788 мешіт, 302 православие шіркеуі, 115 католик шіркеуі, 424 протестанттық ғибадат үйі, 57 Йегова куәгерлерінің ғибадат үйі, 24 Жаңа апостол шіркеуінің үйі, 6 синагога, 2 Бахаи ғибадат үйлері, 6 «Кришна санасы қоғамы» ДБ ғибадатханасы, 2 буддистік ғибадатхана бар.

Іс жүзінде ұсынылған 18 конфессияны үш санатқа топтастыруға болады: мұсылмандар, христиандар және басқа конфессиялар. Бұл ретте христиандарға қарағанда мұсылмандардың діни ғимараттары үш есе көп. Ал «намазхана» деп аталатын мұсылмандарға арналған ғибадат ету бөлмелерін есепке алсақ, онда олардың саны төрт есе көп (жиынтық алғанда 4000-ға жуық) болады.

§ 1.2.1 ЗАЙЫРЛЫҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

[Қазақстан Республикасы Конституциясының](#) 14 және 20-баптарына сәйкес, Қазақстан өзін зайырлы мемлекет деп жариялайды. Конституция бойынша діни көзқарасына байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды, сондай-ақ діни астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді. Бұл дінге көзқарасына қарамастан азаматтардың тең құқығы бар екенін, мемлекеттің азаматтардың дін таңдау немесе одан бас тарту бостандығына құқықтарын қамтамасыз етуін білдіреді, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынастарды діни догмалар емес, елдің заңдары реттейтінін кепілі.

Мемлекеттің зайырлылығы – көпұлтты және поликонфессиялы қоғамдағы түрлі діни және этникалық топтардың бейбіт тірлік етуін қамтамасыз ететін негізгі фактордың бірі. Зайырлы мемлекет діни наным-сенімдеріне қарамастан әр азаматтың тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің болуына тырысып бағады.

Зайырлылықтың түрлі моделі бар және олар тарихи, мәдени және саяси контекске байланысты елден елге қарай өзгеше болуы мүмкін. Кей елдерде, мысалы, Францияда зайырлылық қатаң реттелген, сондай-ақ Еуропаның адам құқықтары жөніндегі сотының сынына қарамастан, діни символдар мемлекеттік мекемелерден алынып тасталған. Басқа елдерде, мәселен, АҚШ-та зайырлылық мемлекеттің дінді бекіте алмайтынын және діни жораларды еркін орындауға қарсы тұра алмайтынын, алайда бұл ретте діни символдар қоғамдық өмірде [бола алатынын](#) білдіреді. Қазақстанда билік өкілдері «зайырлылықты атеизм деп түсінбеген жөн» деп жариялайды және де билік өкілдерінің, оның ішінде мемлекет басшысының жария өмірінде кейбір ислам жоралары болып тұрады. Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан халқының көп бөлігі өзін мұсылман деп есептейді, сондықтан да осы Нұсқаулықта басқа діндерге қарағанда ислам туралы көбірек айтылуы мүмкін.

§ 1.2.2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДІНИ РЕТРОСПЕКТИВАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КҮНДЕР МЕН ОҚИҒАЛАР:

■ б.з. дейінгі II ғасыр – «Ұлы жібек жолынан» Алматының солтүстік жағына қарай 120 км жердегі Таңбалы тас шатқалында Будда бейнесі қалды.

■ б.з. дейінгі III ғасырда Орталық Азияда христиан діні пайда болды. Найман, керей секілді қазақ тайпалары мен арғындардың бір бөлігі христиан дінін қабылдады.

■ 751 ж. – Түргеш қағанаты Аббасилер халифатының одағына кірді. Бұл өңірдің діни ортасына үлкен саяси ықпал етті. Ислам айтарлықтай кең тарай бастады.

■ 1465 ж. бастап 1847 ж. дейін – Қазақ хандығы билік құрған жылдар. Түрлі тарихи дереккөзде Қазақ хандығының тұрғындары ханафи мәзхабының (доктринасының) сүнниттік бағытын ұстанды деп көрсетілді, алайда бұл ретте мемлекет халқының қоғамдық және жеке өмірінде ислам және тәңіршілдік пен шамандық элементтерінің ерекше синтезі (синкретизм) қалыптасты.

■ 1865 жылы бүкіл Орталық Азия ресейлік болып, Ташкент Орталық Азияның бас қаласына айналды, онда генерал-губернаторлық пен Ресей империясының шенеуніктер аппараты орналасты. Империя діни ортаны белсенді түрде реттеп отырды.

■ 1922 ж. бастап 1991 ж. дейін – КСРО болған жылдар. Бір қызығы, дерек бойынша КСРО-да, мысалы, Албанияда болғандай, ұйымдасқан діни өмірді толық жою және дінге ресми тыйым салу болған жоқ; сондай-ақ тарихтың жеке кезеңдерінде КСРО басшылығы өзінің саяси мүддесі үшін тіпті кейбір конфессияларға қолдау көрсетті.

■ 1991 ж. – Қазақстан тәуелсіздік алды және шетелдік уағызшылар, оның ішінде араб елдерінің уағызшылары келді.

■ 2003 ж. – әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өте бастады. Соңғы съез 2022 жылы өтіп, оған 108 делегация, соның ішінде ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизм, даосизм, зороастризм, синтоизм діндерінің өкілдері, саясат және қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйым, сарапшылар қауымдастығының қайраткерлері қатысты.

■ 2004 ж. – діни бағыттағы ұйымдарды құруға сот тарапынан тыйым салу басталды.

■ 2011 ж. – терактілер сериясы мен Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі (қазіргі атауы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті) құрылды.

§ 1.2.3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қазақстандағы дәстүрлі ислам деп соңғы бірнеше жылда ҚМДБ өзінің Жарғысының негізінде және мемлекеттің зайырлы сипатын есепке ала отырып, мұсылмандардың басқа дін өкілдерімен, сондай-ақ қандай бір діннің ерушісі болмайтын тұлғалармен бейбіт қатар өмір сүруі үшін дайындаған «Қазақстан мұсылмандары платформасы» концептуалды құжаты танылады.

«ҚМДБ платформасы» Қазақстан мұсылмандарының негізгі діни наным-сенімдерін, зайырлы қоғамға, мемлекеттің заңнамасы мен қоғамда белгіленген тәртіпке, білім алуға, медициналық көмекке, Отан қорғауға, қоршаған ортаға, еңбекке және отбасы құндылықтарын, еліміздің аумағында тұратын халықтар дәстүрі мен ерекшеліктерін құрметтеуге қарым-қатынасын белгілейді.

Бұл ретте қазақстандық исламның өмір сүруіне шетелдік уағызшылардың да ықпалын айта кету керек, 1990 ж. басынан бастап Қазақстанға Сауд Арабиясы, Мысыр және Палестина, сонымен қатар Үндістан мен Пәкістан уағызшылары тұрақты келе бастады.

§ 1.2.4 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

Қазақстандағы мұсылмандар жалпы алғанда шетелдік дүниенің бәріне ашық, шығыс мәдениетіне де, батыс мәдениетіне де көзқарасы түзу. Мұсылмандар қажылыққа баратын Мекке орналасуына орай Сауд Арабиясы діни практика үлгісі болып саналатын жекелеген қауымдар бар. Сонымен қатар көбіне сауатты пиардың арқасында Түркия президенті Режеп Ердоғанды дәріптейтіндер де бар. Ұйғыр қауымдастығы ішінде Қытайға қатысты шиеленіскен негатив бар. АҚШ пен Еуропаға қатысты негатив байқалмайды. Батыс мәдениеті жаһандану, соның ішінде ақпараттық жаһандану процесі аясында 1990 жылдары ене бастады, осыған орай оның көптеген көрінісіне оң қарау байқалады.

Қазақстан халқының көбі «гендерлік теңдік» концепциясына вербалды қолдау көрсете алғанымен, іс жүзінде олай дей алмаймыз. Феномен ретінде феминизмге қарсы іс-қимылдар кездеседі. Мұсылман және христиан патриархал қауымдастығы түгелдей дерлік ЛГБТ қауымдастықтарына қарсы, ал дәстүрлі қауымдардың өмірінде көп әйел алу түрлі формада кездеседі.

Лекциялар мен уағыздарды онлайн қарап тыңдайтындар көп. Соның ішінде көзі тірі және бақилық болған зорлық-зомбылық экстремизмін уағыздаушылар ықпал ете алады.

Кейінгі кездегі тенденцияның бірі – діни білімі жоқ блогерлердің исламды уағыздауға кірісуі. Бірақ мұсылман қауымы негізінен қазақ және орыс тілдерінде дін маманына лайық кейіптегі теолог-уағызшыларды тыңдайды, сондай-ақ сан миллиондаған аудиториясы бар түрлі шейхтердің уағыз бейнебаяндарының аудармасына сеніммен қарайды.

§ 1.2.5 ХРИСТИАНДАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДІНИ ТОПТАР

Мұсылмандардан басқа Қазақстанда христиандар, иудаизм, тәңіршілдік, буддизм, кришнаизм және басқа да діни топтардың өкілдері бар, сондай-ақ халықтың көбі зайырлы адамдар екенін атап өткен жөн.

Православиелік христиан дінінің өкілдері – Қазақстандағы екінші үлкен діни топ. Орыс православиесінің Қазақстандағы тарихы терең және ол еліміздегі ең ірі христиандық қауымдастық. Қазақстандағы ОПШ Митрополиттік округы 302 шіркеуден тұрады және олардың барлығы Мәскеу патриархына бағынады. Бұл – Қазақстандағы православие шіркеулері Ресейдегі жоғары тұрған православиелік иерархияға бағынышты және олардың автономдық статусы жоқ деген сөз. Қазақстан Митрополиттік округы Орыс православиесінің канондары мен жарғыларын сақтайды және Ресей православиесі қауымымен тығыз байланыста. ОПШ-дан басқа Қазақстанда католик шіркеуі, протестанттық шіркеу сияқты басқа да христиандық конфессиялардың және басқа христиандық топтардың болуын, сондай-ақ діни ландшафта олардың өзіндік рөлі бар екенін атап өту қажет.

Иудаизм – еврей халқының діні; олар үшін негізгі қасиетті жазба – Тора. Негізінен Алматы мен Астана қалаларында орналасқан бірнеше қауымдастық бар. Сондай-ақ елімізге мезгіл-мезгіл ортодоксал яһудилер (хасидтер) келіп, іс-шараларын ұйымдастырып отырады.

Тәңіршілдік – Тәңір құдайын дәріптейтін түркітілдес халықтардың дәстүрлі діні. Бұл дін ғасырлар бойы көптеген түркі және монғол халқы арасында тараған. Христиан және ислам діндері келгеннен кейін тәңіршілдік артқа шегінді, алайда толықтай жоғалмай, кейбір дәстүр мен әдет-ғұрыптарда өз ықпалын сақтады. Қазіргі Қазақстанда тәңіршілдікке қызығу, әсіресе этникалық қазақтар арасында жандана түсіп отыр.

Халықаралық әлеуметтану агенттіктерінің көптеген зерттеуінде 2007 жылдан бастап бүкіл әлемде діндарлық деңгейі төмендегені көрсетіледі. Мысалы, [«Араб барометрі»](#) 2019 жылы-ақ діни көшбасшыларға сенетін мұсылмандардың үлесі 40%-ға дейін төмендеді, ал ол кезде діни партияларға сенім артушылар 20%-дан аз болды деп хабарлайды. Алайда, Қазақстанда кері үрдіс байқалады.

Қазақстан Республикасының діни ландшафты өзінше қарқынды деп айтуға болады. Бұл халықтың дінді ұстанатын бөлігі толерантты болуы, басқа конфессиялардың өкілдерін, сондай-ақ Қазақстандағы көпшілік дінді ұстанбайтын адамдарды құрметтеуі, мемлекеттің зайырлы жүйесінен бас тартпауы, сыни тұрғыдан ойлай білуі және үгіт-насихат пен радикализмнен қорғана білуі қажеттігін көрсетеді.

§ 1.3 Этикалық кеңестер



§ 1.3.1 БЕЙТАРАПТЫҚ, ДІНДАРЛАРДЫҢ СЕЗІМІНЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУ

Халықаралық журналистер қауымдастығы бейтарап бола алмайтын журналистерге дінге қатысты мәселелерді жариялаудан бас тартуды ұсынады. Егер бейтараптықты сақтай алсаңыз және жеке сеніміңіз кәсіби жұмысыңызға араласпаса, онда бұл ұсыныстар жұмысыңызды әрі қарай сапалы орындауға көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандай, контексті, оның ішінде саяси, әлеуметтік және мәдени аспектілерді терең түсіну маңызды. Бұл оқиғаны сипаттауды ғана емес, олардың тарихи тамырын зерттеуді, сарапшылармен кеңесуді және дін мәселесін үстірт жариялаудан аулақ болуды меңзейді. Ерекше айта кететін жайт, діни рәміздерді немесе практикаларды қорлауы мүмкін әрекеттерді немесе мәлімдемелерді таратудан бас тарту қажет.

Діни мәселені құрметтей отырып, бейтарап жариялауды қолдау үшін діни контексте сыналатын пайымдаулар мен теріс коннотациялар мейлінше аз болуы маңызды. Бұл стигмалауға жол бермеу үшін анықтамаларды іріктеуге мұқият қарауды және терминдерді дұрыс қолдануды қамтиды. Белгілі бір дінді ұстанушылар туралы түсінікті бұрмалайтын жалпылама тұжырымдар мен стереотиптерді қолданудан сақ болыңыз. Сондай-ақ діни көшбасшылар мен діншілдерге құрметпен қарап, әділ болған жөн.

§ 1.3.2 ПІКІРЛЕРДІҢ ӘДІЛДІГІ ЖӘНЕ БАЛАНСЫ

Ақпаратты дәлме-дәл беруге назар аударыңыз. Дін туралы айтатын болсақ, жаратылыстану ғылымдары мен фактчек тұрғысынан растау мүмкін болмайтын ақпаратты таратамыз. Әр діни топтың өз қасиетті жазбалары бар, сондай-ақ жазбалардың мазмұны олар үшін даусыз факті. Қасиетті жазбалардың діни түсіндірмесі соңғы инстанциядағы ақиқат емес екені есте болсын, сондай-ақ өзіңіз де түсіндіруден аулақ болыңыз. Объектив түрде жариялау үшін діни көшбасшылардан бастап академиялық сарапшыларға, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен бастап мемлекеттік институттарға дейінгі әртүрлі дереккөзге жүгіну қажет.

§ 1.3.3 ҚҰҚЫҚТАР МЕН ЗАҢДАРДЫ САҚТАУ

Ең алдымен, құпиялық принципін сақтау және қатысушылардың келісімін алмастан жеке басына қатысты шетін мәліметтерді жария етпеу маңызды, өйткені олар бұл шешімнің салдары қандай болатынын аса түсінбеуі де мүмкін. Бұл діни көзқарасына қарамастан барлық адамның құқығын құрметтеуге және қандай да бір діни топқа қатысты кемсітуге не зорлық-зомбылыққа немесе олардың тарапынан зорлық-зомбылыққа шақырып арандатуға жол бермеуге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар заң аясында әрекет ету үшін барлық қажетті норматив пен ережені сақтауды қамтиды.

Бұл контексте хабардар болу мен оқу да маңызды рөл атқарады. Дін мәселесін жариялайтын журналистер мен контент-мейкерлер үнемі біліктілігін арттырып, бұл тақырыптағы жаңалықтарды зерттеп, діни ландшафт өзгерістерін қадағалап отыруы қажет.

Ақпаратқа қол жеткізу журналистикада маңызды рөл атқарғанымен, ол да бірқатар құқықтық және этикалық шектеуден тұрады. Егер журналист ақпаратты ашық дереккөзден таба алмаса, оған заңды жолмен қол жеткізуге күш салуы керек. Мысалы, егер дерекқорда белгілі бір іс туралы ақпаратты алуға рұқсат болмаса, журналист заңды процедуралар мен құпиялық ережелерін сақтай отырып, тиісті органдарға немесе агенттіктерге осы ақпаратты алуға сұрау салуы қажет. Бұл ретте авторлық құқықты сақтау – маңызды аспект. Интернеттегі суреттерді рұқсатсыз немесе тиісті атрибутсыз пайдалану авторлық құқықты бұзуға және заң алдында жауап беруге әкелуі мүмкін. Журналистер тиісті лицензиясы бар материалдарды пайдаланып немесе авторлардан олардың жұмыстарын пайдалануға рұқсат алып, осы мәселеге ерекше назар аударуға тиіс.

Аноним дереккөзді оны таратқан авторлар мәтіндерде көрсетілген мәліметтің ақиқат екенін растаған жағдайда ғана ескеру қажет. Әйтпесе, ол ақпарат заңсыз болып шықса, журналист жауапқа тартылуы мүмкін.

Тек діни білім негізінде пікір қалыптастыратын діни бірлестіктердің өкілдеріне ғана сілтеме жасамауға кеңес береміз. Оларға балама пікір ұсыну мақсатында салыстырмалы талдау аясында ғана жүгінуге болады. Түсініктеме немесе комментарий алу үшін сарапшыларға жүгіну болашақта қиындыққа тап болмауға көмектеседі. Материалдарды дайындау кезінде тыйым салынған ұйымдардың тізімін үнемі тексеріп отырыңыз. Оны Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталынан таба аласыз (<https://egov.kz>). Жарияланған мәтін мен материалға жазылған пікірлерді бақылап отырыңыз. Комментарийде зорлық-зомбылыққа немесе кемсітуге шақыруға жол бермеу керек. Егер комментарийлер БАҚ ресурсында жарияланса, қолданыстағы заңнамаға сәйкес пікір мазмұнына БАҚ редакциясы жауапты.

§ 1.3.4 ДЕРЕКТЕРДІ ТЕКСЕРУ

Журналистік жұмыста, әсіресе діни тақырыптарды жазу кезінде фактчек пен сенімді дереккөздің маңызды екенін естен шығармаған жөн. Бұл процестегі қателіктер елеулі қоғамдық дүмпу тудырып, жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Бастапқы және екінші дереккөзді ажырата білу маңызды. Материалды дайындау кезінде бірінші кезекте заңнамалық актілер мен қасиетті мәтін сияқты дереккөзді қолдану керек. Мақалалар мен шолулар, сондай-ақ уағызшылар мен теологтардың комментарийлері сияқты екінші кезектегі дереккөз қызықты болуы мүмкін, алайда қосымша тексеруді қажет етеді.

Сондай-ақ күндерді, атауларды, оқиға болған жер мен орынды мұқият тексеру қажет, әсіресе олардың діни не мәдени маңызы болса, баса назар аударған жөн. Қасиетті мәтіндерге сілтеме жасаған кезде сарапшылармен кеңесуді ұсынамыз.

§ 1.3.5 АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

■ Интернеттен алынатын ақпаратқа сенбеңіз, оған күмәнмен қарап, дәлел немесе терістеу іздеу керек.

■ Алғашқы алған әсерге сенбеңіз, сыни тұрғыдан ойлаңыз.

■ Әрдайым түрлі көзқарасты тексеріңіз, эмпатия мен цинизмді кезекпен ауыстырып отыруды үйреніңіз.

■ Жаңалықтардың құрамын эмоцияға берілмей бағалаңыз: тек қана фактіні, болған жағдайды айтыңыз.

■ Міндетті түрде қолыңыздағы дерек фейк болуы мүмкін екенін, шын мәнінде ондай ештеңе болмағанын ойша елестетіңіз.

■ Оқиға жағдайға тікелей тәуелді екеніне кәміл сенудің қажеті жоқ.

■ Адамдар қателесуі мүмкін екенін естен шығармаңыз.

Ақпаратты тескеру және фактчек жасау діни тақырыптарды жариялау кезінде ерекше маңызды, өйткені анық емес немесе бұрмаланған ақпарат оп-оңай кикілжің тудыруы мүмкін.

§ 1.4 Ақпаратты қайдан іздеу керек?

Алдыңғы тарауда біз сарапшының портретін ұсындық. Әр журналист пен контент-мейкердің жылдар бойы жиналып, жұмыс тәжірибесімен бірге толықтырылып отыратын дереккөздері бар. Діни сенім бостандығы мәселесін жариялау қазіргі діни доктриналар мен практикаларды білумен қатар, осы мәселелер талқыланатын құқықтық, әлеуметтік және мәдени контексті түсінуді де талап етеді. Сарапшыларға жүгіну шектеулі әрі мүмкін болмаған жағдайда, журналистер мен контент-мейкерлерге ақпаратты әлемдік негізгі дерек көздерінен іздеу ұсынылады.

§ 1.4.1 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҚҰЖАТТАР

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ АҚЖБД) және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (БҰҰ АСҚХП) – дін мен наным-сенім бостандығына құқықты бекітетін құжаттар.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның UNACT, UNODC, UNESCO, UNICEF және UNDP сияқты құрылымдық бөлімшелері діни сенім бостандығы және діндер мен наным-сенімдерге қатысты мәселелер бойынша ақпарат пен талдаудың маңызды дереккөзі болып саналады.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (OSCE) және ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы (ДИАҚБ) – адам құқықтарын қорғау жөніндегі стандарттар мен ұсынымдардың дереккөзі.

§ 1.4.2 ҰЛТТЫҚ ОРГАНДАР

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті (ҚР МАМ ДІК) – ресми ақпараттың негізгі дереккөзі; онда діни қызметті реттеуге қатысты баяндамалар, статистика және заңдар бар.

§ 1.4.3 ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР, АНАЛИТИКА ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

■ Америка Құрама Штаттары Халықаралық даму агенттігі (USAID), Германия Халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ), Америка Құрама Штаттары Бейбітшілік институты (USIP) және басқа да халықаралық ұйымдар ар-ождан бостандығы мәселесіне қатысты зерттеу жүргізіп, жобалар дайындайды.

■ Дін немесе сенім бостандығы жөніндегі солтүстік экуменика желісі (NORFORB), Діни жаңалықтар қауымдастығы (Religious News Association – RNA) және олардың Religion stylebook және Religion Link жобалары, Internews білім беру жобалары, Дін мәселелерін жариялайтын халықаралық журналистер қауымдастығы (IARJ), Халықаралық жаңалықтар агенттігі және талдау орталығы (Forum 18), Жаһандық терроризмге қарсы форум (GCTF), Байланыс нүктелерін іздеу (SFCCG), Шекарасы шектеусіз әйелдер (WwB), Халықаралық терроризмге қарсы күрес орталығы (ICCT), Pew Research Center: Дін және қоғамдық өмір (Pew Research), Діни жаңалықтар қызметі (Religion News Service), Гарвард университетінің плюрализм жобасы (The Pluralism Project), Әлемдік діндер жаңалықтары (World Religion News), Patheos, «BBC: Дін және этика» – әртүрлі конфессиялардың діни сенім бостандығы мен бейбіт өмір сүруі туралы өте пайдалы онлайн ресурстарды, жарияланымдар мен деректер базасын ұсынады.

Жоғарыда аталған дереккөздерді игеру әлемдік контекстегі діни сенім бостандығын зерттеу үшін жақсы бастама болады. Сыни тұрғыдан ойлауды және сенімді дереккөзден алынған болса да, ақпаратты тексеру қажет екенін есте сақтаңыз.

§ 1.4.4 САРАПШЫЛАР

■ **Дінтанушылар – дінді, оның тарихын, доктриналары мен практикаларын зерттеу саласындағы сарапшылар. Қайдан іздеу керек: академиялық мекемелер, ғылыми-зерттеу институттары, дінтану журналдарындағы жарияланымдар.**

■ **Дін әлеуметтанушылары діни қауымдастықтардың әлеуметтік және мәдени аспектілерін зерттеуге маманданады. Қайдан іздеу керек: университеттер, әлеуметтану саласындағы журналдар, әлеуметтік зерттеу орталықтары.**

■ **Дін психологтары дін мен діни мінез-құлықтың психологиялық аспектілерін талдайды. Қайдан іздеу керек: медицина университеттері, психология туралы журналдар, клиникалар.**

■ **Діни бірлестіктердің көшбасшылары – әртүрлі діни**

бірлестіктердің жетекші тұлғалары. Қайдан іздеу керек: ғибадатханалар, мешіттер, шіркеулер, синагогалар және діни ұйымдар.

■ Адам құқықтары жөніндегі белсенділер – діни сенім бостандығы мен діндар адамдардың құқықтарын қорғаушылар. Қайдан іздеу керек: ҮЕҰ, азаматтық ұйымдар, әлеуметтік медиа.

■ Діни мәселелер бойынша сараптама жасай алатын заң шығарушылар – заңнаманың діни аспектілеріне маманданған парламентарийлер. Қайдан іздеу керек: Парламент, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті, заң шығарушы органдардың ресми сайттары.

■ Діни мәселелер бойынша сараптама жасай алатын журналистер – дінтану саласындағы академиялық немесе кәсіби бэкграунды бар журналистер. Қайдан іздеу керек: мәдени және діни тақырыптарға баса назар аударатын БАҚ, академиялық жарияланымдар.

Осы сарапшылар санатының әрқайсы академиялық зерттеуден бастап, азаматтық қоғам мен мемлекеттік басқару жұмысына дейінгі әртүрлі саладағы діни мәселеге ерекше көзқарас ұсына алады. Спикердің шынында да маман екенін, әсіресе дінтану сияқты шетін және жан-жақты сала маманы екенін анықтау үшін бірқатар критерий мен ерекшелікті ескеру қажет.

§ 1.4.5 САРАПШЫ- ДІНТАНУШЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТА КӨМЕГІ ТИЕТІН НЕГІЗГІ АСПЕКТИЛЕР

■ Білім және тәжірибе. Академиялық дәрежесіне, жарияланымдарына, дәрістеріне, конференциялар мен ғылыми жобаларға қатысуына назар аударыңыз.

■ Ұсыныстар. Осы саладағы әріптестер мен басқа да мамандар сарапшының біліктілігі туралы құнды кері байланыс бере алады.

■ Мамандануы. Дінтану – аясы кең сала. Сарапшының нақты қандай салада маманданғанын анықтаңыз.

■ Көзқарас икемділігі. Сарапшының сұрақтарды қатаң догмаларды ұстанбай-ақ әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастыруы маңызды.

■ Үнемі өз бетінше білім алу. Дінтану, көптеген басқа ғылымдар сияқты үнемі дамып келеді. Сарапшы әрқашан өз саласындағы соңғы тенденциялардан хабардар болуы керек.

■ Сарапшымен жұмыс істегенде, оның ойы көзқарасыңызға сәйкес келмесе де, пікірін құрметтеңіз. Өзара сыйластық пен түсінісу – тиімді ынтымақ кепілі.

1-ҚОСЫМША

Өзіңді тексеруге арналған жаднама

БОЛАДЫ

■ Жариялауға мұқият дайындалыңыз – тақырып туралы жақсы білетініңізге және жеткілікті дереккөзіңіз бар екеніне көз жеткізіңіз; дін мамандарымен немесе сарапшылармен кеңесіңіз.

■ Объективті болыңыз – пікірлер балансын сақтаңыз; талқыланатын барлық діни және діни емес топ өкілдеріне сөз беруге тырысыңыз.

■ Ақпаратты тексеруден өткізіңіз, тек сенімді дереккөзден алынған ақпаратты пайдаланыңыз, әсіресе статистиканы мұқият тексеріңіз.

■ Дұрыс терминология – діни практикалар туралы әңгіме болғанда дұрыс және бейтарап терминдерді қолданыңыз.

■ Дәйексөз – тақырыпты тереңірек зерттеу үшін сарапшылармен кеңесіңіз; дінтанушы мен дін қайраткерінің сөзін келтіре отырып, бұл әртүрлі саланың өкілдері екенін, сондай-ақ олардың терминологиясы әртүрлі болуы мүмкін екенін есте сақтаңыз.

■ Этика нормалары – журналистік этиканы сақтаңыз және діндарлардың сезімін құрметтеңіз; қорлау немесе кемсіту ретінде қабылдануы мүмкін сөз орамдарынан аулақ болыңыз; мәлімдемелерде үзілді-кесілді пайымдаудан аулақ болыңыз.

■ Контекст – оқырман, тыңдаушы немесе көрермен оқиғаның жалпы көрінісін түсінуі үшін контекст туралы жеткілікті ақпарат беріңіз.

Бұл жаднама Қазақстандағы ғана емес, әлемдегі діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі мәселесін жариялау кезінде жиі кездесетін қателерден аулақ болуға, сондай-ақ жоғары стандарттарды сақтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, діндер мен наным-сенімдерге қатысты тақырыпты терең түсінуді және олардың сезімталдығын ескере отырып, зайырлы әрі бейтарап көзқарастың маңызды екенін атап өткіміз келеді. Біз барлық контент-мейкер әртүрлі діни және діни емес топтар арасында түсінісу мен құрметпен қарауға ықпал ету үшін ақпараттың дәлдігі мен ақиқат болуын қамтамасыз етуге ұмтылуға тиіс деп есептейміз. Ұсынылған принциптер мен ұсыныстарды қолдану әділ медиа кеңістіктің қалыптасуына ықпал етеді деп сенеміз.

БОЛМАЙДЫ

■ Драманың қажеті жоқ – діни тақырыптарды жариялауда сенсация қуудан аулақ болыңыз; назар аударту үшін фактілерді бұрмаламаңыз немесе контекстен дәйексөздерді ғана іріктеп алмаңыз.

■ Қандай да бір тарапты қолдамаңыз – қандай да бір діни немесе діни емес топқа оң қабақ таныудан аулақ болыңыз.

■ Баға беруге тырыспаңыз – баға беріп, түсіндіру тізгінін сарапшыларға беріңіз; діни немесе діни емес топтар туралы біржақты пікірді қолданудан аулақ болыңыз.

■ Өз көзқарасыңызды таңбаңыз; сіздің міндетіңіз – миссионерлік ету немесе насихаттау емес, ақпарат беру.

■ Азшылық пікірін елеусіз қалдырмаңыз – контексте аз болса да, кез келген діни топтың пікірі маңызды, бұл демократия принципі; тек бір дереккөзбен және көзқараспен шектелмеңіз.

■ Діни дебаттар – өте сезімтал тақырып болғандықтан, кликбейт жасап, пікірталас пен жанжал туғызбаған жөн.

■ Стереотиптерден аулақ болыңыз – күрделі діни мәселелерді стереотиптер мен клишелер деңгейіне дейін жеңілдетуге тырыспаңыз, стигмалаудан сақ болыңыз.

Әртүрлі діни және діни емес топтар арасында толеранттық пен құрметке қол жеткізу мемлекет, діни қауымдастықтар мен азаматтық қоғам тарапынан күш-жігерді қажет етеді. Білім беру бағдарламалары, мәдени іс-шаралар, қоғамдық форумдар мен диалогтар әртүрлі діндер мен мәдениеттер туралы білімнің кеңеюіне, сондай-ақ әртүрлі пікір мен нанымдарды құрметтеуге ықпал ете алады. Сонымен қатар дін саласындағы заңнама мен саясаттың ар-ождан және діни сенім бостандығының халықаралық стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету маңызды.

Сыни тұрғыдан ойлауға, медиасауатқа және азамат ретінде өз құқықтары мен міндеттерін білуге үйрету адамдарға жағымсыз әсерден қорғануға және өзінің, сондай-ақ басқалардың діни көзқарасы мен руханиятына қатысты саналы шешім қабылдауға көмектеседі. Сайып келгенде, инклюзив және толерантты қоғам құру – Қазақстанның барлық тұрғынына ортақ міндет.


ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ПЕН ДЕРЕККӨЗ:

1. Чип Хиз и Дэн Хиз, книги «Сделано, чтобы прилипнуть», «Сила момента», «Переключайтесь», «Ловушки мышления» и «Сердце перемен»: Издательство «МИФ».
2. Бородин Андрей Михайлович, диссертация «Политические проблемы современного терроризма»: Шифр хранения в РГБ: OD 61 02-23/93-2.
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті (ҚР МАМ ДІК) [<https://www.gov.kz/memleket/entities/din?lang=ru>].
4. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ АҚЖБД): [<https://www.un.org/ru/universal-declaration-human-rights/>].
5. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (БҰҰ АСКХП): [<https://www.ohchr.org/ru/professionalinterest/pages/ccpr.aspx>].
6. Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы (ЕҚЫҰ ДИАҚБ): [<https://www.osce.org/odihr>].
7. БҰҰ: [<https://www.un.org/>].
8. ЕҚЫҰ: [<https://www.osce.org/>].
9. USAID: [<https://www.usaid.gov/>].
10. GIZ: [<https://www.giz.de/>].
11. USIP: [<https://www.usip.org/>].
12. NORFORB: [<https://www.forb-learning.org/>].
13. Religion News Association: [<https://rna.org/>].
14. The Religion Stylebook: [<https://religionstylebook.com/>].
15. Religion Link: [<https://www.religionlink.com/>].
16. Internews: [<https://www.internews.org/>].
17. IARJ: [<https://www.theiarj.org/>].
18. Forum 18: [<https://www.forum18.org/>].
19. GCTF: [<https://www.thegctf.org/>].
20. SFCG: [<https://www.sfcg.org/>].
21. ICCT: [<https://icct.nl/>].
22. Pew Research Center: [<https://www.pewresearch.org/>].
23. Religion News Service: [<https://religionnews.com/>].
24. The Pluralism Project: [<https://pluralism.org/>].
25. World Religion News: [<https://www.worldreligionnews.com/>].
26. Patheos: [<https://www.patheos.com/>].
27. BBC: Религия и этика: [<https://www.bbc.co.uk/religion>].
28. Religion News Service: [<https://religionnews.com/>].
29. Women without Borders (WwB): [<https://wwb.org/>].





ДИНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ

ЭТИКА
НОРМАЛАРЫ

БЕЙТАРАП
БОЛЫҢИЗ,
ДИНДАРЛАРДЫҢ
СЕЗІМІН
ҚҰРМЕТТЕҢІЗ



ДИНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ
БІР ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ
КЕҢІСТІКТЕ БІРНеше ДІНИ
ТОПТЫҢ, ТҮРЛІ КОНФЕССИЯ
МЕН ДОКТРИНАНЫҢ БОЛУЫ



ДИНИ СЕНИМ
БОСТАНДЫҒЫ


ӘР АДАМНЫҢ
ЕШ КЕДЕРГІСІЗ
ЖӘНЕ ЕРКІН КЕЗ
КЕЛГЕН ДІНДІ
ТАҢДАУЫ ЖӘНЕ
ҰСТАНУЫ

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ
БЕЛГІСІ

ЗАҢ АЛДЫНДА
БАРЛЫҚ ДІН
МЕН ДІНИ
БІРЛЕСТІКТІҢ
ТЕҢ БОЛУЫ

АР-ОЖДАН
БОСТАНДЫҒЫ

ӘР АДАМНЫҢ
ДИНДІ ҰСТАҢУ НЕ
ҰСТАНБАУ,
ФИБАДАТ ЕТУ,
ЖОРАЛАРДЫ
ЖАСАУ-ЖАСАМАУ
ҚҰҚЫҒЫ



ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУ

ТАРАТҚАН

ДИНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ДІНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫН МЕДИАДА ЖАРИЯЛАУДЫҢ ЗАҢДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

You Tube telegram whatsapp facebook
Instagram..facebook Instagram You
TikTok| facebook
whatsapp TikTok ! |
telegram You Tube whatsapp !!facebook
• You Tube | telegram &
j! whatsapp TikTok|
"telegram &! Instagram
facebook! whatsapp
TikTok !:
"telegram &
| facebook
• Instagram
You Tube
Instagram
Instagram | You Tube j! & whatsapp .TikTok.
Instagram "telegram &! facebook..
... You Tube ... telegram! whatsapp
!!facebook" TikTok
• Instagram You Tube j! whatsapp
You Tube! : facebook .. telegram
Instagram facebook!
whatsapp!! Instagram
!! : telegram|
j facebook . You
!! "telegram & ..
!! whatsapp!
?| facebook

Жер беті тұрғындарының көп бөлігі белгілі бір дінді ұстанады. Ғалымдар зерттеп білген ағымдардың саны 10 000-ға жетеді. Әрине, бұл салада болып жатқан оқиғалар туралы сауатты жазу – оңай жұмыс емес.

Журналистикадағы діни тақырыпты оңай әрі айқын деп есептеуге болмайды. Әдетте, жарияланымның әділ әрі бейтарап болуы үшін репортер көптеген әдебиет пен заңды зерттеуі қажет. Сенімді дереккөзді пайдалану, эмоцияға берілмеу және сыни тұрғыдан ойлау маңызды. Сонымен қатар өшпенділік тіліне жол бермеу, сотқа жеткізбеу, оқырманға ақпаратты тиімді жеткізу үшін діни терминдерді мұқият қолдану қажет. Ең бастысы, журналист діни сенім бостандығы саласын реттейтін негізгі заңдарды білуі өте маңызды.

Нұсқаулықтың журналистерге арналған осы бөлімінде біз ұлттық стандарттар мен халықаралық нормаларға ден қоя отырып, діни тақырыпты жариялауға қатысты заңнамалық нормаларды, сондай-ақ сотқа тартуға жол бермеу және төзуге болмайтын лексиканы пайдаланбау туралы кеңестерді жинақтауға тырыстық.

§ 2.1 Діни сенім бостандығы аясындағы негізгі халықаралық құжаттар мен Қазақстанның ұлттық заңнамасына шолу



Ресми түрде Қазақстан заңнамасы Конституцияда, оған қоса халықаралық құжаттар мен келісімдерде бекітілген діни сенім бостандығына құқыққа кепілдік береді.

Ал негізгі халықаралық құжаттарға Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (1966), Дін немесе наным-сенім негізіндегі төзбеу мен кемсітудің барлық түрін жою туралы декларация (1981), Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция жатады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 18-бабына сәйкес, «әр адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп ұстанып, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды»¹.

2005 жылы Қазақстан Парламенті Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялады, онда «әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп ұстану бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды» деп көрсетілген (18-баптың 1-тармағы).

Бұл елге және оның азаматтарына не береді? Пактіге Факультативтік хаттаманы ратификациялай отырып, ел осы арқылы өз азаматтарының БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетіне (БҰҰ АҚК) жеке шағымдармен жүгіну құқығын мойындайды және тиісінше БҰҰ АҚК ұсынымдарын

өзінің заңнамасына және құқық қолдану практикасына имплементациялау бойынша саяси міндеттемелерді мойнына алады².

Бұл жерде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың еліміздің заңдарынан басым екенін атап өту маңызды, бұл туралы Конституцияның 4-бабында айтылған.

АСҚХП-ның 18-бабы

1. Әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп ұстану бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

2. Ешкім дінге сену немесе дін мен наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін кемітетін мәжбүрлікке ұшырамауға тиіс.

3. Дінге сену немесе наным-сенімдерін тұтыну еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңда белгіленген шектеулермен ғана шектелуге тиіс.

4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың, тиісті жағдайларда заңды қамқоршылардың балаларына өзінің наным-сенімдеріне сай діни және имандылық тәрбиені қамтамасыз ету бостандығын құрметтеуге міндеттенеді³.

Діни сенім бостандығы құқығына кепілдік беретін тағы бір маңызды құжат – 1981 жылғы 25 қарашадағы Дін немесе наным-сенім негізіндегі төзбеу мен кемсітудің барлық түрін жою туралы декларация. **«Әрбір адамның ой, ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық өз таңдауы бойынша кез келген сипаттағы дінге немесе наным-сенімге ие болу бостандығын және өз дінін ұстану бостандығын және дін ғұрыптарын ұстануда, діни және салттық дәстүрлер мен оқуларды орындауда жария түрде немесе жеке тәртіпте дербес немесе өзгелермен бірігіп, наным-сенімін білдіру құқығын қамтиды».** Дін немесе наным-сенім негізіндегі төзбеу мен кемсітудің барлық түрін жою туралы декларация міндетті мәртебеге ие болмаса да, БҰҰ-ның ресми құжаты екенін атап өткен жөн.

¹ https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml

² <https://kkassiyet.wordpress.com/intdocs/undocs/decisionsuncom/#ccpr>

³ https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml

Діни сенім бостандығының кепілдіктері Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенцияда да көрсетілген. 9-баптың тұжырымдары АСҚХП-ның 18-бабында қолданылған тұжырымдарға ұқсас: **«Әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп ұстану бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау,**

құдайға құлшылық ету, ілім, діни және наным-сенім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды. Дінге сену немесе наным-сенімдерді тұтыну еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңда белгіленген шектеулермен ғана шектелуге тиіс».

Келесі маңызды құжат – БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің Жалпы тәртіптегі ескертулері. Бізді 1993 жылы 20 шілдеде ұсынылған №22 (48) «Ой, ар-ождан және дін бостандығы» деген ескерту қызықтырады. Мұндай құжаттардың мақсаты не және қандай пайдасы бар? Ол көптеген баяндамада аталған кемшіліктерге мемлекеттердің назарын аудару, сондай-ақ баяндамаларды ұсыну рәсімін жақсарту жөніндегі шараларды ұсыну және адам құқықтарын жүзеге асыруға және қорғауға жәрдемдесу саласындағы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қызметін ынталандыруды көздейді.

Ескертуде былай дейді: «18-баптың 1-тармағында көзделген ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына (наным-сенім бостандығын қоса алғанда) құқық өте кең және терең; ол барлық мәселе бойынша ой-пікір бостандығын, сондай-ақ адамның көзқарасын және жеке өзі, сонымен қатар басқа адамдармен бірігіп дінді немесе наным-сенімді ұстануын қамтиды. Комитет қатысушы мемлекеттерге назарын ой-пікір бостандығы мен ар-ождан бостандығы дін мен сенім бостандығы сияқты дәрежеде қорғалатынын ескертеді». Сондай-ақ Комитет төтенше жағдай кезінде де бұл нормадан ауытқуға жол берілмейтінін атап өтті.

Құжатта атеистік емес және атеистік нанымдарды қорғау, сондай-ақ ешқандай дінді немесе нанымды ұстанбау құқығы ерекше атап өтілген.

Осылайша, **«сенім» және «дін»** ұғымдарын кеңінен түсіндіріп, дәстүрлі діндер мен нанымдармен шектелмеу қажет. Осыған байланысты Комитет Ескертуінде «кез келген негізде, соның ішінде олар жаңадан құрылғандықтан немесе оларды басым діни қауымдастық дұшпандықпен қарауы мүмкін діни азшылық топтар ұстанғандықтан, кез келген діндер мен діни сенімдерді кемсітудің кез келген тенденциясы бізді алаңдатады» деп көрсетеді.

Сондай-ақ, Комитет ой-пікір, ар-ождан, дін немесе наным-сенім бостандығы мен дінді немесе наным-сенімді ұстану еркіндігінің ара-жігін ажыратады. Ол бұл мақалада ой-пікір және ар-ождан бостандығына немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігіне ешқандай шектеу қоюға жол бермейді деп көрсетеді. Ешкім өз ой-пікірін немесе осы немесе өзге дінді немесе наным-сенімді ұстанатынын ашуға мәжбүр бола алмайды.

Тағы бір маңызды мәселе – дінді немесе наным-сенімді ұстану бостандығы «жеке немесе басқалармен бірігіп, қоғамдық немесе жеке тәртіппен» жүзеге асуы мүмкін. Сонымен қатар, осы не өзге дінге немесе наным-сенімге байланысты практика мен ілім, мысалы, семинарияларды немесе діни мектептерді еркін құру және діни мәтіндер мен басылымдарды еркін құрастыру, сондай-ақ тарату сияқты діни жетекшілердің, діни қызметкерлер мен уағызшылардың еркін тағайындауларымен тығыз байланысты қамтиды.

Қорытындылай келе, Комитет дінге немесе наным-сенімге «сену немесе оларды қабылдау» бостандығы міндетті түрде дінді немесе наным-сенімді таңдау еркіндігін, соның ішінде оларды өзгерту немесе атеистік көзқарастарды ұстану құқығын, сондай-ақ өз дінін немесе нанымдарын ұстануды жалғастыру құқығын білдіреді. Дінге немесе наным-сенімге сену немесе оларды қабылдау құқығын кемсітетін зорлыққа мәжбүрлеуге, **соның ішінде діндарларды немесе дінге сенбейтіндерді қандай да бір діни наным-сенімдерді немесе көзқарасты ұстануға, өз дінінен немесе наным-сенімдерінен бас тартуға немесе оларды басқаларға ауыстыруға мәжбүрлеу мақсатында физикалық күш не қылмыстық санкциялар қолдануға немесе қолданумен қорқытуға тыйым салынады.** Осындай мақсатты көздейтін саясат немесе практика – мысалы, білімге, медициналық көмекке, жұмысқа орналасуға немесе пактінің 25-бабында және басқа ережелерінде кепілдік берілген құқықтарға қол жеткізуді шектеу де 18-баптың 2-тармағына сәйкес келмейді. Кез келген діни емес наным-сенімдерді ұстанатындарға да дәл осындай қорғау кепілдігі беріледі.

Осылайша, ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығы құқығы әркімнің жеке сеніміне қатысты барлық мәселені қамтиды. Бұл құқық тек діндар адамдарды ғана емес, атеистерді, агностиктерді, скептиктерді және дінге сенбейтіндерді де қорғайды.

Діни сенім бостандығына кепілдіктер басқа да көптеген маңызды халықаралық құжатта бар. Мысалы, Бала құқықтары туралы конвенцияның 14-бабында:

Қатысушы мемлекеттер баланың ойлау, ар-ождан және дін бостандығына деген құқығын құрметтейді.

Қатысушы мемлекеттер ата-анасының және тиісті жағдайларда заңды қамқоршылардың баланың дамып келе жатқан қабілетіне сәйкес келетін әдісін жүзеге асырудағы балаға басылық ету құқықтары мен міндеттерін құрметтейді.

Өз дінін немесе наным-сенімін уағыздау бостандығы заңда белгіленген және мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың рухани ізгілігі мен денсаулығын қорғау немесе басқа да адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін ғана қажетті шектеулерге әкеп соғуы мүмкін»⁴.

Сондай-ақ діни сенім бостандығы құқығына кепілдіктер егжей-тегжейлі баяндалып түсіндірілген бірқатар өңірлік құжат бар. Бұл Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропалық конвенция (Қазақстан Еуропа Кеңесінің мүшесі емес), Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы хартиясы, сондай-ақ ЕҚЫҰ аясындағы құжаттар, ЕҚЫҰ-ның жетекші принциптері (Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актісі), ЕҚЫК-ның Адами өлшем жөніндегі конференциясы Копенгаген кеңесінің құжаты.

Жоғарыда аталған барлық құжат діни сенімге кепілдіктер мен оның жол берілетін шектеулеріне қатысты халықаралық стандарттарды жақсы түсіну үшін қажет.

⁴https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml

Қандай жағдайда діни бостандық құқығы шектелуі мүмкін?

Мемлекет діни саладағы қауіпсіздік мәселесіне аландамайды деп ойлау қиынсыз. Кейінгі жылдардағы оқиғаларды ескерсек, бұл экстремизм мен терроризм қаупімен тығыз байланысты. Алайда зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясат азаматтың діни сенім бостандығына конституциялық құқығын бұзбауы және елдің зайырлы сипатына қайшы келмеуі керек. Шектеулер заңда қатаң белгіленуі және діни бостандық құқығына нұқсан келтірмейтіндей қолданылуы қажет.

Мәселен, Халықаралық пактінің бірқатар бабы мен негізгі халықаралық құжаттар діни контексте адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз болады.

Сиракуза принциптері бойынша бұл критерийлер:

- **заңда бекітілген;**
- **көкейтесті қоғамдық немесе әлеуметтік қажеттілікке жауап беретін;**
- **демократиялық қоғамдағы заңды мақсатты көздейтін, яғни ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тыныштық мүддесін, тәртіпсіздік пен қылмыстың алдын алуды, денсаулық пен адамгершілікті сақтау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын;**
- **заңды мақсатқа пропорционал шектеулер адамның құқықтары мен бостандығының рұқсат етілген шектеулері болып саналады⁵.**

Мұндай нормалар ұлттық заңнамада да көрсетілген. Мәселен, Қазақстан Конституциясының 39-бабы «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» деп бекітеді. Бұл шектеулер халықаралық құқықта танылған рұқсат, қажеттілік және пропорционал критерийлерге сәйкес келуге тиіс.

§ 2.2 Ұлттық заңнамаға шолу

Ұлттық заңнама бізге дін саласында қандай бостандық пен кепілдіктер береді?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы⁶.

§2.2.1 ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Конституцияның кіріспесіндегі мемлекеттің зайырлылығы туралы ереже өте көп сұрақ туғызады. Діни сенім бостандығы саласындағы белгілі сарапшы, Конституциялық соттың судьясы Роман Подопритораның пікірінше, «әртүрлі елдердің заңнамасында зайырлы мемлекет деп нені түсіну керектігі туралы түсінік жоқ екенін атап өткен жөн. Әдетте

⁵ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O8500000001>

⁶ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>

зайырлы не секуляр деп те аталатын мемлекеттерге діни бірлестіктер саяси қызметке, мемлекеттік органдарды құруға қатыспайтын, мемлекеттік қызметті орындамайтын, қоғамдық салада елеулі дәрежеде шектеуі бар мемлекеттер жатады. Зайырлы мемлекет ұғымы діни ұйымдарды мемлекеттен бөлу принципімен тығыз байланысты жайттар жиі кездеседі, дегенмен бұл қағида заңында бекітілмеген мемлекеттер зайырлы мемлекет болып саналады. Әр мемлекетте зайырлылық ұғымының өзіндік ерекшелігі бар. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында зайырлылық деп діни бірлестіктердің мемлекет ісіне араласпауы, діни бірлестіктердің мемлекеттік қызметті орындауына тыйым салу, мектепті діни бірлестіктерден бөліп қарау, діни негізде саяси партияларды құруға жол бермеу түсінігі кіреді (Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы: Қазақстан Республикасының заңына түсініктеме (Р.А. Подопригора, 2007ж. 4-басылым., қайта өңделген және толықтырылған)⁷.

ҚР Конституциялық кеңесінің 2002 жылғы 4 сәуірдегі қаулысының 4-тармағында мұны былайша айқындайды: «Конституцияның 1-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттің зайырлы сипаты діннің мемлекеттен бөлінуін білдіреді. Бұл аталған норма-принцип өзге конституциялық нормаларда нақты түсіндіріледі. Конституцияның 5-бабының 1-тармағына сәйкес, қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігіп кетуіне жол берілмейді. Конституцияның 14-бабына сай заң алдында жұрттың бәрі тең, бұл, зерделеу нысанына қатысты қолданыста, барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей екенін, кейбір діндер мен діни бірлестіктерге басқаларға қарағанда қандай да бір артықшылық жасалуына жол берілмейтінін, дінге көзқарасына, нанымына байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынатынын білдіреді».

Осылайша, **зайырлылық принципі мемлекеттің діни догмалардан бөлінуін білдіреді, бірақ бұл діни бірлестіктерді қоғамдық өмірден алып тастау деген сөз емес. Бұл жерде зайырлылық дінмен күресуді білдірмейтінін түсіну маңызды: ол діни сенім бостандығын білдіреді.**

Еліміздің Конституциясы әрбір адамға ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік береді, атап айтқанда, 22-бапта «әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс» деп көрсетілген.

Ар-ождан бостандығы туралы бұл конституциялық норма «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы ҚР заңында дамытылады және нақтыланады, заңның кіріспесінде: «Осы заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни

⁷ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1017578&pos=52;-40#pos=52;-40

нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» делінген⁸.

Діни бірлестіктер деп Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігін тану қажет.

Еліміз жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктерді құру құқығын береді.

Жергілікті діни бірлестік – кемінде 50 азаматтың бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік.

Өңірлік діни бірлестік деп кемінде екі жергілікті діни бірлестіктің бастамасы бойынша құрылған, жалпы саны кемінде Қазақстан Республикасының 500 азаматынан тұратын діни бірлестік танылады.

Республикалық діни бірлестік деп барлық облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстанның кемінде 5000 азаматының бастамасы бойынша құрылған, олардың әрқайсында кемінде 300 азамат болатын, сондай-ақ еліміздің барлық аумағында құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар діни бірлестік танылады.

Заңның 15-бабында діни бірлестіктердің міндетті мемлекеттік тіркеуден өтуі көзделген.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің дерегі бойынша, 2023 жылдың бірінші тоқсанында 3924 діни бірлестік пен олардың филиалы тіркелді⁹.

Ел аумағында дінді таратудағы азаматтардың белсенділігі миссионерлік қызмет деп аталады. Бірақ Қазақстан азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тіркеуден өткеннен кейін ғана бұл қызметпен айналыса алатынын есте ұстаған жөн.

Заңнаманың маңызды тармақтарының бірі діни әдебиеттерді, материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған. Заңда бұл процедураның егжей-тегжейлі тәртібі көрсетілген: тек ғибадат жасау орындарында, діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда ғана таратуға жол беріледі.

Әр атаудың бір данасындағы жеке пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды әкелуді дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін тіркелген діни бірлестіктер ғана жүзеге асырады.

⁸ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000483>

⁹ <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/455475?lang=ru>

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды әзірлеуге, шығаруға және таратуға да дінтану сараптамасын өткізу қажет. Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпаратты дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана таратуға жол беріледі.

Алайда діни қызмет туралы заңнамада әртүрлі норма көп болғандықтан, күрделі проблемалар да бар екені анық. Олардың біразы мынадай:

■ **тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тыйым салу және діни бірлестіктерді құруға және тіркеуге қатысты күрделі процедуралар (заңның 13 және 14-бабы);**

■ **діни әдебиетке, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарға, діни бірлестіктердің жарғыларына, миссионерлік қызметте пайдаланылатын материалдарға және т. б. дінтану сараптамасы (6-бап);**

■ **миссионерлік қызметті міндетті тіркеу (8-бап);**

■ **діни әдебиеттер мен діни мақсаттағы заттарды таратуға байланысты шектеулер (9-бап).**

Олардың кейбірін қарастырайық.

«Қазақстан Республикасындағы құқықтық нормаларды талдай отырып, діни сенім бостандығы жағдайына шолу» аналитикалық баяндамасында сарапшылар мемлекеттің шамадан тыс басқаруын, діни бірлестіктерді міндетті тіркеу, мектептерде діни себептер бойынша арнайы киім киюге тыйым салу, діни әдебиеттерді таратумен, миссионерлік қызметпен және дінтану сараптамасын жүргізумен байланысты проблемаларды да атады¹⁰.

Демек, тіркеуге байланысты жоғарыда аталған нормалар негізінен кемсітуге жатады. Қазақстандағы Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюро 2022 жылғы наурызда дайындаған «Кейбір негізгі белгілер бойынша ҚР заңнамасында кемсіту нормаларының болуы туралы аналитикалық жазба» құжатында сарапшылар осындай қорытындыға келеді:

«Адамдардың діни негізде құрған бірлестіктері олардың қызметіне мемлекет тарапынан рұқсат бермегендіктен ғана заңды өмір сүру құқығынан айырылады. Қазақстанда тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне де тыйым салынған. Бірақ сонымен бірге әртүрлі қоғамдық құрылымдар бар, соның ішінде тіркелмей-ақ қызмет ететін үкіметті жақтаушы құрылымдар: Nur Otan партиясының жақтаушылар лигасы (билік партиясы, қазір Аманат – авт.), Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жанындағы партияаралық кеңес, әртүрлі мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестер және т.б. бар. Осылайша, діни бірлестіктердің басқа ұжымдық құрылымдармен жағдайы тең емес»¹¹.

2014 жылы БҰҰ-ның Дін бостандығы немесе наным-сенім мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашысы Хайнер Билефельдт Қазақстан Республикасына

¹⁰ https://belief.cabar.asia/wp-content/uploads/sites/8/2023/04/Report-ru_updated_1304.pdf

¹¹ https://bureau.kz/analiz/tekushii_analiz_zakonodatelstva_analiticheskaya-zapiska-o-nalichii-diskriminatsionnyh-norm-v-zakonodatelstve-respubliki-kazahstan-po-nekotorym-osnovnym-priznakam/

ресми сапармен келіп, сапар нәтижесі бойынша ар-ождан бостандығы мен дінді қорғау саласындағы қазақстандық заңнама мен құқық қолдану практикасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жөнінде тұжырымдары мен ұсынымдары туралы баяндама жариялады. Ол, негізінен, «2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда дін немесе сенім бостандығының халықаралық стандарттарына қайшы келетін шектеуші элементтер бар екенін атап өтті. Ең айқын мәселе діни бірлестікті міндетті түрде ресми тіркеуге қатысты болды. Діни қауымдастықта мұндай мәртебенің болмауы оның «заңсыз» екенін білдіреді, бұл дін бостандығы немесе сенім-наным құқығын жүзеге асыруға теріс әсер етеді. Сонымен қатар, тіпті ресми түрде тіркелген қауымдастықтар да құқықтық белгісіздіктен зардап шегеді, атап айтқанда, бұл рұқсат етілген діни қызметтің алдын ала анықталған мәселелер мен өңірлік шекаралармен ресми шектелуіне байланысты. Жалпы алғанда, 2011 жылғы заң дін бостандығының негізгі аспектілерін жүзеге асыру үкіметтің нақты мақұлдауына байланысты деген болжамға негізделген, нәтижесінде әдетте адам құқықтары контекстінде түсінетін бостандық пен шектеулер арасындағы байланыстың мәні өзгереді».

Арнайы баяндамашының негізгі ұсынысы 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға елеулі түзетулер енгізу» қажет екеніне тірелгенін айта кету керек.

«Қазақстан: 2022 жылғы Діни сенім бостандығы туралы халықаралық баяндама» жыл сайынғы есебінің авторлары да осындай қорытындыға келеді. Сарапшылар үкіметті діни қауымдастықтарды тіркеу кезінде ауыр талаптардан бас тартуға және діндарлардың діни рәсімдерді орындау мүмкіндігін кеңейту үшін «Діни қызмет туралы» заңды одан әрі жетілдіру бойынша басқа да шаралар қабылдауға шақырады¹².

Халықаралық-құқықтық актіге қайшы келетін міндетті тіркеу туралы заңнаманың ережесінде мемлекеттік тіркеуден өтпеген ұйым жұмыс істей алмайтыны туралы айтылған.

«Діни қызмет туралы» заңның дау туғызатын тағы бір нормасы – 9-бап, яғни «Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар». Мұнда «діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі» деп айтылған.

Діни әдебиеттерге діни рәсімдер мен оқытуда қолданылатын материалдар, мысалы, Құран, Библия, дін саласындағы ғалымдардың еңбектері жататынын атап өткен жөн. Діни мазмұндағы басқа ақпараттық материалдарға мерзімді басылымдар, күнтізбелер, плакаттар, анықтамалықтар және т.б. жатады және мұнда басты мәселе діни әдебиеттер, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар немесе діни мақсаттағы заттар деп нақты нені тану керектігін, сондай-ақ бұл нормалар интернет кеңістікте қалай жұмыс істейтінін түсіну өте маңызды.

Сонымен қатар сараптамадан өтпеген діни әдебиетті таратқаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 490-бабы бойынша жауапкершілік көзделген және ол бойынша практика әртекті.

¹² <https://kz.usembassy.gov/ru/kazakhstan-2022-international-religious-freedom-report/>

Қарапайым азаматтар дінді насихаттау мақсатында емес, қаржылық пайда табу мақсатында Құран немесе Библияны OLX, satu.kz сияқты сайттарда сатқаны үшін жауапқа тартылады. Кітапты 5000 теңгеге сатуға шығарып, мемлекетке 100 000 теңге айыппұл төлеуге мәжбүр. Мәселен, Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған соты жоғарыда аталған бап бойынша журналистке 153 150 теңге айыппұл салу туралы шешім шығарды. «Діни мазмұндағы материалды таратқаным үшін маған айыппұл салынды. Мен өз басылымымның сайтында және әлеуметтік желілерде жариялаған бас имаммен сұхбатты судья діни материал деп таныды. Сұхбатта бас имам Құрбан Айт мерекесі, осы мереке кезіндегі дәстүрлері туралы әңгімелейді. Бұған қоса менің қолымда екі сараптама бар, олардың қорытындысы бойынша сұхбатта таратуға кедергі болатын ештеңе жоқ», – деп хабарлайды «Sputnik Қазақстан» газетіне журналист¹³.

§ 2.2.2 ДІНИ САРАПТАМА РӘСІМІ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Сараптама «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 6-бабымен және дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларымен реттеледі¹⁴.

Әдетте, бұл процеске қажет болған кезде мемлекеттік орган өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, діни қызмет саласында арнайы білімі және (немесе) жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар қатысады.

Ережеге сәйкес сараптама:

1. Объект мазмұнының нақты діни ілімге тиесілі екенін айқындау, діни көзқарастар мен ғибадат ету практикасының ілімді ұстанушыларға және қоғамның өзге мүшелеріне теріс ықпал ету ықтималдығына баға беру;

2. Діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарын қарау кезінде діни бірлестіктердің қызметін, соның ішінде олардың нақты қызметінің нысандары мен әдістерін зерделеу;

3. Сараптама объектісі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнама талаптарына қайшы болмауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын анықтау нысанасында зерделеуді қамтиды.

Жалпы алғанда, құқық қорғаушылар мен сарапшылардың пікірінше, «мемлекеттің діни бірлестіктерді, миссионерлерді тіркеу немесе тіркеуден бас тарту немесе діни бірлестікті тарату туралы шешім қабылданатын дінтану сараптамасын жүргізуі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар, дінтану сараптамасы билікті теріс пайдалануға және кемсітуге көптеген мүмкіндік береді және діни бостандықты қорғаумен үйлеспейді»¹⁵.

¹³ https://belief.cabar.asia/wp-content/uploads/sites/8/2023/04/Report-ru_updated_1304.pdf

¹⁴ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P070000070>

Діни қызмет саласындағы реттеуді кім жүзеге асырады?

Дін мәселелерін Ақпарат және мәдениет министрлігінің Дін істері комитеті (ДІК) басқарады¹⁶.

ДІК қызметінің негізгі бағыттары заңның 4-бабында көзделген, олардың негізгілері мынадай:

- Деструктив діни ағымдардың ізбасарларын оңалту
- Интернет кеңістіктегі діни экстремизмнің алдын алу
- Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет
- Діни бірлестіктермен бірлесіп әрекет ету
- Діни және дінтану білімі
- Ақпараттық түсіндіру жұмыстары
- Дінтану сараптамасы.

Жергілікті өңірлердегі дін саласындағы мемлекеттік органдар – қаланың дін істері басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемелері. Олардың қызмет бағыты Дін істері комитетіне ұқсас.

Дереккөз:

■ Ар-ождан және дін (діни сенім) бостандығы туралы ҚР заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келуі тұрғысынан талдау / Сөз бостандығы саласындағы Қазақстандағы адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюро¹⁷.

■ «Қазақстан Республикасындағы құқықтық нормаларды талдай отырып, діни сенім бостандығы жағдайына шолу» аналитикалық есебі¹⁸.

■ Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы: Қазақстан Республикасының заңына түсініктеме (Р.А. Подопрігора)¹⁹.

¹⁵ https://belief.cabar.asia/wp-content/uploads/sites/8/2023/04/Report-ru_updated_1304.pdf

¹⁶ <https://www.gov.kz/memleket/entities/din?lang=ru>

¹⁷ https://bureau.kz/analiz/tekushii_analiz_zakonodatelstva/analiz_zakonodatelstva_respubliki_kazakhstan_o_svoode_sovesti_i_religii_veroispovedaniya/

¹⁸ https://belief.cabar.asia/wp-content/uploads/sites/8/2023/04/Report-ru_updated_1304.pdf

¹⁹ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31439222&pos=4;-106#pos=4;-106

§ 2.3 Дін мәселесін жариялайтын журналистерге арналған құқықтық кеңестер

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕСТЕР

§ 2.3.1 ЖУРНАЛИСТІК МАТЕРИАЛДАРДА ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНЕ ҚАЛАЙ ЖОЛ БЕРМЕУГЕ БОЛАДЫ?

Өшпенділік/ғадауат тілі (ағылш. hate speech) – дұшпандық тудыратын бірқатар жағымсыз дискурсқа қатысты ауқымды термин. Өшпенділік тілі дегеніміз:

Кез келген нәсіл, діни, этникалық немесе ұлттық топ үшін қорлау деп есептелетін сипаттағы сөз. Бұл құбылыс нәсілшілдік, ксенофобия, ұлтаралық араздықпен тезімсіздік көрінісі бола алады, зорлық-зомбылыққа, жеккөрушілікке немесе кемсітуге итермелейді²⁰.

ҚР Конституциясының 20-бабы бойынша: «Әлеуметтік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді». Осы нормаға кепілдік беру үшін ҚР Қылмыстық кодексінде «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-таптық немесе діни алауыздықты қоздыру» деген 174-бап қабылданды.

Мақаланың құрамында көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, не әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-таптық немесе діни алауыздықты насихаттайтын әдебиеттерді немесе өзге де ақпарат тасымалдаушыны дайындау немесе тарату жолымен жасалған әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-таптық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға, сол сияқты азаматтардың дінге, тектік-таптық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығына байланысты олардың айрықша ерекшелігін, артықшылығын не кемістігін насихаттауға бағытталған қасақана әрекеттер қамтылады.

Алауыздықты қоздыру деген не екенін талқылайық. Қылмыстық кодекске түсініктемеде былай көрсетілген:

АЛАУЫЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУ деп әртүрлі ұлттардың, рулардың, нәсілдердің, таптардың, конфессиялардың (діни бірлестіктердің), әлеуметтік топтардың азаматтары арасында агрессив шабуылдармен, физикалық зорлық-зомбылықпен немесе қорқытумен, мүлікті және т.б. жоюмен немесе бүлдірумен немесе оқшаулау, иеліктен шығару, олардың құқықтарын шектеу және оларға қарсы зорлық-зомбылық әрекеттерімен бірге жүруі мүмкін қақтығыстар туғызу әрекеті түсініледі.

ДІН – табиғаттан тыс әлемнің бар екеніне, әлемді қасиетті күштер басқарады деген сенімге негізделген әлемді танудың ерекше формасы, оған моральдық нормалар мен мінез-құлық түрлері, әдет-ғұрыптар, ғибадат әрекеттері жиынтығы және адамдардың ұйымға бірігуі кіреді.

ҚР ҚК 174-бабына сәйкес, АЛАУЫЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУДЫҢ БЕЛГІСІ дегеніміз – азаматтардың толыққанды еместігін насихаттау, яки азаматтардың дінге көзқарасы, сондай-ақ тектік-таптық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша азаматтарды кемсітетін бағалауды тарату.

²⁰ https://lmc.kz/sites/default/files/files/svoboda_slova_i_leksika_neterpimosti_v_internete.pdf

Егер ақпарат:

- а) көпшілік алдында;
- б) БАҚ немесе ақпараттық коммуникация желісі құралдарын пайдалана отырып;
- в) алауыздықты насихаттайтын әдебиеттер мен өзге де ақпарат тасымалдаушыны дайындау жолымен;
- г) алауыздықты насихаттайтын әдебиеттерді не басқа ақпарат тасымалдаушыларды тарату арқылы кең таралған жағдайда, жауапкершілік жүктеледі.

Діни тақырыптағы материалды жарияламас бұрын келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Дайындалған материал дінге немесе сенімге негізделген кемсітуге немесе зорлық-зомбылыққа шақырмайтынына көз жеткізіңіз.
- Өшпенділік тілінен және діни көзқарасын негізсіз көрсетуден аулақ болыңыз.

Мысалдар:

«Қазақстандықтар хиджабты жанкештілердің белгісі деп атады – Сауалнама».

«Неліктен хиджаб киген әйелдер көпшілікке ұнамайды?».

«Қазақстанда сақалға және «деструктив діни ағымдардың» басқа да белгілеріне қарсы майдан жарияланады».

«Алматыда хиджаб киген әйелдер автобус жолаушысымен төбелесті».

Жоғарыда келтірілген мысалдар сотта қаралатын іс емес, алайда, бұл жерде стереотиптер қолданылған және жалпы ислам өкілдеріне теріс көзқарас қалыптастыруы мүмкін.

«Барлығын өлтіріңдер» деген дәйексөз болса да, мұндай тақырыпта үндеу бар және де бұл сөз тіркесі заңға қайшы.

■ Құқық бұзуды жариялайтын материалдарда қылмыскердің нәсілдік, этникалық немесе діни тегіне ерекше назар аудартпаңыз.

■ Жарияланымға ерекше мән беру үшін статистикалық деректерді әсірелемеңіз («осылайша, олардың саны («идея үшін» өлтіруге шыққандардың ұлтын көрсету) 300-ден астам»).

■ Егер ұлты, азаматтығы, діні, тілі және т.б. жағынан сипаттауға болатын адамдар тобына қатысты көпшілік алдында мәлімдеме (пост, комментарий) жасасаңыз, оған барынша мұқият болып, байқап қарауға тырысыңыз.

■ Жарияланған мәтіндер мен материалдарға жазылған комментарийлерді бақылап отырыңыз. Комментарийлерде зорлық-зомбылыққа немесе кемсітуге шақыруға жол бермеңіз, өйткені қолданыстағы заңнамаға сәйкес, пікір мазмұнына БАҚ редакциялары жауап береді (БАҚ ресурсында жарияланған жағдайда): «БАҚ туралы» заңның 13-бабы²¹.

Сөз бостандығы мен құқыққа қайшы өшпенділік тілі арасындағы айырмашылықты түсіну және қоғамда стереотиптердің қалыптасуына не оларды қолдауға ықпал етпеу өте маңызды екені есіңізде болсын.

²¹ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000451>

§ 2.3.2 КЕЙІПКЕРДІҢ СУРЕТІН ЖАРИЯЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

Діни тақырыптағы материалмен жұмыс істегенде, кейбір жағдайда жарияланым кейіпкерінің суретін пайдалану үшін оның келісімін алу қажет екенін есте ұстаған жөн. Заңнамада белгілі бір форма көзделмеген, сондықтан келісімді ауызша да, жазбаша да алуға болады. Жазбаша келісімнің артықшылығы бар және мейлінше қауіпсіз. Сондай-ақ, аудио немесе видеоға түсіру арқылы да келісім алуға болады.

Мына жағдайларда адамның келісімі талап етілмейді:

- егер адам түсірілімге қатысқаны үшін ақы алса;
- егер адам мәдениет саласындағы ойын-сауық бағытындағы мәдени-бұқаралық, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға, бұқараға арналған спорттық іс-шараларға, жиналыстарға, митингілерге, шерулерге немесе демонстрацияларға және өзге де қоғамдық іс-шараларға қатысса немесе басы-қасында болса;
- егер таратылатын ақпарат адамның бейнесін және осы адамның қызметтік және жария қызметіне байланысты мәліметтерді қамтыса, сондай-ақ адамның өзі, оның заңды өкілі не уәкілетті өкілі шектеу қойылмаған дереккөзде жарияласа;
- егер бейнеленген адамды пайдалану конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандығын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында жүзеге асырылса, келісім қажет емес.

Түзеу мекемелері мен тергеу изоляторлары туралы айтатын болсақ, тек әкімшіліктің рұқсатымен ғана түсірілім жасауға болады. Сотталған адамды түсіру үшін оның жеке келісімі қажет.

§ 2.3.3 ЖАСЫРЫН КАМЕРАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Жасырын жазу әдістерін қолдануға болатын төтенше жағдайларды қоспағанда, журналистер ақпаратты ашық түрде жинауы керек.

Қазақстан заңдарында жасырын камераға түсіруді реттейтін норма жоқ, сол себепті журналист тәуекелге баруға мәжбүр. Қандай жағдайда жасырын камераны пайдалануды ақтауға болады? Материал көпшіліктің мүддесін көздеген жағдайда жасырын камераға түсіруге болады. Бұл термин нені білдіреді? **Қоғамдық мүдде – аудитория тарапынан болатын кез келген қызығу емес, айталық, қоғамның демократиялық құқықтық мемлекетке және азаматтық қоғамға, қоғамдық қауіпсіздікке, қоршаған ортаға төнген қауіп-қатерді анықтау және ашып көрсету қажеттілігі.**

Бұл ретте:

- материал азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын бұзбауы керек;
- түсірілім қоғамның немесе мемлекеттің мүддесін қорғау мақсатында, мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін жүргізілуге тиіс;
- бөгде тұлғалар мен кадрға кездейсоқ түскен тұлғалар танылмауы керек.

§ 2.3.4 МАТЕРИАЛДА БАЛАЛАРДЫҢ СУРЕТІН ПАЙДАЛАНУ

Ересектер сияқты балалардың да суретін жариялау және жеке деректерін қорғау құқығы бар. Балалардың фотосуретін жариялау ересектердің суретін пайдалану ережесіне ұқсас.

Балалармен сұхбат, фото және бейнетүсірілім жүргізуге келетін болсақ, олардың ата-анасымен немесе заңды өкілдерімен келісу қажет.

Құқыққа қайшы әрекет салдарынан зардап шеккен, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп күдік тағылған және айыпталған балаларға қатысты жайттар ерекше жағдайға жатады.

Мұндай жағдайларда осындай баланың дербес және биометриялық деректерін, ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты, жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты қоса алғанда келесі жағдайларда:

- егер сот кәмелетке толмаған адамды ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп таныса, ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда;
- егер құқыққа қарсы әрекеттердің (әрекетсіздіктің) нәтижесінде зардап шеккен 14 жасқа толған кәмелетке толмаған адамның және оның заңды өкілдерінің келісімі болса;
- егер құқыққа қарсы әрекеттердің нәтижесінде зардап шеккен 14 жасқа толған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің келісімі болса;
- егер әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған 16 жасқа толған кәмелетке толмаған адамның және оның заңды өкілдерінің келісімі болса;
- егер қылмыстық процесті жүргізетін органдардан алынған ақпаратты БАҚ-та тарату туралы сөз болса (қылмысты тергеуге, қылмыс жасауға қатысы бар адамдарды анықтауға, жоғалған кәмелетке толмаған адамдарды іздестіруге жәрдемдесу мақсатында, аталған мақсатқа жету үшін қажетті көлемде);
- егер екінші заңды өкіл Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және оның келісімін алу мүмкін болмаған жағдайларда, зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның бір заңды өкілінің келісімі болса;
- егер 14 жасқа толған және құқыққа қарсы әрекеттер нәтижесінде зардап шеккен кәмелетке толмаған адамның немесе егер заңды өкіл осы құқыққа қарсы әрекеттердің жасалуына күдікті немесе айыпталушы болса, оның заңды өкілдерінің келісімі болса ғана БАҚ-та таратуға болады.

§ 2.3.5 ДЕРЕККӨЗБЕН ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК?

Жарияланымдарды дайындау кезінде қолда бар ақпараттың растығын тексеру қажет. Ақпарат алу процедурасы ашық дереккөзде, сот шешімдерінде және т.б. көрсетілмейтін статистикалық ақпаратқа қатысты сұрау жолдауға мүмкіндік береді.

Журналистің ақпаратты іздеуге, сұратуға, алуға және таратуға құқығы бар («БАҚ туралы» заңның 20-бабы).

«БАҚ туралы» заңда қандай ақпарат түрлері көзделген?

- ресми хабарлар;
- ресми хабарға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салу;
- міндетті хабарлар.

Ресми хабарлар

Ұсынылған ресми хабарды түсіндіру бойынша сұрау жіберуге құқығыңыз бар, жауап сұрау салу тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде берілуі не оны ұсыну мерзімі немесе дәлелді бас тарту көрсетіле отырып, жауап берілуі керек. Қосымша зерделеуді талап ететін жағдайларда қарау мерзімін басшы күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір рет ұзартуы мүмкін, ол туралы БАҚ-қа қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

Ресми хабарға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салуды қарау мерзімі жеті жұмыс күнінен тұрады.

Егер сұраудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, жауап келіп түскен сұрау салу нысанында және сол тілде ұсынылуға тиіс.

Сұрауды жазбаша, соның ішінде электрондық құжат түрінде жіберуге болады.

Сұрауға бас редактордың (редактордың), уәкілетті тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы қойылуы және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылуы керек. Жауап өтініш жасалған тілде ұсынылады (сұрау салудың үлгісін қосымшадан қараңыз).

Егер сізге ақпарат беруден бас тартса, бұл мәселе бойынша шағымдануға, яғни жоғары тұрған органға, лауазымды тұлғаға немесе сотқа өтініш жасауға болады (шағымның үлгісін қосымшадан қараңыз). Жоғары тұрған органдарға, лауазымды тұлғаға өтініш жасау сотқа өтініш берудің міндетті талабы емес екенін ескерте кету қажет.

§ 2.3.6 ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ

1. Бүркеншік атты пайдалануға бола ма? «БАҚ туралы» заңда журналистің өзі дайындаған материалға аты-жөнін қою немесе бүркеншік атты пайдалану құқығы көзделеді. Алайда іс сотқа жеткен жағдайда, нақты мәліметтерді жариялау заңға қайшы деп танылса, бүркеншік атты қолдану журналисті жауапкершіліктен босатпайтынын білуіңіз керек.

2. Аноним дерек көзінен алынған ақпаратты пайдалануға бола ма? Интернеттегі аноним хаттар мен мәтіндер, жазбалар, оқырмандардың хаттары өте сенімсіз дәлел. Егер олардың авторы мәтінде баяндалған мәліметтердің дұрыстығын растаса, оларды назарға алуға болады. Олай болмаған жағдайда, жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін.

3. Қазақстанда журналистік құпия бар ма? Авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспаған-

²² https://egov.kz/cms/ru/articles/religion/zaprewennye_organizacii

²³ <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/press/article/details/17669?>

да, журналистің бұл құпияларды сақтауға құқығы бар. Журналистік құпия – ҚР Конституциясының 20-бабында көзделген сөз бостандығының маңызды кепілі. Егер сот талап ететін болса, ақпарат көзін ашуға міндетті екеніңіз есіңізде болсын.

4. Кінәсіздік презумпциясын есте сақтаңыз! Кінәсіздік презумпциясы бойынша, қылмыс жасады деп айыпталған адам кінәсі сотта дәлелденгенге дейін кінәсіз деп саналады. Даулы оқиғаларды, сот процестерін жариялау кезінде өте мұқият болыңыз.

5. Материалдарды дайындау кезінде тыйым салынған ұйымдардың тізімін тексеріңіз²². Материалыңызда ұйымның мәртебесін көрсетуді ұмытпаңыз (Қазақстанда діни ұйымдарды тіркеудің мемлекеттік процедурасы бар екенін еске саламыз).

6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің сайтында орналастырылған тыйым салынған әдебиеттер тізімін тексеріңіз²³.

7. Жарияланымыңызда жеке деректерді қалай пайдалануға болады? Заңнама талаптары сақталған жағдайда, яғни сізге жариялау үшін қажет көлемде, егер бұл материалыңыз үшін қажет болса, дербес деректерді субъектінің келісімінсіз пайдалана аласыз («Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заң, 9-бап, «Дербес деректерді субъектінің келісімінсіз жинау, өңдеу»)²⁴.

8. Интернеттен алынған суреттерді пайдаланған кезде авторлық құқықты есте сақтаңыз. Материалдарды немесе фотосуреттерді жариялай аласыз, бірақ міндетті түрде туындысы пайдаланылған автордың аты-жөнін және дереккөзді (сілтемелерді) көрсету қажет немесе әмбебап фотостоктарды пайдаланыңыз. Тіпті, сіздің ойыңызша жаңалық немесе өзіндік ерекшелік болмаса да, кез келген фотосурет авторлық құқықпен қорғалады. Сондай-ақ, автор кәсіби фотограф па, жоқ па, кәсіби техникаға не ұялы телефонға түсіре ме, бұл да маңызды емес.

9. «БАҚ туралы» заңның 26-бабында шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін, егер олар ресми хабарларда қамтылса, сұрауға берілген жауапта қамтылса немесе мемлекеттік органдардан алынса, жауапты болмайтыныңыз көзделетіні есіңізде болсын. Сондай-ақ, егер олар депутаттардың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларының, жеке және заңды тұлғалардың ресми сөйлеген сөзінің сөзбе-сөз қайталанып берілуі болса, жауапты болмайсыз. Материал Қазақстанда ресми тіркелген басқа БАҚ-тан алынып, қайта басылған жағдайда да сіз жауапты болмайсыз.

10. Бірақ бұл Қазақстанда таратуға тыйым салынған ақпаратқа (насихаттау, шақыру, алауыздық тудыру және т.б., тыйым салынған ақпарат тізімі төменде келтірілген) қатысты болмайтынын есте ұстаған жөн. Мұндай мәліметтерді жариялағаны үшін ақпарат құралы жауапты болады.

Заңнаманы оқып, өзгерістерден хабардар болыңыз!

²⁴ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1300000094#z21>

НАРАЗЫЛЫҚҚА жол бермеуге арналған жаднама

Мәтінді жарияламас бұрын осы жаднаманы пайдаланып тексеріңіз немесе құқықтық қауіпті талдау үшін материалды адвокатқа жіберу арқылы тексеруге болады.

№	НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?	ИӘ	ЖОҚ
АҚПАРАТ БЕРУШІ ДЕРЕККӨЗБЕН СҰХБАТ			
1	Егер жарияланымда біреудің сөзін қайталап көрсететін болсаңыз, осы дереккөзбен сөйлескеніңіз немесе одан ақпарат алғаныңыз (пошта арқылы, мессенжер арқылы, әлеуметтік желілерде және т.б.) туралы жазба (аудио немесе видео) не құжатпен растау бар ма?		
2	Қағазға түсіру және жариялау кезінде дереккөз айтқан сөздің мағынасы өзгерген жоқ па?		
3	Бұл жазбалар, хаттар немесе хабарламалар цифрлық архивте сақталған ба?		
4	Дереккөз қате кетпеуі үшін материалды жариялау алдында мәтінді қарап шығу туралы өтініш айтты ма?		
5	Дереккөз аноним болып қалуды сұрады ма?		
6	Егер жасырын қалуды сұраса, дереккөзді анықтауға мүмкіндік беретін барлық мәлімет алынып тасталды ма?		
АҚПАРАТҚА СҰРАУ САЛУ			
7	Ақпаратқа жазбаша сұрау салу мәтіні сақталды ма?		
8	Барлық жазбаша немесе ауызша жауап (диктофонға немесе камераға жазылған жазбалар) сақталды ма?		
9	Басылымда мемлекеттік орган өкілдерінің лауазымы мен аты-жөні немесе олардың атаулары дәл, бұрмаланбай көрсетілген бе?		
ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС			
10	Егер мемлекеттік органдар ұсынған ақпаратты пайдалансаңыз, ол ресми түрде алынды ма?		
11	Сізде құжаттардың түпнұсқасы немесе көшірмесі сақталған ба?		
12	Егер құжаттар аноним деген талаппен ұсынылса, осы құжаттарды ұсынған дереккөзді анықтайтын барлық мәлімет алынып тасталды ма?		
ФОТО ЖӘНЕ ВИДЕОМЕН ЖҰМЫС			
13	Барлық бастапқы файл сіздің архивіңізде сақталды ма?		
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС			
14	ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, құжаттарды, анықтамаларды, басқа да ақпаратты сұрадыңыз ба?		
15	Барлық сұрау-жауапты Жеке кабинетте, электрондық немесе қағаз көшірме күйінде сақтадыңыз ба?		
16	Егер ақпаратты ашық дереккөзден алсаңыз, экранның скринін жасадыңыз ба?		
17	Барлық құжатты ашық дереккөзден жүктеп, архивке сақтадыңыз ба?		
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР МЕН МЕССЕНЖЕРЛЕРДЕН АЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС			
19	Егер әлеуметтік желілердегі, мессенжерлердегі мәтінді, фотосуретті немесе бейнені пайдалансаңыз, фактчек жасадыңыз ба?		
20	Барлық көшірмені архивте/веб-архивте сақтадыңыз ба?		
21	Барлық сілтеме сақталған ба, бастапқы дереккөзге бағыттайтын гиперсілтеме жұмыс істей ме?		

Өзіңізге қоюыңыз қажет қосымша сұрақтар:

■ Мен материалда белгілі бір дінге және оның ізбасарларына қатысты стереотиптер мен клишелердің таралуына ықпал етпеймін бе?

■ Бұл материал жарияланғаннан кейін оның ықтимал салдары қандай болуы мүмкін?

§ 2.4 Терминдер



Діни мазмұндағы ақпараттық материал – кез келген материалдық тасымалдағыштағы діни сипаттағы баспа, электрондық және өзге де ақпарат.

Миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың дінге үндеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі.

БАҚ-та насихаттау деп ҚР заңнамасында тыйым салынған ақпарат туралы жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру және (немесе) шектеусіз адамдар тобын құқыққа қарсы әрекет жасауға немесе әрекетсіздікке итермелеу үшін көзқарас, фактілер, дәлелдер және өзге де, соның ішінде әдейі бұрмаланған ақпаратты таратуды айтады.

Діни мақсаттағы заттар – Құдайға құлшылық ету, діни әдет-ғұрыптар мен рәсімдер үшін қажетті, сондай-ақ діни нышанның элементтері бар бұйымдар мен атрибуттар.

Діни ілімді тарату – белгілі бір діннің негізгі догматтары, идеялары, көзқарастары және практикалары туралы ақпаратты жеткізуге, беруге бағытталған қызмет.

Діни қызмет – діндарлардың діни қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың ортақ мүдде негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі.

Діни экстремизм – діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылыққа немесе зорлық-зомбылыққа үндеуге байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыру, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдану.

Діни қызметші – діни, уағыздау қызметіне тиісті діни бірлестік уәкілеттік берген тұлға;

Экстремистік топ – бір немесе бірнеше экстремистік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ.

Экстремистік материалдар – экстремистік әрекеттердің белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материал.

§ 2.5 Заңнамалық база

Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің <https://adilet.zan.kz/> ақпараттық-құқықтық жүйесіне сүйене отырып, заңдарды пайдалана аласыз:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі. 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (2 және 3-бөліктер) және 405-баптар.
2. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚР кодексі, 490-бап: «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу».
3. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы заң.
4. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы заң.
5. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі заң.
6. «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 30 желтоқсандағы бұйрық.
7. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы стационарлық үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2017 жылғы 3 тамыздағы бұйрық.

§ 2.6 Пайдалы сілтемелер

■ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/din?lang=ru>

■ Қазақстан Республикасында тыйым салынған ұйымдардың тізімі:

https://egov.kz/cms/ru/articles/religion/zaprewennye_organizacii

■ Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс орталықтарының Дін істері басқармалары мен бөлімдерінің байланыс деректері:

https://egov.kz/cms/ru/articles/departments_of_religion

■ Тіркелген діни бірлестіктердің тізімі:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/493187?directionId=2918&lang=ru>

■ Қазақстан: 2022 жылғы Діни сенім бостандығы туралы халықаралық баяндама:

<https://kz.usembassy.gov/ru/kazakhstan-2022-international-religious-freedom-report/>

Пайдаланылған әдебиет:

1. «Журналистің құқықтық анықтамалығы», құқықтық, ақпараттық және желілік қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық: <https://lmc.kz/ru/content/pravovoy-spravochnik-zhurnalista>
2. Қазақстандағы өшпенділік тілі: статистика, сот практикасы, ұсынымдар: <https://lmc.kz/ru/content/yazyk-nenavisti-v-kazahstane-statistika-sudebnaya-praktikarekomendacii>
3. Конфликтіге сезімтал журналистика бойынша нұсқаулық. Құқықтық медиа орталық: <https://lmc.kz/ru/content/posobie-po-konflikt-chuvstvitelnoy-zhurnalistike>
4. Қазақстандағы дін мәселелерін жариялау жөніндегі нұсқаулық. Соғыс және бейбітшілік жөніндегі институт (IWPR), 2019: https://school.cabar.asia/wp-content/uploads/2020/03/rukovodstvo-dlya-smi-kazahstan_rus.pdf
5. Интернеттегі сөз бостандығы және төзімсіздік лексикасы. Құқықтық медиа орталық: https://lmc.kz/sites/default/files/files/svoboda_slova_i_leksika_neterpimosti_v_internete.pdf
6. «Өшпенділік тілін» түсіндіру: практикалық нұсқаулық. 19-бап, <https://www.article19.org/ru/resources/hate-speech-explained-a-toolkit/>

1-ҚОСЫМША

Тыйым салынған ақпарат тізімі («БАҚ» туралы заңның үзінділері)

Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру және тоқтату («БАҚ» туралы заңның 13-бабы)

Тоқтата тұрудың негізі – қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу, мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, суицидті насихаттайтын ақпаратты тарату.

Тоқтата тұрудың негізі – терроризмге қарсы операциялар жүргізілген кезеңде олардың амалдары мен тактикасын ашып көрсететін ақпаратты жариялау; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, ұлтаралық және конфессияаралық өшпенділікті өршітуге бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату.

БАҚ-ты шығаруды не БАҚ өнімін таратуды сот тәртібімен тоқтата тұрудың негіздері (41-1-бап: «Байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын тоқтата тұру тәртібі». «Байланыс туралы» заңның үзіндісі)

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды насихаттау және үгіттеу.

Экстремизмді немесе терроризмді насихаттау.

Ұлтаралық және конфессияаралық өшпенділікті өршітуге бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату.

2-ҚОСЫМША

Ақпарат беру, сұрау салу

Кімге _____
(ақпарат иеленушінің атауы)

Кімнен _____
(ұйымның/БАҚ-тың атауы, байланыс деректері)

СҰРАУ САЛУ

«БАҚ туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі ҚР заңының 18-1-бабына сәйкес, сізден келесі ақпаратты беруді сұраймын:
(сұралатын құжаттар мен ақпараттың тізбесі көрсетіледі)

«БАҚ туралы» заңның 18-1-бабына сәйкес жазбаша сұрау салуға ақпарат иеленуші сұрау келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жауап ұсынуға міндетті.

Маған келесі мекенжай бойынша жауап беруіңізді сұраймын:
(пошта мекенжайы немесе электрондық мекенжайы көрсетіледі).

БАҚ-тың сұрау салуына жауап ұсынбағаны немесе уақтылы жауап ұсынбағаны үшін мемлекеттік органның лауазымды тұлғаларына ҚР заңдарында белгіленген жауапкершілік бар екенін еске саламыз.

Құрметпен,

бас редактор (редактор, уәкілетті тұлға, аккредиттелген журналист)

Күні және қолы

3-ҚОСЫМША

ШАҒЫМ

Ақпаратқа қол жеткізу құқығын бұзатын немесе шектейтін лауазымды тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым айту туралы.

Кімге: _____

(Шағымның мәнін сипаттаңыз: әрекеттердің құқыққа қарсылығы, шешімнің даулы болуы немесе осы шағымда көрсетілген лауазымды тұлғаның әрекетсіздігі неде?)

Кімнен: _____

(Лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы көрсетіледі) жоғарыда көрсетілген құқыққа қарсы әрекеттері (шешімдері, әрекетсіздігі) ҚР Конституциясының 20-бабында және «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР заңында көзделген заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алу және тарату құқығымды бұзуға (шектеуге) әкеп соқтырды деп есептеймін:

(ақпаратқа қол жеткізу құқығын бұзу немесе шектеудің мәні неде екенін көрсету).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сізден:

1. Осы шағымда көрсетілген ақпаратқа қол жеткізу құқығымды бұзатын немесе шектейтін құқыққа қарсы әрекеттерге, әрекетсіздікке, шешімдерге тексеру жүргізуді;

2. Кінәлі лауазымды тұлғаны ҚР ӘҚБтК-де көзделген жауапкершілікке тартуды;

3. Қабылданған шаралар туралы белгіленген мерзімде мына мекенжай бойынша хабарлауды сұраймын (жауап жіберуге арналған мекенжайды көрсету).

Құрметпен, (шағымды жіберген адамның қолы)


Күні

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ
ДЕКЛАРАЦИЯСЫ


АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР
ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТИ



ӘР АДАМНЫҢ ОЙ, АР-ОЖДАН
ЖӘНЕ ДІН ЕРКІНДІГІНЕ ҚҰҚЫҒЫ БАР



ЖУРНАЛИСТ БЕЛГІЛІ
БІР ДІН НЕМЕСЕ ОНЫ
ҰСТАНУШЫЛАР ТУРАЛЫ
СТЕРЕОТИПТЕР МЕН
КЛИШЕЛЕРДІ
ТАРАТПАУЫ КЕРЕК



ӘЛЕУМЕТТІК, ҰЛТТЫҚ,
ДІНИ, ТЕКТІК-ТАПТЫҚ
ЖӘНЕ РУЛЫҚ
АСТАМШЫЛЫҚТЫ
НАСИХАТТАУҒА
НЕМЕСЕ ҮГІТТЕУГЕ
ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ

КЕЗ КЕЛГЕН НӘСІЛ, ДІНИ, ЭТНИКАЛЫҚ НЕМЕСЕ ҰЛТТЫҚ ТОП ҮШІН
ҚОРЛАУ ДЕП ЕСЕПТЕЛЕТІН СИПАТТАҒЫ СӨЗ

ЖУРНАЛИСТІҢ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ

АШЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕН
АЛЫНҒАН БАРЛЫҚ
ҚҰЖАТТЫ АРХИВТЕ
САҚТАҢЫЗ

МАТЕРИАЛ ДАЙЫНДАҒАНДА
ТҮЙІМ САЛЫНҒАН
ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІН
ТЕКСЕРІҢІЗ

АЛҒАШҚЫ ДЕРЕККӨЗГЕ
ГИПЕРСІЛТЕМЕ
БАР-ЖОҒЫН ТЕКСЕРІҢІЗ

ЖАЗБАША ЖІБЕРІЛГЕН
СҰРАУЛАРДЫ САҚТАҢЫЗ

МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАН
ӨКІЛДЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМЫ
МЕН АТЫ-ЖӨНІН ҚАТЕСІЗ
ЖАЗЫҢЫЗ

АНОНИМ ХАТТАР МЕН МӘТІНДЕР, ЖАЗБАЛАРДЫ ОЛАРДЫҢ
АВТОРЫ МӘТІНДЕ БАЯНДАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН
РАСТАСА ҒАНА НАЗАРҒА АЛУҒА БОЛАДЫ

ТАРАУ 3

ДИНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ДІНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША КОНТЕНТ АВТОРЛАРЫНА АРНАЛҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

You Tube telegram whatsapp facebook
Instagram..facebook Instagram You
TikTok| facebook
whatsapp TikTok ! |
telegram You Tube whatsapp !!facebook
• You Tube | telegram &
j! whatsapp TikTok|
"telegram &| Instagram
facebook! whatsapp
TikTok !:
"telegram &
|facebook
• Instagram
You Tube
Instagram
Instagram | You Tube j! & whatsapp .TikTok.
Instagram "telegram &| facebook..
... You Tube ... telegram! whatsapp
!!facebook" TikTok
• Instagram You Tube j! whatsapp
You Tube! : facebook .. telegram
Instagram facebook!
whatsapp!! Instagram
!! telegram|
j facebook . You
!! "telegram & ..
!! whatsapp!
?| facebook

Авторлар: **Ирина Чистякова, SCARF жобасының журналистика жөніндегі кеңесшісі**
Марал Айтмағамбетова, филология ғылымдарының кандидаты, медиатренер,
SCARF жобасының тренері
Асқар Ақтілеу, журналист, «Тілші» медиажобасының жетекшісі,
SCARF жобасының тренері

Үшінші тарауда сезімтал тақырыптарды жариялау барысында конфликтіге сезімтал тәсіл тұрғысынан келу мүмкіндіктерін ұсынамыз, содан кейін дін тақырыбында медиаға материал дайындайтын автордың жолымен бастан-аяқ жүріп өтеміз. Біз бұл жолды үш үлкен кезеңге бөлдік: дайындық (кәсіби сленгте – продакшн алдындағы кезең), контент дайындау кезеңі (продакшн) және оны барынша көп аудиторияға тарату (постпродакшн).

Бұл тарауды барынша тиімді тәсілмен оқып шығуға болады. Ол үшін бірнеше кеңес береміз. Біріншісі: параграфтан параграфқа қарай жылжи отырып, сезімтал медиаконтентпен жұмыс істеу кезіндегі өзіндік алгоритміңізді пазл сияқты «жинай» аласыз. Бұл ретте біздің ұсыныстарымызға және өз тәжірибеңізге арқа сүйеңіз. Екіншісі: контент дайындау процесінің өте маңызды, ең негізгі сәттерін графикамен көрсетеміз деп шештік. Оларды көріп қана қоймай, назар аударыңыз. Жалпы, әңгіме әр бөлімде контент дайындау процесінде не істеу және нені көздеу маңызды екені туралы оқып таныса алатындай етіп құрылған. Қиындықтар мен ықтимал қателіктер туралы алдын ала ескертеміз және лайфхактарды бөлісеміз.

§ 3.1 Журналистикадағы конфликтіге сезімтал тәсіл



Дін мәселесі әрбір адам, тіпті халық немесе ұлт үшін ең шетін тақырыптар қатарына жатады. Медиада кездесетін бұл тақырыптағы әрбір жарияланым назар аудартады және көбіне өткір әрі сан қырлы пайымдау қамтылатын ауқымды пікірталастың бастауы болады десек, артық емес. Сондықтан әңгімені журналистикадағы конфликтіге сезімтал тәсілді сипаттаудан бастауды жөн көрдік.

§ 3.1.1 КОНФЛИКТІГЕ СЕЗІМТАЛ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ЖАРИЯЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Діни көптүрлілікке байланысты конфликті көбінесе бір дін өкілінің басқа дін өкілдерінің діни құндылықтарын, әдет-ғұрыптарын, идеяларын елемеуі немесе қорлауы салдарынан туады. Бұл оқиғаның заңдық аспектісі де бар, өйткені ажырамас бостандықтың бірі – діни сенім бостандығын бұзуды көрсететін кейбір мысалдар қылмыстық заңның аясына өтуі әбден мүмкін.

Журналистикадағы конфликтіге сезімтал тәсіл деген, ең алдымен, журналистің маңызды сәтті түсіне білуі: діни негіздегі конфликті туралы репортаж қоғамға айтарлықтай әсер етуі мүмкін, сондай-ақ жағдайды ушықтырады немесе бейбітшілік пен өзара түсіністік орнауына ықпал етеді. Сондықтан конфликт жағдайындағы журналистика тіпті автордың діни сенімдері мен нанымдарының болуына немесе болмауына қарамастан, кез келген тарапты қолдамауға тырысады. Ол тараптарға өз шешімдерін мәжбүрлеп таңуға тырыспайды, сонымен бірге туындаған шиеленісті жағдайды және оның жағымсыз жақтарын жасыруға жол бермейді.

Сезімтал тақырыптағы журналистік материалдардың тиімділігі сарапшыны дұрыс таңдау мүмкіндігін арттырады.

ТӘСІЛ

Бұл дінтану саласындағы сарапшылар, дін тарихы, діни-құқықтық мәселелер, әлеуметтану, психология мамандары және т.б. болуы мүмкін.

Материалды дайындау кезінде журналист таңдаған сарапшы конфликтінің себептерін талдаумен қатар, жазу кезінде қалыптасқан жағдайдың шешімін табу жолдарын ұсына алады. Бұл – медиа арқылы конфликті тудырған жағдайды тиімді басқарудың маңызды әдістерінің бірі.

Жақсы журналистика:

- Тараптар арасындағы тиімді коммуникация арнасына айналса;
- тараптарға дұрыс шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты ұсынса;
- конфликтінің шешімін табудың тиімді жолдары туралы айтса;
- тараптарға бір-біріне деген сенімділікті арттыруға және бір-бірі туралы қате түсініктерді анықтауға көмектессе;
- конфликтіні талдап, оны жақсы түсінуге көмектессе;
- тараптарға мәмілеге келу үшін бір-бірінің мүддесін жақсырақ білуге көмектессе;
- тараптарға эмоциясын қауіпсіз жолмен шығаруға мүмкіндік берсе;
- шешім табудың мүмкіндіктерін кеңейтсе;
- адам құқықтарының бұзылуын тіркесе, мәселенің шешімін табуға немесе конфликтіні реттеуге ықпал етеді.

Журналистер діни толеранттық, діндердің көптүрлілігі мен діни бостандыққа байланысты жағдайлардың шешімін табуда маңызды рөл атқарады.

Дін тақырыбын жариялайтын журналистер келесі міндеттердің тиімді шешімін таба алады:

■ Діни дүниетаным бойынша конфликтіге келген тараптарға заңна-мада көзделген процедуралар мен ережелер туралы айтып, татула-су үшін оларды қажетті маңызды мәліметтермен қамтамасыз ету. Мұндай конфликтілерді жариялау үшін дінтанушылар мен заңгерлерді тарту маңызды.

■ Тараптардың әрқайсы өз проблемасы мен тілектерін кең аудиторияға да, қарама-қарсы тарапқа да айта алатындай коммуникация және ақпарат арналарының болмауы немесе жетіспеуі мәселесінің шешімін табу. Осылайша, олар бір-бірінің нақты мақсаты мен мүддесі туралы көбірек біледі және болашақ келісім мүмкіндігін кеңейтеді.

■ Конфликтіні басқару және оның шешімін табу жолдары туралы ақпаратты тарата отырып, адамдарға жағдайдан шығу мүмкіндігін табуға көмектесу.

■ Әлсіз тарапқа (мысалы, аз болуына немесе басқа себептерге байланысты) диалог үшін тең жағдай жасау: осылайша, олар өзінің проблемасы мен алаңдауы туралы айтып, қоғаммен еркін қарым-қатынас жасай алады.

■ Конфликтінің қай жағында болғанына қарамастан, діни негіздегі конфликтіге қатысқан адамдардың түрлі көзқарасы мен пікірінің көптүрлі болуына жұртшылықтың назарын аудару.

■ Шынайы жағдайды жариялау және қандай да бір қауесетке жол бермеу. Өйткені адамдар көп жағдайда қате ақпаратқа сенуге бейім, ал олардың сенім білдіруі қауіпті, себебі бұл конфликтінің өршуіне әкелуі мүмкін.

§ 3.1.2 КОНФЛИКТИГЕ СЕЗІМТАЛ ТАҚЫРЫПТЫ ЖАРИЯЛАУДЫҢ КЕЙБІР СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Бұл бөлімде журналистер діни конфликтіні жариялау кезінде қолдана алатын бірқатар стратегияны талқылаймыз²⁵. Сонымен, олар не істей алады?

Бітімгерлер туралы айту

Медиада бітімгершілік қызметке қатысатын адамдар туралы айту бейбітшілікті реттеу процесі мен зорлық-зомбылықтың баламасы туралы білуге көмектеседі. Кейде мұндай әңгіме жоғары лауазымды адамдарға арналуы мүмкін, бірақ ең қызықты оқиға – күнделікті өмірде әлемді жақсартуға үлес қосып жүрген қарапайым адамдар туралы. Мұндай әңгімелер стереотиптермен күресте маңызды рөл атқарады, сонымен қатар конфликтіге қатысушы тараптарда қалыптасқан жаудың бейнесіне күмән келтіре алады.

Бірлескен сұхбат жүргізу

Журналистер бірлескен сұхбат жүргізу арқылы қарсылас топтағы адамдардың оқиғасын айта алады. Міне, осындай сұхбаттың кейіпкері бола алатын бірнеше идея:

- **конфликтіге дейін дос болған және әртүрлі көзқарасына қарамастан достықты сақтай алған адамдар;**
- **бір мектепке баратын немесе бір мектепте оқыған жастар;**
- **бір уақытта балалы болған, бірақ конфликтіден арасы ажыраған аналар;**
- **бір аулада немесе бір көшеде өскен адамдар;**
- **әртүрлі ортадан шығып, отбасын ұстай алған жұптар.**

Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Бірлескен сұхбат аудиторияңызды қызықтыратын әңгіме жазуға, стереотиптермен күресуге және әртүрлі топтағы адамдардың тұтастығын түсінуіне жақсы негіз бола алады.

Тараптарға сұрақ қою мүмкіндігін ұсыну

Бұл жағдайда журналист әртүрлі (және тіпті қарама-қарсы) көзқарастағы адамдардан бір-біріне қойғысы келетін сұрақтар дайындауды сұрайды. Бұл сұрақтар олардың белгілі бір түрде әрекет ету себептеріне немесе белгілі бір мәселе олар үшін маңызды болатын себептерге қатысты болуы мүмкін. Бірақ, конфликт дін саласында болса, сұрақтар дін (оның негіздері, постулаттары, канондары, жоралары және т.б.) туралы емес, адамдар, олардың нақты өмірлік мәселелері немесе жетістіктері туралы болуы керек

²⁵ Питер де Туа материалдары бойынша. Конфликтіге сезімтал тақырыптарды жариялау: журналистерге арналған құралдар.

екенін есте ұстаған жөн. Бұл олардың әлеуметтік, экономикалық немесе жеке мәселелері және олардың шешімін қалай табатыны туралы сұрақтар болуы мүмкін.

Журналистер сұрақтарды жинап алғаннан кейін оған жауап беруді сұрайды. Бұл тәсілдің құндылығы, ол конфликтіге келуші тараптарға диалог мүмкіндігін береді, ал әдетте бұл мүмкін болмас емес еді. Мұндай сұрақ алмасудың нәтижесі тек ақпараттық сипатта болып, өзара түсіністіктің жақсаруына ықпал ете алады. Сонымен қатар проблема мен конфликтінің себептерін жақсы түсінуге көмектесе алады. Сұрақ-жауап алмасу адамдар тыңдағысы келетін таңғажайып оқиғалардың қайнар көзі болуы мүмкін.

Тараптарға бірдей сұрақ қою

Конфликтіге қатысушы тараптардың әрқайсына бірдей сұрақтар қою арқылы журналистер адамдарға ортақ құндылықтар мен келіспеушіліктер тізімін анықтауға көмектесе алады. Сұрақтар контекске байланысты болуы керек болғандықтан, журналист тараптардың әрқайсына келесі сұрақтарды қоя алады:

Сіздің ойыңызша, бұл конфликтінің негізгі себебі неде?

Сіз/сіздің тарапыңыз/ұйымыңыз үшін қандай мәселелер басымдықта және шешімін табуы керек?

Бұл конфликтінің шешімін табудың ең конструктив жолы қандай?

Сіздің талаптарыңызды қанағаттандыра отырып, екінші тараптың да мәселесінің шешімін таба алатын не деп ойлайсыз?

Осы сұрақтарға тараптардың жауабы қатар көрсетілген материалды жариялау арқылы мәселелерді, тараптардың ұстанымдарын және конфликтінің шешімін табуды жақсы түсінуге мүмкіндік беретін контент жасауға болады.

Адамдарға бір-бірінің құндылығын түсінуге көмектесу

Әртүрлі адам әртүрлі құндылықтар жүйесіне сәйкес әрекет ететінін түсіну конфликті кезінде де маңызды рөл атқаруы мүмкін. Ал журналистер адамдарға бір-бірінің құндылықтарын түсінуге көмектесе алады.

Егер Тараптардың құндылықтары түбегейлі қарама-қайшы болса, онда БАҚ арқылы, ең болмағанда, оларды түсіндіруге және түсінуге ықпал етуге болады. Әртүрлі, мысалы, келесідей сұрақтар қою арқылы мұны жүзеге асыруға болады:

Сізді жақсы түсіну үшін басқа топтағы адамдар сіз туралы не білуі керек?

Сіздің тобыңыз бен басқа топтар арасындағы түсіністік пен толеранттықты жақсарту үшін не болуы керек?

Сіз және сіздің жақтастарыңыз басқа топты жақсырақ түсінуі үшін олар туралы не білуіңіз керек?

Тараптарға бір-бірінің құндылықтарын түсінуге көмектесу үшін медиа стереотиптерді бұзуда маңызды рөл атқара алады.

§ 3.1.3 ӨЗ НАНЫМЫҢЫЗДЫ БАСҚАРУ

Діни тақырыпта контент жасауды қолға алған әрбір адамнан барынша адалдық, соның ішінде ең алдымен өз-өзінің алдында барынша адал болуы талап етіледі. Мұнда біз материалмен жұмыс істеу кезінде жеке діни (немесе діни емес) наным-сенімдер мен қате түсініктермен қалай жұмыс істеу керектігін айтамыз. Екі жайтты ерекше атап өткен жөн.

Біріншісі: әр адамның дінге қатысты өз көзқарасы бар. Сену немесе сенбеу – әркімнің жеке таңдауы. Екіншісі: журналистика – барынша бейтарап болуды талап ететін мамандық. Діни сенім бостандығы, толеранттық және көптүрлілік мәселесін жариялайтын журналистер қандай да бір наным-сенімді (соның ішінде діни) немесе көзқарасты насихаттамауға тиіс. Журналистер материалды толық жауапкершілікпен шынайы әрі бейтарап түрде әзірлеуге міндетті.

Мұны қалай жасауға болады?

Дін тақырыбындағы контентті әділ әрі тәуелсіз дайындай алатыныңызды бағалау үшін өз сеніміңіздің материалыңызға қалай әсер ететіні туралы үнемі ойлану керек.

Жеке сеніміңіз жұмыс сапасына әсер етуі мүмкін екенін сезе отырып оқиғаны бастағанда, өзіңізге мынадай үш топтағы сұрақты қою маңызды:

1. Осы оқиғаға қатысқан топтардың кез келгенімен байланысым бар ба? Бұл байланыс мені осы жағдайдың қатысушыларына азды-көпті түсіністікпен қарауға итермелей ме? Барлық тарапқа әділ қараймын деп айта аламын ба?

2. Менің жеке сенімім осы жағдай туралы айтуыма әсер ете ме? Олар мен қоятын сұрақтарға және оқиғаны қалай баяндауыма әсер ете ме? Барлық көзқарас әділ қарастырылатынына сенімді бола аламын ба?

3. Қандай да бір топтарға, құндылықтар жүйесіне немесе дүниетанымға басымдық беретінімді не ұнататынымды түсінбей, материалымда біржақтылық танытуым мүмкін бе?

Егер осы сұрақтардың кез келгеніне «иә» деп жауап берсеңіз, оқиғаны қалай жалғастыру керектігін, сондай-ақ тіпті жалғастыру керек пе, жоқ па дегенді мұқият қарастырған жөн. Егер бұл оқиғаны жариялау сізді өте қатты қызықтырса, мұнымен жұмыс істеуді басқа журналистен өтінуге болады. Сонымен қатар редакторға алаңдауыңыз туралы ескертіп, материалды мұқият қарап шығуды және мұнда өзіңіздің жеке көзқарасыңыздың айқын көріну-көрінбеуін бағалауды сұраған жөн.

§ 3.2 Практикалық кеңестер: продакшн алдындағы кезең



§ 3.2.1 ТАҚЫРЫПТЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ

Материалды дайындаудың маңызды кезеңінің бірі – тақырып таңдау. Тақырып таңдауға неғұрлым қатаң әрі байыпты түрде қарасаңыз, материалыңыз соғұрлым өзекті әрі сәтті болады. Тақырып таңдау туралы ойланғанда, өзіңізге бірнеше негізгі сұрақты қойған абзал, олардың жауабы қан тамырлары сияқты материалыңызды жанды әрі толыққанды етеді. Тақырып таңдау алгоритмін бірнеше сұрақ арқылы қарастырып көрелік.

Не туралы?

Тек діни бостандық пен діндердің көптүрлілігі туралы материал дайындауға болмайды. Тақырып әрқашан барынша нақты және келесі көрсетілгендерді қамтиды: объект (кейіпкер, оқиғаға қатысушылар, танымал тұлғалар), объект орындайтын немесе орындай алмайтын әрекет, сондай-ақ осы оқиғаға алып келген мән-жайлар/контекст. Мысалы: «Поликонфессиялы отбасында өскендіктен (жағдай/контекст) дін таңдау туралы шешім қабылдау (әрекет) кезінде қиналатын жасөспірім (объект) туралы әңгіме».

Мыналар тақырып бола алады:

- **маңызды оқиға,**
- **ешкім ол туралы жазбаған адам,**
- **көпшілікке ортақ мәселе,**
- **қызықты өмірлік жағдай немесе оқиға.**

Фактілер бір-бірімен байланысты болады және жағдайды жиынтық түрде сипаттайды. Фактілер өзара әрекеттесуге қатысты неғұрлым мұқият қарастырылса, материалда тақырып соғұрлым тереңірек ашылады. Олардың өзара байланысын көрсету үшін сұрақтар қоюға болады, мысалы: Бұл фактілер немен/кіммен байланысты? Олар ненің салдарынан пайда болды? Енді не болады? Бұл фактілер кімге және қалай әсер етеді? Бұл сұрақтарға жауаптар тақырыпты тереңірек ашуға көмектеседі.

Не үшін?

Не үшін бұл туралы айтқым келеді? Қандай мәселенің шешімін таба аламын? Қандай сұраққа жауап беру керек? Тақырып таңдаған кезде бұл алғашқы сұрақтардың бірі болуға тиіс. Оларға жауап берген кезде білігіңіз, түсінігіңіз және әртүрлі мәдениеттермен және діндермен жұмыс істеу дағдыңыз маңызды.

Таңдалған тақырып өзекті ме?

Әдетте, тақырыпты таңдау әлеуметтік сұранысқа, яғни аудиторияның немесе оның бір бөлігінің қажеттілігі мен мүддесіне берілген жауап. Ақпараттық өрісті талдаңыз: егер тақырып трендте болып, ол туралы көп

жазылса, бұл өзектіліктің сандық көрсеткіштерінің бірі. Бұл сұраққа жауап бере отырып, аудиторияның қатысу әлеуетін де, материалды жариялаудың әлеуметтік салдарын да болжаймыз. Мұнда біз тақырыптың басылымның немесе аккаунттың аудиториясымен тікелей байланысты екенін көреміз.

Қалай?

Автордың міндеті – материалының тақырыбын аудиторияға жеткізу. Ол үшін, біріншіден, болған жағдайды көрсету керек, екіншіден, мәселені көруге мүмкіндік беретін фактілерді ұсыну керек. Бұған көбінесе оқиғаны айту арқылы қол жеткіземіз. Бұл ретте контент жасаған кезде біз діннің өзі туралы емес (материал бір дінді насихаттамауы немесе екіншісін кемсітпеуі үшін), «зиян келтірмеу» ережесін сақтай отырып, оқиғадағы адамдар туралы айтатынымызды нақты түсіну керек.

Мысал ретінде Ксения Диодорованың «Хиджаб киіп түс көру» жобасының материалы бойынша сұрақтарға жауап берейік²⁶.

Не туралы? Ксения Диодорованың материалының негізі бастапқыда хиджаб тақырыбы болған: «Содан соң хиджаб киетін әйелдер туралы айтсақ та жақсы болар еді деген идея пайда болды... Мен олар өмір сүріп жатқан әлемге сүңгіп, хиджабтың басқа мағынасын көргім келді».

Не үшін? Ксения аудиторияны басқа мәдениеттің әйелін түсінуге жақындатқысы келді, стереотиптерді бұзып, басқа мәдениеттің сыртқы көріністері (мысалы, бет-әлпетті жабу) бізді түбегейлі өзгеше етпейтінін көрсеткісі келді. Ксения мұны былай түсіндіреді: «Мен шағын кеңістікте бір адамды екінші адамға жақын қойғым келді. Олар әдетте өмірде кездеспейді, ал енді олар бір-біріне бірдеңе айта алады»²⁷.

Таңдалған тақырып өзекті ме? Қозғалған тақырыптың өзекті екенін Ксения өзі дәлелдеді – бұл стереотип, сондай-ақ «Батыста, Ресейде де қарапайым адамдар хиджабты қауіп ретінде қабылдайтын жағдайлар жиі кездеседі», яғни діни атрибуттар қоғамның бөлінуіне негіз болады.

Қалай? Автордың мақсаты – хиджаб киген әйелдің бейнесіне қатысты «стереотиптік көріністер ағынын» жоққа шығару және ойдан құрастырылған шекараны бұзу. Оған қол жеткізу үшін Ксения келесі қызықты әдісті қолданады: ол «үй», «балалық шақ», «арман», «кәсіп», «сенім», «отбасы» сөздерімен ассоциациялау арқылы әртүрлі мәдениеттегі әйелдердің құндылығы ортақ екенін көрсетеді: «Марокколық әйелдер осы заттарды қолына ұстай отырып, өз ассоциациялары туралы айта бастағанда, әйелдерді алаңдататын дүниелердің ұқсастығына таңғаласың. Кейбір нәрселер, әрине, әртүрлі, бірақ кейбірінің ұқсастығы адам сенгісіз».

Көріп отырғаныңыздай, біз жаңалықпен емес, күрделі форматпен жұмыс істейтін болсақ, болашақ контент тақырыбын іздеу және дайындау процесі ұзақ әрі көпсатылы.

²⁶ <https://dreamsbehindthehijab.ru>

²⁷ <https://www.youtube.com/watch?v=r-ueGzTyyMY>

§ 3.2.2 МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЛАБЫН АНЫҚТАУ

Журналистің немесе блогердің мақсатты аудиториясы дегеніміз – контентіңізді пайдаланатын және оған барынша қатысатын, сондай-ақ белсенділік танытатын адамдар тобы. Сіз мені әртүрлі адамдар оқып тыңдайды, сондықтан да оларды қандай да бір жолмен біріктіру мүмкін емес деп айта аласыз, бірақ бұл сіздің ең үлкен қателігіңіз болады.

Мақсатты аудиторияның портреті сізге тактика, яғни онымен қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы түсінік береді, сәтті тақырыптарды, кейіпкерлер мен форматтарды таңдауға көмектеседі. Оқырман немесе көрермен «Мен де өзімді солай сезінемін» деп айта алатын жағдайда материалға барынша көп жауап беріледі».

Мақсатты аудиторияның портреті келесі белгілерді есепке алады:

- **демографиялық критерий (жынысы, жасы, ұлты, отбасылық жағдайы);**
- **географиялық критерий (ел, елді мекен және т.б.);**
- **әлеуметтік критерий (білім, мамандық, табыс көзі, діни сенім және т.б.);**
- **психологиялық критерий (өмірлік ұстаным, құндылықтар, қызығушылықтар, өмір салты және т.б.).**

Бұл критерийлердің әрқайсы маңызды. Мақсатты аудитория көп нәрсені: тақырыпты, кейіпкерлерді және материалдың тілін таңдауды белгілейді. Бұл әртүрлі аудитория әртүрлі тақырыпты таңдайды деген сөз емес, алайда олардың даму аспектілері әртүрлі болуы мүмкін.

Мысалы, поликонфессиялы отбасындағы балалар және дінді таңдау тақырыбы осы жағдайға қандай да бір қатысы бар адамдардың бәріне: ата-аналарға, туыстарға, жасөспірімдердің өзіне қызықты болуы мүмкін. Алайда ата-аналар статистикамен және ұсыныстармен расталған беделді пікірді білуге қызығатын болар, бұл кезде олар таңдайтын контент осы тақырып бойынша сараптамалық сұхбат болмақ. Жасөспірімдерде бұл таңдау эмоциямен қатар жүреді, олардың ойынша, олар басқалар сияқты емес және басқа жасөспірімдердің оқиғасы олардың қалай таңдау жасағаны туралы білуге қызықтырады.

Материалмен жұмыс жасай отырып, әртүрлі мақсатты аудиторияның медиа тұтыну әдеттерін: олардың қандай медиаконтент форматын қалайтынын және ақпаратты қайдан және қаншалықты жиі тұтынатынын ескеру қажет. Сонда біз мақсатты аудиторияға контентті жеткізу формасы мен арналары туралы басынан бастап ойлануға тиіспіз. Поликонфессиялы отбасында өмір сүретін жасөспірімнің дінді таңдауы туралы мысалда ол ата-аналар үшін YouTube-тегі бейнеподкаст, ал жасөспірімдер үшін TikTok-тағы қысқа роликтер болады.

Мақсатты аудиторияны нақтырақ анықтау үшін оқырманыңызды не көрерменіңізді барынша нақты елестетіңіз. Оның аватарын жасаңыз. Аватар – белгілі бір адамның бейнесі арқылы барынша нақтыланған және егжей-тегжейлі зерттелген мақсатты аудитория. Клиенттің аватары деген түсінік

маркетингте пайда болды, сіздің блогыңыздың не БАҚ-тың аудиториясын анықтауда да дәл сол ережелер қолданылады.

Оқырманыңыз не көрерменіңіз туралы ойлағанда оны белгілі бір адамның бейнесі (жасы, аты, достары, қызығушылығы) арқылы елестетуге тырысыңыз. Мысалы, сіздің аватарыңыздың аты – Гүлмира. Ол 40 жаста, Сергейге күйеуге шыққан, 12 жасар ұлы мен бірінші сыныпта оқитын қызы бар, Қостанайда көпқабатты үйде тұрады. Әрі қарай оның өмірін сипаттау керек: Гүлмира кім болып жұмыс істейді, ол қандай қызмет атқарады? Ол жұмысқа қалай барады? Бос уақытын қайда және қалай өткізеді? Оның өмірінде қандай қиындықтар бар? Оның өмірінде қандай қайғы-мұң бар? Неліктен діни бостандық пен діндердің көптүрлілігі тақырыбы оның жанды жеріне тиеді? Оны қандай аспектілер қызықтыруы мүмкін?

Егжей-тегжейлі сипатталған аватардың арқасында тақырыпты, аспектілерді, форматты нақты анықтауға болады, яғни клиентіңіз үшін ең жақсы ақпараттық ұсыныс жасауға болады. Сонда Гүлмира оны оқуы үшін сіздің материалыңызда не болуы керек екені белгілі болады.

Шын мәнінде аватар сіз үшін мақсатты аудиторияның сегментін бейнелейді. Аватарды егжей-тегжейлі елестеткеннен кейін материалды жоспарлау кезінде қойылатын сұрақтарға берілетін жауаптар айқынырақ болады. Оларды төменде толығырақ көруге болады.

Бұл сұрақтарға берілетін нақты және толық жауап сапалы контент жасауға және редакцияның мақсаты мен аудиторияның мүддесі арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Неліктен бұл тақырып аудиторияңыз үшін маңызды?	
Бұл материал аудиторияңыздың қандай қажеттілігін өтейді?	
Материал аудитория үшін қандай маңызды сұраққа жауап береді?	
Бұл тақырып маңызды болатын аудитория ақпаратты қалай тұтынады? Ол қандай платформаларды пайдаланады?	
Аудиторияңыз үшін қандай құралдарды қолдануға болады?	
Аудиторияңыз қандай форматтарды қалайды?	
Жобаңыз туралы аудиторияға қалай хабарлауға болады?	

Барлық сұрақ логикалық түрде өзара байланысты. Осылайша, ақпаратты тұтынудың қолайлы платформасын анықтау материалды ұсыну форматтарын анықтауға көмектеседі. Мысалы, YouTube үшін үлкен оқиғалар, ал Facebook желісіне қысқа оқиғалар сәйкес келеді, сондай-ақ материалды ұсынудың өзі де әртүрлі болады.

Осылайша, материалды дайындаудың әр кезеңінде мақсатты аудиторияға және оның сұранысына назар аударған жөн. Материалыңыздың қандай мақсатты аудиторияға арналғанын түсіну тақырыпты нақтылауға және аудиторияңыздың назарын жаулау әдістерін таңдауға көмектеседі.

§ 3.2.3 ТАҚЫРЫППЕН ЖҰМЫС (КОНФЛИКТ, ТАРАПТАР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ Т.Б.)

Кез келген басқа тақырып сияқты, дінге сену бостандығы туралы журналистік материал, ең алдымен, өзекті болу (яғни, өзекті мәселелер туралы айту) және мақсатты аудиторияңызға қызықты болу сияқты екі критерийге сәйкес келуге тиіс. Сондықтан алдымен өзекті тақырыптарды іздеудің дәстүрлі әдістерін тізіп көрсетеміз. Бұл жерде бізге не көмектеседі:

■ **жаңалықтарға мониторинг жасау: дәл қазір біздің тақырыпқа қатысты болып жатқанды іздеу;**

■ **бастапқы дереккөзге мониторинг жасау: мемлекеттік мекемелердің, саяси партиялардың, діни және қоғамдық ұйымдардың (мысалы, құқық қорғау) сайттарын, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі тақырыптық қауымдастықтарды тұрақты қарап отыру;**

■ **тақырып бойынша ньюсмейкерлерге мониторинг жүргізу: бұл жоспарлы қоңырау шалу, іс-шаралар кезінде және жеке кездесу, әлеуметтік желілер немесе мессенджерлер арқылы байланыс жасау;**

■ **тақырып бойынша статистикалық есептер мен зерттеулерді қарап отыру: қалыптан тыс сандарды іздеп, содан кейін не және неліктен өзгергенін анықтау;**

■ **үлкен тақырыптарды оқшаулау: әлемдік трендтерді елге, ал жалпыұлттық трендтерді өңірлерге «бейімдейміз».**

Тақырыптың шекарасына келсек, діни тақырыптағы материалдардың келесі түрлерін қарастыруды ұсынамыз:

Қоғамдық-саяси: мұнда негізінен қоғамдық-саяси өмірдің сондай субъектілерімен қарым-қатынасқа (заңнамалық, заңдық, қаржылық, қоғамдық және т.б.) түсетін діни ұйымдар мен олардың ресми өкілдері, сондай-ақ олар қандай нормалар мен заңдарды бұзуы мүмкін екені немесе қандай нормалар мен заңдар оларға өз құқықтарын іске асыруға кедергі келтіретіні назарымызда болады. Сонымен қатар бізді діни бостандықтардың көптүрлілігі арқылы олардың кез келген өзекті мәселені шешу әлеуеті, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірдің барлық субъектісі мен институттары әрқайсымызға кез келген дінді ұстану немесе ұстанбау еркіндігін қалай қамтамасыз ететіні қызықтырады.

Мәдени-танымдық және тарихи: бұл – белгілі бір аумақтардағы әртүрлі діндердің тарихи ретроспективасын және олардың халықтар мен жеке адамдардың мәдениетіне, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне әсерін ашатын тақырыптар, сондай-ақ олардың діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі контексіндегі қазіргі мәдени-тарихи қатысуының әртүрлі аспектілері.

Жеке оқиғалар: бұл тақырыптарды қалай атайтынымыз маңызды – олар әртүрлі діндер туралы емес, оларға сенетін әртүрлі адамдар туралы. Немесе сенбейтін адамдар туралы – бұл олардың еркін таңдауы және осы таңдау олардың жоспарын іске асыруға, мәселелерді шешуге және жай ғана бақытты болуға көмектеседі. Оқиғаларда бұл адамдардың бізге ұқсайтын және ұқсамайтын тұстары туралы айтады. Сондай-ақ неліктен біз әртүрлі бола отырып, бірге болуымыз өте маңызды.

Діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі – айтарлықтай тар тақырыптық фокус. Тақырыпты анықтауға көмектесетін құралдың бірі – ASIA-REF ұйымы жүргізген [фокус топтарға арналған сауалнамадан](#)²⁸ алынған сұрақтар.

Материалдың тақырыбы (ерекше сезімтал) әрқашан автордың жеке және журналистік тәжірибесімен сабақтас. Өзіңізге бірнеше сұрақ қойыңыз да, оларға жауап бере отырып, шынайы өмірдегі оқиғаларды, фактілерді, жағдайларды еске түсіруге тырысыңыз.

Адамның (шынайы, нақты) діни бостандығы бар екенін қалай түсінемін?

■ **Өзім жалғыз болған кезде мен үшін діни сенім бостандығы дегеніміз не?**

■ **Медианы оқығанда, ақпараттық ресурстарды қарағанда мен үшін діни сенім бостандығы дегеніміз не?**

■ **Мемлекеттік органдарға жүгінген кезде мен үшін діни сенім бостандығы дегеніміз не?**

■ **Көршілеріммен, қоғамдастығымның мүшелерімен қарым-қатынас жасағанда мен үшін діни сенім бостандығы дегеніміз не?**

■ **Мен жұмысқа кіріскенде немесе балам мектепке барғанда мен үшін діни сенім бостандығы дегеніміз не?**

■ **Мен немесе менің жақын адамым әскерге барғанда немесе құқық қорғау органдарымен қарым-қатынас жасағанда мен үшін діни сенім бостандығы дегеніміз не?**

■ **Діндегі ерлер мен әйелдер тең құқыққа ие ме? Егер тең болмаса, бұл қалай көрініс табады?**

■ **Діни азшылық топтар немесе негізгі діндердегі ағымдар не прозелиттер тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие ме?**

■ **Қазіргі діни инфрақұрылым діни практикалардың орындалуына ықпал ете ме?**

Осы сұрақтарға берілген жауаптар мен олар туралы ой-толғау негізінде келесі тақырыптар шығады (мысал ретінде төменде контент өндірісі бойынша тренингте осы сұрақтар тізімімен жұмыс істеудің нақты нәтижесі келтірілген):

²⁸<https://mgorod.kz/news/velenie-vremeni-kak-zhivut-uralskie-starobryadcy/>

Діндегі жастар: тренд пе, әлде саналы шешім ме?

■ Әскердегі дін: қазақстандық қарулы күштер қатарында капеллан-дар бар ма?

■ Әртүрлі діндегі жерлеу және еске алу рәсімдерінің ерекшелігі: оларды сақтау қиын ба?

■ Хиджаб киіп жұмысқа орналасу: «оранған» қыздар жұмыс іздеу кезінде қандай қиындыққа тап болады?

■ Поликонфессиялы отбасындағы бала: қашан, қалай және қандай дінді таңдау керек?

■ Саны аз діндерге қатысты жиі кездесетін стереотиптер: мифтерді жоққа шығарып, қарапайым адамдар туралы оқиға мысалымен түсіндіреміз.

Енді қолыңызда тақырып бар, оны зерттеуге кірісіңіз. Біріншіден, тақырыптың ішінен конфликтіні табыңыз. Конфликтіге сезімтал журналистика бойынша сарапшы Питер де Туа жазғандай, жаңалықтардың көпшілігінде конфликт элементі болады: «Конфликт дегеніміз – адамдардың қанағаттандырылмаған қажеттілігін қанағаттандыруға, ықпалын арттыруға, бірегейлігін қорғауға, ресурстарға кең көлемде қол жеткізуге рұқсат алуға және теңсіздік пен әділетсіздікті азайтуға тырысуы. Сонымен қатар өзгерістерге қарсы тұратын және артықшылықтарды сақтау үшін күресетін адамдар конфликтідегі бір тарап болуы мүмкін. Конфликт – өзгерістің маңызды қозғаушы күші, ал өзгеріс барлық дерлік репортаждың негізінде жатыр»²⁹.

Мұнда біз тағы бір жайтты атап өтеміз: Питер де Туа конфликтінің себебі ретінде этникалық тиесілік не дін туралы айтпайды. Ол: «Конфликтілер көбінесе этникалық, діни, мәдени немесе ұлттық келіспеу тұрғысынан түсіндірілсе де, бұл терминдер әлденені жасыру үшін қолданылатын белгі. Адамдардың әртүрлі этникалық немесе діни ортадан шыққаны өздігінен ешқашан конфликтінің себебі бола алмайды. Конфликтілердің этникалық немесе діни аспектілері болуы әбден мүмкін, алайда бұл конфликтілердің шынайы себебі басқада болады», – деп байқайды.

Сондықтан тақырыпты дамытудағы келесі қадам – конфликтіні табу, оның тараптарын, олардың мүдделері мен конфликтінің нақты себептерін анықтап (түпкі себеп дін болмауы да әбден мүмкін!), бұл туралы мәлімдеу. Конфликт ішкі, жеке болуы мүмкін, бұл кезде адам өз жолын, өз тағдырын іздейді, қиындықтарға тап болады және өз ресурстарын табады, соның ішінде оларды діннен табады. Немесе өзінің, өз қабілеттерінің діңгегінен табады. Сонда бұл жеке оқиға болады.


Референстерді іздеңіз. Әлдекім әлдебір кезде бұл тақырыпта жазғаны анық. Не осы форматта жазғаны анық. Немесе сіздің аудиторияңыз сияқты аудитория үшін жазғаны анық. Олардың қандай олжасы бар екенін қараңыз, өйткені сіз оларды қалауыңыз бойынша пайдалана аласыз. Немесе керісінше – сіз ешқашан қайталамайтын нәрсе бар: басқалардың қателігінен сабақ алыңыз. Немесе сіз сияқты бұл тақырыпты әлі ешкім ашпағанына көз жеткізіңіз. Мүмкін ашқан болар, бірақ басқа елде, ал енді сіз оны жаңа нәтижемен қайталайсыз.

²⁹<https://livedune.com/ru/blog/issledovaniya/ehffektivnyj-format-posta-v-instagram2022>

Тақырыпты дамытудың тағы бір құралы – интеллект-карта немесе mind map. Бұл қалай жұмыс істейді? Тақырыпты белгілеп алғаннан кейін, конфликтіні сипаттаған контексті, проблемалық жағдайды ескере отырып, ондағы кілт сөзді табыңыз. Бұл ерекше сөз – болашақ материалыңыздың метафорасы, оның тұжырымдамасы болуға тиіс. Мұндай сөз – бәріне де түсінікті әрі жақын құндылық. Ол кез келген нәрсені білдіруі мүмкін, ол – маңызды нәрсені, киімнің бір бөлігін немесе тақырыпқа байланысты затты бейнелейтін және бәрі бала кезінен не дәстүр туралы білетін әлдене болуы мүмкін. Тақырыпқа бойлаған кезде ойыңызға келген барлық сөзді жазып алыңыз – сіз үшін не маңызды? Не тартады? Қандай сөзден кейін суреттер пайда болып, тарих еске түседі? Нұсқалар тіптен күтпеген болуы мүмкін.

Бұл метафора-сөзді тапқаныңызды түсінгенде, оны парақтың ортасына жазып, айналасына шеңбер сызыңыз. Метафораға ассоциацияларды, ойға келген жақын ұғымдарды, осындай оқиғаның қатысушысы кім болуы мүмкін және неге екені туралы идеяларды, сізге бұрыннан белгілі немесе зерттеу барысында білген фактілерді жазыңыз. Әрбір жаңа сөз – негізгі тақырыбыңыздың шағын тақырыбы, ол туралы да ойлану маңызды. Сондай-ақ оны да шеңберге сызып, оның айналасына өз ассоциацияларыңыздан тұратын сәулелеріңізді сызыңыз да, қайтадан сұрақтар қойыңыз: бұл туралы қандай фактілер бар? Жағдайға қатысушылар-куәгерлер кім? Олар мәселенің қандай аспектілерін ашады? Қандай визуал бейнелер пайда болады? Тақырыпқа қандай жаңа бағыт беріледі?

Ойға шомыңыз, ассоциацияларды ұстаңыз, оларды тізбектеп байланыстырыңыз да картада белгілеңіз. Сондай-ақ жобаңыз туралы көп әрі жиі ойланыңыз! Діндердің көптүрлілігі тақырыбындағы тренингке қатысушының материалдарының бірі үшін mind map мысалы суретте.



§ 3.2.4 ОҚИҒАЛАР МЕН КЕЙІПКЕРЛЕРДІ ІЗДЕУ

Сторителлинг – әңгімелеу тәсілі, әңгіме, оқиға арқылы фактілерді жеткізу. Жаңалықтардан (news writing) айырмашылығы, сторителлинг фактілерді айтуға қарағанда, «оқиға ретінде жасалған қоғамдық өмірдегі драмалық уақиғаны ашу үшін»³⁰ және оқырманды мәселеге тарту үшін қажет.

Оқиға қызықтырады, есте қалады және аудиторияның эмоциясын шығарады. Тарих арқылы журналист әлеуметтік нормалар мен стандарттарға, діни және мәдени көптірлілікке, қоғамдағы саяси және әлеуметтік жағдайға қатысты мәселе көтере алады.

Оқиғаның басталуы, шарықтау шегі, түйіні бар, онда эмоциялар мен фактілер бар. Аудитория өзін кейіпкерге ұқсатпаса да, оған жақындықты сезінеді. Сторителлинг – адамдардың бір-бірін түсінуіне және басқалардың не ойлап, не сезінетінін білуге көмектесетін тиімді әдіс. Негізінен БАҚ-та және әлеуметтік медиада айтылған оқиғалар арқылы әлеуметтік шындық құрылады және пайымдалады.

Осылайша, құндылығы ортақ, ұқсас мәселе алаңдататын әртүрлі конфессияның өкілдері туралы оқиғалар сериясы толерантты болуға ықпал етіп қана қоймай, аудиторияны бәріміз әртүрлі бола тұрып бір қоғамда өмір сүріп жатырмыз деп ойлауға итермелейді. Немесе басқаша болуы да мүмкін, мәселен, SBS³¹ деректі фильмінде өз дініне қатысты әртүрлі көзқарасы бар 10 австралиялық мұсылман қазіргі мультимәдениетті Австралияда мұсылман болу нені білдіретінін зерттеу үшін сегіз күн бойы бір шаңырақ астында өмір сүреді.

Діни көптірлілік пен діни сенім бостандығы тақырыбындағы сторителлинг сенімді диалог атмосферасын құруға мүмкіндік беріп, тақырыпқа тереңірек бойлауға ықпал етеді. Сторителлинг әдістерін қолдана отырып, біз әртүрлі діни бірлестіктердегі адамдарға олар үшін маңызды нәрселер туралы айтуға көмектесе аламыз.

Сторителлинг заңдылығымен жасалған материалдар нақты адамдардың оқиғасы ретінде ұсынылады. Сондықтан бірінші кезекте келесі сұрақтарға жауап береміз: мен нені (не туралы) айтқым келеді? Неліктен (неге) бұл туралы айтқым келеді? Мен қандай мәселені жариялағым келеді немесе қандай негізгі сұраққа жауап бергім келеді? Бұл кімге қызық болуы мүмкін?

Осы сұрақтарға жауап бере отырып, біз тағы да тақырыпты, әңгімеміздің мақсатын, кейіпкерімізді, адами құндылықтарымызды көрсететін бейнені анықтаймыз және нақтылаймыз. Мысалы, **«Уақыт талабы: Оралдағы ескі дәстүрді ұстанушылар қалай өмір сүреді»**³² материалында журналист Кристина Кобина да сторителлинг әдісін қолданады. Автор кейіпкері, ескі дәстүрді ұстанатын қауымның өкілі Михаил Макеевтің оқиғасы арқылы бізге Оралдағы діни азшылық топтардың өмірін ашып көрсетеді.

Діни көптірлілік пен діни айырмашылықтарды жариялау әрдайым шындыққа қатысы аз стереотиптермен күрделене түседі. Кристина Кобинаның материалы осы стереотиптерді жоюға бағытталған. Жарияланымның ескі дәстүрді ұстанушының бейнесінен басталуы бекер емес: «Ескі дәстүрді

³⁰<https://interactive.aljazeera.com/aje/2018/100-faces-of-rohingya-refugees/index.html>

³¹https://www.uwm.edu.pl/cbew/2021-12-2/27_Raspopova-S.pdf

³²<https://www.searchenginejournal.com/youtube-explains-how-shorts-algorithm-works/494953/#close>

ұстанушы» деген сөзді естігенде көп адам кең көйлек киіп, өрілген баумен белін байлаған мұртты және ұзын сақалды ер адамды, басына жамылғы таққан, тобығына дейін түсетін көйлек киген әйелді елестетеді».

Осы типтегі материалдар терең зерттеуді талап етеді. Тақырыпты түсіну және ол туралы аудиторияға айту үшін адамдармен сөйлесу, сол қоғамда уақыт өткізіп, оның тәжірибесі мен өмірін зерттеу керек. Аса маңызды міндеттің бірі – әртүрлі дінді ұстанатын немесе ұстанбайтын адамдардың ортақ құндылығы бар екенін айту. Оқиғаның кейіпкері Михаил Макеевтің әңгімесінде жалпы құндылықтар айтылады: «Балаларыңызды дұрыс тәрбиелеп, үлкендерді құрметтеуді үйрету керек. Жақсы істер жасауды үйрету керек. Махаббат болуы керек. Мен әрқашан отбасы маңызды деп айтамын. Отбасы сияқты ешкім көмектеспейтінін, қолдамайтынын түсіну керек. Балалар – ата-анасының көрінісі деп айтқым келеді. Балаларды барлық нәрсеге қатысты шектеуге болмайды. Шартты түрде теледидар көрсетпей қоюға болмайды. Менің ойымша, рұқсат беру керек, бірақ сонымен қатар баланың не көріп жатқанын бақылау керек. Біздің отбасында теледидар да, бейнемагнитофон да болды. Ата-аналар бала кедергі жасамасын деп телефонға немесе компьютерге рұқсат бермеуі керек».

Сторителлинг белгілі бір ережелерге сәйкес құрылады.

Кейіпкер: адам, отбасы немесе ұйым кейіпкер бола алады. Оқиғада тағдыры немесе құндылықтары ұқсас бірнеше кейіпкер туралы айтылуы мүмкін. Кейіпкерлер арасында әрқашан параллель жасауға болады. Оқиғаның дамуы барысында біз кейіпкеріміздің сыртқы, бірақ көбінесе ішкі өміріндегі өзгерістері туралы білеміз. Көбінесе бұл өмірлік ұстанымдарды, соның ішінде сенім мен дін мәселесін қайта бағалау болуы мүмкін.

Жақсы оқиға шиеленісті болжайды. «Ары қарай не болады?» немесе «Мұның соңы қалай аяқталады?» деген сұрақтар аудиторияны баурап алып, қызықтырады. Көбінесе шиеленіс сыртқы немесе ішкі, айқын немесе жасырын конфликтіден туындайды. Конфликт өзгеріс, оның ішінде құндылық арқылы да ұсынылуы мүмкін.

Әртүрлі дауыс: оқиғада міндетті түрде кейіпкер болуы керек, одан басқа пікір көшбасшылары, сарапшылар және т.б. болуы мүмкін. Жақсы оқиғада әрдайым көп дауыс бар. Кейіпкерлеріңіз өзі үшін сөйлесін. Оқиғаны нақты уақыт режимінде тыңдау аудиторияның қызығуын арттырады.

Дәстүрлі тарих құрылымының элементтерін сақтау. Оқиғаның басталуында кейіпкердің сипаттамасы, оқиғаның бэкграунды, «Бұл оқиға кім туралы?» деген сұраққа жауап болуы мүмкін. Жанашырлық таныту оқиғаның өте маңызды элементі: көрермен/оқырман өзін сіздің кейіпкеріңіздің орнына қойғанда ғана оқиға аудиторияны қызықтырады.

Мультимедиа: оқиғада мәтіннен басқа фото, аудио, видео, анимация, графикалық элементтер және т.б. сияқты контенттің басқа түрлері де қолданылады. Қатысуды арттыру үшін контентке сапалы визуал жасауды қолға алыңыз. Оқиға әрқашан қатысу әсерін тудыруға бағытталған бірнеше аудиовизуал элементтен тұрады. Мәтіннің немесе бейненің орналасуы да қабылдауда маңызды рөл атқарады. Оқиға оқуға, қарауға немесе

тыңдауға ыңғайлы болуы керек, оқиға медианың әртүрлі пазлынан құралады, олардың әрқайсы өз орнында болуы керек екені есіңізде болсын.

Әдетте сторителлингте бірнеше амал қолданылады.

Кейіпкердің жолы. Бұл әдіс ертегілердің негізінде жатыр, мұнда әңгіме тек өмір мен көзқарас туралы ғана емес, сонымен қатар сапалы өзгерістер, әлем көрінісі құндылықтарының өзгеруі туралы болады. Жол барысында кейіпкер ішкі немесе сыртқы трансформациядан өтеді.

Жапырақтар. Материал бір тақырыптың немесе мәселенің айналасында бірнеше жапырақша-әңгіме түрінде құрылады. Мұны оқырманды негізгі ойға жетелейтін бірнеше шағын оқиға болған кезде қолдануға болады. Жапырақшалардың оқиғасы көп жағдайда бір-біріне сәйкес келуі мүмкін, бірақ бөлек сюжеттік желілер немесе жағдайлар болуға тиіс. «Хиджаб киіп түс көру» материалы осылай құрылған, мұнда жоба кейіпкерлері аудитория үшін маңызды сөздерге қатысты өз ассоциациялары туралы айтады.

Фальстарт. Оқиға дәстүрлі түрде басталады, мүмкін алдын ала белгілі болар, алайда кейін күрт үзіліп, мүлдем басқа жолмен қайта басталады. Шок, күтпеген бетбұрыс әсері бар. Формат кейіпкер жағдайды қайта түсініп, басына қайта оралған немесе басқа жолмен жүрген әңгімелерде жиі қолданылады.

Сторителлинг әдісі мультимедиалық әңгімелеу жанрының, лонгрид түрлерінің негізінде жатыр, бірақ оны басқа жанрларда да қолдануға болады.

§ 3.2.5 ДЕРЕККӨЗБЕН ЖҰМЫС

Дін көп адам үшін өте маңызды болғанымен, БАҚ-та діни тақырыптағы жаңалықтар мен әртүрлі нанымдар, әдет-ғұрыптар, әдеттер туралы материалдар көптүрлілігіне орай сирек жарияланады. Журналистер бұл тақырыптар туралы көбінесе діни топтың ішінде немесе арасында келіспеушілік немесе конфликті болған кезде жазады. Ақпараттық қуыс түзіліп, аудитория көбінесе діни қауымдастықтардың өмірін конфликтіден тыс көру мүмкіндігінен айырылады.

Сонымен қатар журналистер өзекті, жаңа және қызықты оқиғалар мен материалды ұсыну тәсілдерін тапса, әлемді және ауқымды аудиторияның осы тақырыпты қабылдауын өзгерте алады. Бұл журналистерден шығармашылық ойлауды талап етеді.

Мұндай контентті жасауға мүмкіндік пен ықылас, ең алдымен, сіз көптеген дереккөзбен тұрақты жұмыс істей бастағанда пайда болады.

Атап айтқанда, бұл діндер немесе адам құқықтары саласында қызмет ететін ресми, қоғамдық және халықаралық ұйымдар. Егер үнемі байланыста болсаңыз, олар міндетті түрде маңызды ақпарат береді.

Ресми дереккөзбен қарым-қатынас

Ресми дереккөз – мемлекет мүддесіне жұмыс істейтін дерек көзі. Олар бізге қоғамда болып жатқан ресми оқиғалар туралы хабарлайды. Сондықтан олармен байланыста болу өте маңызды, өйткені олар бізге бір қарағанда маңызды емес, бірақ қоғам үшін құнды ақпарат бере алады.

Шенеуніктермен, ресми тұлғалармен танысып, олармен әңгімелесу кезінде аудиторияны қызықтыратын тақырыптар туралы талқылауға мүмкіндік табу керек. Ресми және бейресми кездесулер маңызды, сондай-ақ бұл қарым-қатынас өзара шынайы қызығушылыққа негізделсе игі.

Қарапайым адамдардың пікірін зерттеу

Діни сенім бостандығы мәселесінде **қарапайым адамдар ең осал болып келеді және көбінесе дәл осы адамдар маңызды оқиғаны жеткізе алады.** Сіз дінді ұстанатын немесе ұстанбайтын адамдардың ортасында болуыңыз керек, олармен диалогта болуыңыз керек.

Ғибадат орындарына (шіркеулер, мешіттер және басқа ғибадатханалар) бару арқылы аудиторияңыз үшін маңызды және қызықты ақпарат ала аласыз. Бұл жерде түсініспеушілік пайда болуына жол бермеу үшін алдын ала білуге тиіс ерекшеліктер бар екенін айта кету керек. Діндарлар, әсіресе діни практикалар мен әдет-ғұрыптарды орындау кезінде, журналистің белгілі бір мінез-құлқын өздеріне немесе өздерінің дініне деген құрметтің болмауы деп қабылдауы мүмкін, сондықтан адамдармен діни рәсімге дейін немесе одан кейін сөйлесу керек.

Сезімтал діни тақырыптар бойынша сауалнама

Сауалнама оқиғалар мен мәселелер бойынша әртүрлі адамның көзқарасы мен ұстанымдарын түсіну үшін маңызды. Бірақ адамдардан діни сенімдері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы сұрағанда өте сақ болу керек, өйткені бұл тақырыптар тым жеке әрі құпия саналады.

Адамдар арасында сенім, соның ішінде діни сенім туралы сауалнама жүргізу кезінде журналистерге берілетін бірнеше кәсіби кеңес мынадай:

- адамдардың діни сенімі мен әдет-ғұрыптары туралы сұрағанда, бұл сізге біртүрлі әрі күлкілі болып көрінеді деп ойламауы маңызды. Оларға құрметпен қарауыңыз керек;

- сіз бұл сенімдердің өте жеке екенін мойындауыңыз керек. Кейде адамдар олар туралы айтқысы келмейді. Егер олай болса, мәжбүрлемеуіңіз керек;

- адамдарға бұл ақпаратты не үшін алғыңыз келетінін және онымен не істейтініңізді әрқашан ашық айтып, түсіндіру маңызды.

§ 3.2.6 САРАПШЫЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Діни тақырыптағы контентпен жұмыс істегенде сізге әрдайым табылған ақпаратты талдап, алдымен сізге, содан кейін оқырманға оның мәнін түсіндіретін мамандар қажет болады. Мұндай маман осы тақырыпты жақсы білетін адам болуы мүмкін. Егер оның медиада тәжірибесі болса, сондай-ақ түсініктеме берсе не мақалалар жазса, тіптен жақсы. Журналистің алдында тек репортер ғана емес, сонымен қатар зерттеуші әрі талдаушы болу міндеті тұр. Дәл осы мақсат үшін сізге болып жатқан оқиғалар мен қолда бар ақпаратты кәсіби түрде түсіндіре алатын маман қажет.

Сонымен қатар, бір маңызды мәселені атап өткен жөн: мамандар шеңбері тым шектеулі болмауы керек. Материалмен жұмыс істеу кезінде арқа сүйейтін сарапшылардың санын көбейту үшін сіз әрқашан БАҚ пен әлеуметтік желілерде, клубтарда және кездесулер кезінде не туралы айтылатынын білуіңіз керек. Осылайша, жақсы сарапшы бола алатын басқа адамдарды таба аласыз.

Аудитория тұрақты сарапшыларды танып, олардың сөзіне сенсе де, олар жалықтыруы мүмкін, өйткені адам әрқашан жаңаны іздейді. Сондықтан сарапшылар тобын үнемі жаңартып отыру ұсынылады. Сонымен қатар әртүрлі сарапшының пікірі адамдарға бір көзқарасқа шоғырланбау үшін діндер туралы әртүрлі көзқарасты білуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ сарапшылар арасында гендер, жас, әлеуметтік топтар тұрғысынан көптүрлілік болғаны маңызды.

Тағы бір міндет – бір қоңырау шала алатын сарапшылардың тізімін түзіп, олармен үнемі байланыста болу. Бұл тізім де жаңартылып тұруы керек.

§ 3.2.7 КОНТЕНТТІ ЖЕТКІЗУ АРНАЛАРЫ

Материалыңыз дайын болып, ақпаратты жеткізудің қандай арналары мен форматтарын (оларды келесі параграфта қарастырамыз) қолдануға болатыны туралы ойладыңыз. Бұл – аудиторияны қамтуға әсер ететін өте маңызды кезең. Ақпаратты жеткізу арналары ретінде дәстүрлі БАҚ-ты, интернет БАҚ пен әлеуметтік желілерді алуға болады.

Дәстүрлі және жаңа медиа бір-бірімен белсенді қарым-қатынас жасайды, қоғамға ақпарат кең көлемде жетуін және коммуникация мен пікір алмасудың әртүрлі мүмкіндігін ұсынады. Дегенмен, әрбір ақпарат алаңының өзіндік ерекшелігі бар және жасына, тұрғылықты жеріне және қызығушылығына қарай өз аудиториясы бар.

Интернеттің пайда болуымен БАҚ-қа арналған жаңа платформалар пайда болды. Олар жаңалықтар мен пікірлерді кеңінен таратуға, сондай-ақ комментарийлер, лайктар және репосттар арқылы аудиториямен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Интернет БАҚ мәтін, гипермәтін, аудио мен бейнені біріктіре отырып, интеграцияланған ақпаратты жариялауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медианың дамуына байланысты БАҚ пен контент-мейкерлер бұл нишаны белсенді түрде игеруде, өйткені дәл осы әлеуметтік желілер адамдарға

бір-бірімен қарым-қатынас жасауға және ақпарат алмасуға мүмкіндік береді және сол арқылы аудиторияны көбейтіп, аудиториямен диалог құру әлеуеті артады.

Ақпаратты жеткізу арналарының әрқайсының өзіндік ерекшелігі мен мақсатты аудиториясы бар. Талдау кезінде өзекті деректерге сүйенген маңызды, өйткені аудиторияның қалауы өзгермелі. Әртүрлі медианы тұтыну көбінесе аудиторияның жасына байланысты. Мысалы, Internews Қазақстан жүргізген зерттеуде 2019, 2021 және 2023 жылдардағы әртүрлі жастағы қазақстандық аудиторияның медиатұтынуын талдау әртүрлі медиа түрлерінің артықшылық динамикасын көрсетеді.

Әртүрлі жас санаты бойынша елдегі өмір туралы ақпарат алудың негізгі дереккөздері

Жауап нұсқалары	Жыл	14–18	19–29	30–45	46–60	61–65
Әлеуметтік желілерден	2023	↑ 68 %	↑ 69 %	↑ 60 %	↑ 45 %	↓ 22 %
	2021	54 %	63 %	45 %	28 %	27 %
	2019	61 %	55 %	49 %	31 %	20 %
Интернет сайттардан	2023	↑ 45 %	↑ 43 %	↓ 44 %	= 40 %	= 32 %
	2021	38 %	38 %	50 %	39 %	32 %
	2019	66 %	57 %	56 %	48 %	20 %
Басқа адамдардан, туыстардан, достардан, таныстардан немесе әріптестерден	2023	↓ 30 %	↑ 27 %	= 22 %	= 21 %	↓ 16 %
	2021	34 %	20 %	21 %	21 %	20 %
	2019	36 %	40 %	41 %	46 %	46 %
Теледидар бағдарламаларынан	2023	↑ 17 %	↑ 20 %	= 28 %	↑ 55 %	↑ 68 %
	2021	13 %	17 %	29 %	53 %	58 %
	2019	46 %	48 %	60 %	71 %	77 %
Газеттерден, журналдардан	2023	= 3 %	↓ 2 %	= 4 %	↓ 6 %	↓ 7 %
	2021	3 %	4 %	5 %	10 %	28 %
	2019	4 %	6 %	9 %	17 %	23 %
Радиобағдарламалардан	2023	= 2 %	= 2 %	= 4 %	= 4 %	↓ 4 %
	2021	3 %	2 %	5 %	4 %	9 %
	2019	4 %	4 %	6 %	8 %	4 %



Егде жастағы және ауылдық жердегі тұтынушылар орташа есеппен алғанда теледидар қарайды. Қазақстандықтардың көпшілігі халықаралық жаңалықтарды әлеуметтік желілерден (48%), қазақстандық телеарналардан (41%), ресейлік телеарналардан (27%) немесе мессенджерлерден (16%) алады. Интернет қолданушылардың 60%-ы Instagram және 50%-ы YouTube желісін пайдаланады. TikTok желісін 30%-ы, ал Facebook пен Одноклассники желілерін шамамен 20%-ы пайдаланады³³.

Әлеуметтік желілердің әрқайсында контенттің көпшілік қолданатын форматтарының өзіндік жиынтығы бар. LiveDune мәліметтері бойынша, 2022 жылы Instagram-да бұл – reels³⁴ (қамту, қарау, сақтау және лайктар). Жалпы бейнеконтентті пайдаланудың артуы әлеуметтік желілер мен БАҚ-қа тән.

Қазір медиаарналар көбейіп, адамдардың әлеуметтік медиаға тәуелділігі де артып келеді. Сондықтан БАҚ ақпаратты жеткізудің әртүрлі арнасын, әсіресе әлеуметтік желілерді белсенді игеріп келеді. Бұл аудиториямен қарым-қатынас орнатуға және сақтауға, сондай-ақ жаңа оқырман тартуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілерде сәттілік көрсеткіші – аудиторияның өсуі ғана емес, сонымен қатар материалдарға, комментарийлер мен лайктарға реакцияның өсуі. Медиаңыз қандай аудиторияға бағытталғанына байланысты Instagram, ВКонтакте, Telegram сияқты әртүрлі әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді игеруге болады. Контексті жеткізу арналары туралы айтатын болсақ, қайтадан мақсатты аудиторияның портретіне және оның сұраныстарына ораламыз.

§ 3.2.8 ФОРМАТТЫ ТАҢДАУ

Дәстүр бойынша, медиаформат контекске емес, ақпараттық өнімдердің технологиялық сипаттамасына: сыртқы көрінісіне, тарату әдісіне, дизайн мен құнына байланысты. Қазіргі таңда формат – әлеуметтік-демографиялық, психологиялық, буын сипаттамасын, өмір салтын ескере отырып, белгілі бір аудиторияны тартуға арналған материал жасау концепциясы. Біз формат деп контенттің сыртқы сипаттамасын: формасын, таңдау және оны ұсыну тәсілдерін түсінеміз. Бұл арнайы жобалар, фотоқиғалар, әлеуметтік желілерге арналған caption-бейнелер, карточкалар, интерактив лонгридтер, YouTube-ке арналған ұзақ бейне форматы, қысқа бейнероликтер, reels, Instagram-ға арналған stories пен IGTV және т.б. болуы мүмкін.

Біз жинақтаған материалдың тақырыбын, мүмкіндіктері мен шектеулерін таңдау форматқа да әсер ететінін түсіну маңызды.

Әр форматтың астарында аудиторияның оны қызықтыруы мүмкін медиатұтыну әдеттері бар. Мысалы, форматты таңдау мақсатты аудиторияға ақпаратты тұтынудың таныс және түсінікті тәсілдерімен байланысты болған жайт. «Рохинджаның 100 босқыны»³⁵ материалында автор фототарих жасайды, мұнда әрбір фотосурет – телефон арқылы қарауға ыңғайлы тігінен түсірілген кадр, өйткені оның негізгі мақсатты аудиториясы – Instagram-да stories қарауды тұрақты медиаәдетке айналдырған жастар, сондай-ақ автор бұл күнделікті әдетті үлкен материал форматына енгізеді.

³³<https://www.youtube.com/watch?v=yv-DJiYbsqU>

³⁴<https://www.youtube.com/watch?v=gKSO06kNS0g&t=100s>

³⁵<https://islam-today.ru/obsestvo/kultura/videt-sny-v-hidzabe/>

Аудиторияның медиа
әдеттерінің журналистік
материалға ықпалы

100 faces of Rohingya refugees

Portraits of the world's most
persecuted minority.



By Showkat Shafi/Al Jazeera

Who are the Rohingya?

They are an ethnic group, the
majority of whom are Muslim,
who have lived for centuries in the
majority Buddhist Myanmar.

Currently, there are about 1.1
million Rohingya in the Southeast
Asian country.

100 faces of Rohingya refugees
Showkat Shafi/Al Jazeera

Сондай-ақ материал мен форматты ұсыну формасын таңдау тақырыпқа тығыз байланысты, ал ол мақсатты аудиторияға және оның қызығушылығы мен мәселелеріне тәуелді.

Зерттеуші С. Распопова мен С. Симакованың пікірінше, формалды түрде белгілі бір жанрдың аясында қалып, «форматтағы баяндау бейне, толықэкранды фотосуреттер, стильді иллюстрациялар, таймлайн, типография мен инфографиканы пайдалану арқылы қызықты оқиға пайда болатындай етіп құрылады»³⁶. Формат гибрид ақпараттық өнімнің технологиялық қаптамасына айналады. Формат ұғымын қарастырғанда авторлар суреттегі жаңалықтарды, лонгридті, сторителлингті, ток-шоуды, арнайы жобаны, трейлерді және т.б. атайды.

Мысал ретінде бірнеше форматты қарастырамыз.

Карточкалар. Түсіндірме журналистика форматы. Карточка материалдары жалпы тақырып байланыстыратын бірнеше суреттен тұрады. Сурет, әдетте, түсіндірме мәтінмен бірге жүреді. Карточкаларда діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі туралы мәдени-ағартушылық материалды ұсынуға болады – мысалы, «Дүниежүзіндегі әртүрлі діндегі әйел бас киімінің ерекшеліктері» жобасы. Карточкалар жанры кәсіби журналистикада да, Instagram-да да белсенді қолданылады.

Лонгрид. Қазір әртүрлі мультимедиалық элементке бөлінген үлкен материалды беру форматы лонгрид деп аталады. Лонгридтің орталығында көбінесе контекст емес, технологиялар: фотосуреттер, инфографика, аудио иллюстрациялар, анимациялық кескін, бейнелер және т.б. пайда болады. Олар мәтінді сүйемелдеп қана қоймай, сонымен қатар аудиторияны еңгімеге тарта отырып, материалдың негізгі элементтері ретінде әрекет етеді. Лонгридтің ішіне саяхат, тарих немесе маңызды мәселе кіруі мүмкін.

Артдок – лонгридтің бір нұсқасы. Мұнда визуал формалар: фотолар мен бейнелер басым, ал негізгі баяндау проблеманы эстетикалық

³⁶Симакова С. И., Енбаева А. П. Сторителлинг как приём журналистской работы // Знак: проблемное поле медиаобразования. 2019. № 1 (31). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/storitelling-kak-priem-zhurnalistiskoy-raboty>

қабыл даумен байланысты. Мәтін негізінен құрылымдық элементтер арасындағы байланыс болып, визуал элементтерді түсіндіреді. Мұндай лонгридтің жарқын мысалы – Ксения Диодорованың «Хиджаб киіп түс көру» жобасы.

Фичер. Егер күрделі тақырыптар туралы қызықты және қарапайым тілде жазғыңыз келсе, фичер (feature story) – лонгрид пен аналитикалық мақаланың гибридін таңдауға болады. Фичер – өзекті тақырыпқа не жаңалықтарға арналған, бірақ көркем түрде жазылған қызықты мақала. Фичерде кейіпкердің болуы, сюжеттің шиеленісі мен дамуы, яғни сторителлинг элементтерін қолдану қажет.

Фичердің белгілі бір құрылымы бар және келесі элементтерден тұрады:

- қызықты лид. Бұл күлкілі оқиға, жарқын кейіпкерді таныстыру, жағдайды сипаттау болуы мүмкін;

- нат-граф (nat-graph, бөгетше) – материалдың мәнін қамтитын бір абзац: кім, қайда, қашан, қалай және неге;

- негізгі бөлім – дәйексөздермен, қатысушылардың немесе сарапшылардың сөзін қайталаумен, адамдардың өмірінен алынған мысалдармен, статистикамен және зерттеу нәтижелерімен расталған дәйекті фактілерді жүйелі баяндау;

- қорытынды – түйін, бастапқы тезиске оралу немесе материалыңызды түйіндейтін күшті дәйексөз болуы мүмкін.

Егер айтылғандарды жалпылайтын болсақ, форматты таңдауға келесі факторлар әсер етеді:

Аудиторияңыз және оның контентті тұтыну әдеттері. Егер оқырманьың қысқа бейнелерді тұтынуға дағдыланған болса, үлкен формаларды таңдамаған абзал.

Материалды ашатын тақырып. Егер күрделі мәселені шешуді мақсат етсеңіз, Instagram-ға арналған қысқа бейне немесе stories форматын пайдалана алмайсыз.

Тарату арнасы. Жанрға қарағанда формат ұғымы мақсатты аудиторияның қызығушылығы мен медиаәдеттерін, демек, ол ақпаратты тұтынатын алаңдарды қамтиды.

§ 3.3 Практикалық кеңестер: продакшн кезеңі

§ 3.3.1 ЖУРНАЛИСТІҢ «АЛАҢДАҒЫ» ЖҰМЫСЫ: КЕЙІПКЕРЛЕР, ОҚИҒАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Егер продакшн алдындағы кезеңде тақырыпты таңдап, кейіпкерді тапсаңыз (және онымен кездесуге келіссеңіз), фактілерді жинап, мәселені түсіну үшін дереккөзбен және сарапшылармен жұмыс жасасаңыз, сондай-ақ мақсатты аудиторияға діни тақырыптағы оқиғаңызды қандай

форматта және қандай арналар арқылы жеткізетініңізді білсеңіз, тыйым салынған әдебиеттер мен ұйымдардың тізімін тексеріп, өзіңіз жазғыңыз келетіндерді ол тізімнен таппасаңыз, «алаңда» жұмыс істейтін және контентті «өндіруге» баратын кез келді.

Бұл параграфта біз журналистің «алаңдағы» жұмысының кәсіби егжей-тегжейіне тоқталмай-ақ, діни тақырып бойынша жұмыс істеу ерекшелігіне байланысты сәттерге тоқталамыз.

Есте сақтауыңыз қажет бірінші мәселе: сіз жұмыс істейтін тақырыптың табиғаты тым сезімтал. Бұл адамның өміріндегі ең интим нәрсе – оның Құдаймен қарым-қатынасы: Құдайға сенуі немесе сенбеуі туралы әңгіме, бұл да өте жеке мәселе және құндылықтар мен сенімге байланысты.

Әрбір журналист осы құндылықтарға жетуді армандайды, бұл оның материалын ерекше етеді. Бұл контексте кейіпкермен кездесуге дейін байланыс орнату кезеңі және кездесу кезінде қауіпсіз әрі қолдау көрсету атмосферасын құруға күш салу маңызды. Мысалы, ұстанатын діні сіздің қоғамдастықта кең таралмаған адамдар туралы материал дайындап жатырсыз. Әрі олардың басқалардан, әсіресе журналистерден аулақ болуының әртүрлі себептері бар.

Ең тиімді нұсқа – кейіпкеріңізбен ол сенім білдіретін адамның таныстыруы. Бұл діни ұйымның жетекшісі, көшбасшысы немесе белсендісі болуы мүмкін деп болжау қисынға келеді. Бұл туралы журналистер мен әртүрлі діни ұйым өкілдері кездескен пікірталасқа қатысушылар айтқан, тіпті сәтті нетуоркингтің құпия ережесін шығарған: біз сенім білдірген кезде байланыс деректеріміз смартфонның жазба кітапшасында болуы керек.

Кейіпкерлермен тікелей кездесудегі қауіпсіз атмосфера өзіңіз айтып отырған адамдар үшін маңызды канондар мен ережелерге қайшы келмейтін сыртқы келбет (киіміңе қарап қарсы алады) пен мінез-құлықтың (ақылына қарап шығарып салады) сәйкестігінен басталады. Мешітке кірген кезде аяқ киіміңізді шешу, әйелдердің ғибадатхананың табалдырығы алдында басын жабуы, тіпті сіз басқа діннің адамы не атеист болсаңыз да, сенімге деген қарапайым, бірақ маңызды қадам.

Конфликтіге сезімтал журналистика мәселесі бойынша Орталық Азияның танымал медиасарапшысы Инга Сикорская атап өткендей, ортаға толығымен бойлау және діни ұйымдардың өкілдерімен ұзақмерзімді және сенімді қарым-қатынас орнату үшін өзіңізді сыртқы келбетпен де, сөзбен де, мінез-құлықпен де ешкімді ренжітпейтіндей ұстау маңызды. Ұзақ сапарлар мен іссапарларға алдын ала дайындалу керек, келісілген жерге барғанда жалпы жағдайдан ерекшеленбеу, өзіңізге теріс көзқарас қалыптастырмау үшін ережелер мен әдеттерді зерттеу керек.

Кездесудің мақсаттары мен міндеттерін нақтылау мәселесі де қарым-қатынас орнату кезеңіне жатады. Кейіпкерлеріңіз сіздің кім екеніңізді білуі және түсінуі (жұмысыңыз бен тәжірибеңіз туралы ашық айтыңыз), сіз қазір қандай контентпен жұмыс істеп жатқаныңызды, ол қандай форматта болатынын және қандай арналар арқылы таратылатынын білуі керек, түсірілім жоспарыңызды – орналасу жерін, ұзақтығын, бәрін келісіп алған жақсы.

Сұхбат беруші өзінің қатысуы ерікті екенін және кез келген уақытта тоқтату мүмкіндігі бар екенін анық түсінетініне көз жеткізіңіз. Жекелеген, ерекше немесе шетін жағдайларда келісімді қағазға түсіріп, қолтаңбамен бекітуге болады. Бұл болашақта түсініспеуге жол бермеу үшін журналистке де пайдалы болуы мүмкін.

Сұхбатты мессенджерлер немесе коммуникациялық платформаларды (Zoom, Google Meet және т.б.) қолдана отырып онлайн өткізуге де болады, бірақ ол үшін сізді өте беделді адам ұсынып, кепілдік беруі немесе белгілі бір сенім деңгейіне жетуіңіз, яғни бірінші кездесу болмауы керек.

Келесі кеңес – психология және тиімді коммуникациямен байланысты: сұхбат берушінің айтқанының бәрін дұрыс түсіну, есте сақтау және дәлме-дәл жазу үшін белсенді тыңдау әдістерін қолданыңыз. Бұл сізге оның нақты айтқысы келгенін естуге, оның жауаптарының ықпал-жықпылы мен нюанстарын түсінуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда маңызды жайттарды айқындауға көмектеседі.

Белсенді тыңдау әдістерін қолданудың тағы бір пайдалы әсері бар: сұхбаттасушыны әңгімені бағыттау арқылы егжей-тегжейлі жауап беруге шақырамыз және бұл да жақсы түсінуге, сондай-ақ мақсатқа жетуге ықпал етеді.

Белсенді тыңдаудың бірнеше әдісі:

■ **Жаңғырық техникасы – сұхбаттасушының ойын аяқтаған жеке сөздерін немесе сөз тіркестерін сұраулы интонациямен қайталау, бірақ мұны жиі қолданбаңыз.**

■ **«Ахалау» – біз тыңдаған кезде басымызды изеп, келісеміз және назарымызды көрсетіп, «аха-аха» деп сергітетін дыбыстар шығарамыз.**

■ **Нақтылау – егер оқиғаны немесе тәжірибені егжей-тегжейлі түсінбесеңіз, нақтылауды және қайталауды немесе қосымша айтуды сұраңыз. Сөз тіркесін «Мен ... дегенді дұрыс түсіндім бе?» деп бастауға болады.**

■ **Пауза – адам сөйлесуді аяқтаған кезде пауза қойыңыз. Ол ойлануға, зерделеуге, түсінуге және оқиғаға бір нәрсе қосуға мүмкіндік береді.**

■ **Түйіндеу – сұхбаттасушының айтқанын ауық-ауық қорытындылап отырыңыз және келесі тақырыпқа өтіңіз.**

Сезімді бейнелеу – мұндай сұхбаттардың тағы бір маңызды бөлігі: эмоцияңызды білдіріңіз және сұхбаттасушының эмоциясы туралы сұраудан тартынбаңыз (әрине, шектен шықпаңыз). Сұхбаттасушының не айтатынын ғана емес, оның эмоциясының сөзде, интонацияда қалай көрінетінін, сондай-ақ оның дене қимылы (отырысы, кеңістіктегі ұстанымы, ымдауы, қозғалысы) нені білдіретінін бақылаңыз. Сұхбат берушіге сезімдерін еркін көрсетуге мүмкіндік беріңіз, сонда ол сенімдері туралы, ол үшін не құнды және қымбат екенін шынайы мәлімдейді. Біздің қалауымыз да осы емес пе?

Тағы бір маңызды жайт: діни сенім бостандығы құқығын құрметтей отырып, белгілі бір діннің пайдасына тікелей немесе жанама кемсітуден немесе үгіт-насихаттан аулақ болыңыз. Зайырлы басылым журналисінің материалында белгілі бір діннің канондарын түсіндіру, қасиетті жазбаларды түсіндіру, діни кітаптардан дәйексөз немесе діни салттарды қалай дұрыс орындау керектігі туралы нұсқау болмауы керек. Бұл тақырыптың барлығы – журналистиканың емес, арнайы діни әдебиеттің пәні.

Өз құқығыңызды да құрметтеңіз. Ол үшін журналист кейіпкермен сұхбат кезінде өзінің сенімі немесе сенбеуі туралы мүлдем талқыламауы керек. Бұған қатысты да Инга Сикорскаяның кеңесі бар: мұндай әрекетке қысқа да нұсқа жауап беріңіз, мысалы, «Мен жұмыс кезінде өз дінімді талқыламаймын».

Редакцияңызда ішкі стандарт, соның ішінде дін тақырыбын сипаттайтын және дін тақырыбын қалай жариялау керектігі туралы редакциялық стандарт қабылданған болса игі. Егер бар болса, мұны сақтаңыз. Жоқ болса, журналистиканың негізгі стандарттары мен этика кодексіне сүйеніңіз.

§ 3.3.2 ФОРМА МЕН МАЗМҰН АРАСЫНДА: БАЯНДАУ

Мүмкіндігінше барлық материалды (сұрауға берілген жауаптар, сұхбаттар, статистика, кейіпкерлердің әңгімесі, фотосуреттер, бейнелер, сандар, фактілер мен оқиғалар топтамасы, сарапшылар мен куәгерлердің пікірі және басқа да фактура байлығы) жинағаныңызды түсінген сәт келіп жетті және оны біртұтас құрылымға жинайтын уақыт келді, кейін сіз мұны медиаконтент деп атайсыз.

Біз сізге бірінші кезекте айтқыңыз келетін фактілер мен оқиғаларды, пікірлер мен суреттерді (сіздің контентіңіздің ең кіші бірліктері осы) қамтитын уақыт сызығын (таймлайн) құруды ұсынамыз. Жиналған материалды құрылымдаудың басқа да жолдары бар, бірақ осы нұсқаулықта біз біреуіне назар аударамыз, өйткені ол ыңғайлы әрі оңай. Уақыт сызығы сізге оқиғаны хронологиялық түрде (алайда бұл да мүмкін) айтуға міндеттемейді, алайда бұл сызыққа қарай отырып, жинақтаған материалыңыздың бәрін бір қарап-ақ қамти аласыз.

Бұл үшін түрлі-түсті стикерлерді қолдануды ұсынамыз, сіз оларды ыңғайлы жерге, мысалы, бос қабырғаға жабыстыра аласыз. Немесе кішкене қағаз парақшаларға бекітіп, үстелге жайып қоя аласыз.

Таймлайнды жасағаннан кейін, тағы екі маңызды нәрсені жасауға дайын болыңыз. Техникалық тұрғыдан бұл мынадай көрініс береді: әр карточканың сол жағына (есіңізде болсын: әр карта – контенттің ең кіші бірлігі: факті, оқиға, пікір, бейне) оның өзі жауап беретін сұрақты жазасыз. Оң жаққа оны материалда қандай түрде ұсынатыныңыз туралы идеяңызды жазыңыз: мәтін, бейне, аудио, сурет, әлде басқа нәрсе...

Түсінікті болу үшін хиджаб кигендіктен жұмысқа орналаса алмаған қыз туралы материалдың ең кіші бірліктерін тізімдеп көрсетейік. Біз оларды үш бағаннан тұратын кесте түрінде елестетейік, бұл жердегі

сары баған – сұрақ жазылған карточкалар, қызғылт – таймлайнға арналған карточкалар, ал жасыл – контент түрлері көрсетілген карточкалар.

Қандай сұраққа жауап береді?	Таймлайн (контенттің ең кіші бірлігі)	Контент түрлері
Кейіпкерді жұмысқа алудан қанша рет және қай кезең ішінде бас тартты?	Сандар	Сан және сурет көрсетілген карточка
Жұмысқа алудан бас тартқан кезде кейіпкер не сезінді?	Хиджаб киген кейіпкер қызбен сұхбаттың үзіндісі	Бейне. Мәтін
Хиджаб киюдi қазақстандық заңнаманың қандай нормалары реттейді?	Заңгермен сұхбаттың үзіндісі	Мәтін
Қазақстан әйелдерінің костюмінің бір бөлігі ретінде хиджабтың болуын қандай фактілер көрсетеді?	Дінтанушымен сұхбаттың үзіндісі	Күндер, мәтін. Карта.
Кейіпкер өзін заңды түрде қалай қорғай алады?	Заңгермен сұхбаттың үзіндісі	Мәтін
Кейіпкер жұмыс тапқанға дейін қандай жолдан өтті?	Оқиғаның желісі	Мәтін
Кейіпкер басқа да жабық киінетін қыздарға қандай кеңес береді: жұмысқа орналасу кезінде өзін қалай ұстау керек?	Хиджаб киген кейіпкер қызбен сұхбаттың үзіндісі	Бейне. Мәтін

Контентті дайындауды бастаудан бұрын тағы бір қадам жасаңыз.

Барлық қажетті ақпаратты жинадым ба? – деген сұраққа жауап беріңіз. Бірдеңе жетіспей ме (нақты не)? Кей нәрсе тым көп айтылды ма (мағынаны жоғалтпай нені алып тастауға болады)? Егер жауапқа риза болсаңыз, келесі қадам – баяндауыңызды қандай ретпен және қандай құрылыммен беретініңізді шешу.

Карточкалардың орнына кесте қолдануға болады, бірақ карточкаларды жылжыту және көңіліңізден шыққанша олардан контентіңіздің түрлі құрылымын жасау оңай. Екі нұсқаны да – кестені де, карталарды да пайдалануға болады. Материалды айналдырудың жолдары мен мүмкіндіктері неғұрлым көп болса, қорытынды контент соғұрлым біртұтас және қисынды болады.

Баған және «контент түрлері» карточкалары туралы тағы бірер сөз: форматқа бір қадам қалды. Иә, олардың арасындағы шекара өте бұлыңғыр, кейде ол мүлдем жоқ. Мысалы, «мәтін» – сөзбен жазылған нәрсе, сондай-ақ контент түрі мен форматы. Ал бейне, бір жағынан, контент түрі,

бірақ ол үшін формат түрі көп және әрқилы: кэпшн бейне, сториз, қысқа бейне, деректі фильм, бейнесұхбат және бұл ұзақ тізім болуы мүмкін.

Құрылымды пысықтау аясында сіз карточкалардың төртінші қатарын дайындап, оны «форматтар» деп атауға болады. Олар туралы ақпарат осы тараудың аттас параграфында көрсетілген.

§ 3.3.3 КОНТЕНТ ЖАСАУ (МӘТІН, ВИДЕО, АУДИО, ФОТО)

Контент деп осы тарау аясында қорытынды материалды түсінеміз, яғни журналист негізгі идеяны жинақтайтын және аудиторияның көңілінен шығуға үміттенетін нәрсе. Қазіргі таңда қандай контент түрлері негізгі болып саналады?

Мәтін. Адам әліппені ойлап тауып, сөз жазуды үйренген сәттен бастап ақпаратты жазбаша түрде жеткізе бастады. Басқа түрлер не десе де, мәтін әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ал журналистер үшін мәтін жазу ажырамас білік пен күнделікті жұмыс тәртібінің бөлігі.

Бірақ жақсы және жиі жазатындарда да анда-санда «ақ қағаздан қорқу» сезімі пайда болады немесе керісінше, тым көп жазып, «өшпес дүниені» редакциялауға қолың жүрмейді. Мәтінді жетілдірудің көптеген жолы бар және әркімнің өзіне тән құралдар жиынтығы бар, тіпті осы күнгі үйреншікті тәсіл – GPT чатына жүктеп салып, «жақсырақ жаз!» деген бұйрық беру. Бірақ бұл, берісі кәсіби емес болса (қалай болғанда да, біз ЖИ көмегімен жасалған контентті таңбалауға шақырамыз), әрісі – журналисті жасанды интеллект алмастыратын жағдайға апаратын жол.

Мәтінді қалай игеруге болатыны туралы тәжірибелік ұсыныстарды қарастырайық. Мысалы, репортаждық стильдік белгілерінің бірі – мәтіндегі сөйлеудің үш түрінің кезектесуі: баяндау, сипаттау және пайымдау. Мәтініңізді талдап, оның ішіндегі барлық үш түрді белгілеңіз де, өзіңізге сұрақ қойыңыз: олардың сандық қатынасы қандай (қайсы көп, қайсы аз)? Суреттер жарқын болуы үшін – сипаттаманы, динамика үшін – баяндауды, аналитикалық сипат болуы үшін сарапшылардың пайымдауын қосу қажет пе? Менің авторлық стилім сөйлеу түрлерінде қалай көрінеді? Әлденені жақсартпа аламын ба?

Бейне. Көптеген медиазерттеуге сәйкес, қазіргі күні аудитория ақпаратты негізінен бейне арқылы алады. Сондықтан контент жасаушылар бейне өндірісіне көбірек көңіл бөле бастады. Қазіргі таңда журналистер мен контент-мейкерлер мобильді түсірілім жасау және монтаждау негіздерін, сондай-ақ бейнемен жұмыс істеудің ең қарапайым құралдарын, мысалы, CapCut және VN бағдарламаларын білуі керек.

Әлеуметтік желілер де бейнеге ерекше назар аудара бастады: Instagram, Facebook, Youtube, TikTok бейнеконтентті жариялауға басымдық береді. Caption бейне көп тараған форматтың біріне айналып отыр, бұл жерде аудиторияға ыңғайлы болу үшін бейнетізбек титрлармен бірге жүреді. Дайындық кезіндегі ең басты нәрсе – аудиторияның қалауына назар аудару. Youtube Shorts өнімінің жетекшісі Тодд Шерманн осы желінің алгоритмдерінің құпиясын ашу туралы өтінішке алгоритмдерге

емес, қызықты оқиғаны қалай жасау керектігі туралы көбірек ойлануға кеңес берді³⁷.

Бейне үшін күрделі тақырып немесе сезімтал контекст кедергі емес – BBC журналистері дайындаған «TikTok-тағы монах әйелдер: дін әлеуметтік желіге қалай келді?»³⁸ шолуын қарасаңыз, тіпті дін мен сенім сияқты күрделі тақырыптарды да қысқа бейнемен айтуға болатынына келісесіз.

Аудио. Подкаст форматы аудиторияның назарын жаулап жатыр. Контент құру үшін подкастты қолданып көріңіз: ол заманауи, аудитория үшін ыңғайлы (радионың ең маңызды құпиясын есте сақтаңыз: ол теледидар не баспасөз сияқты біздің уақытымыз бен назарымызды толық алмай, жалықтырмай, өмірімізге ілесіп жүреді) және көп шығынды қажет етпейді.

Ал мультимедиалық оқиғаңыз болса, онда дәл сторителлингтің өзінде жақсы жұмыс істейтін аудиокірістіруді қолдана алатыныңызды ұмытпағайсыз. Кейіпкеріңіз туралы оның дауысындай дәл, ауқымды және өзгеше түрде ештеңе сипаттай алмайды: тембр, сөйлеу, әлденені есіне түсірген кездегі сөйлеу қарқыны мен кідірістер, ашуланған кездегі интонациясын есту арқылы бірден түсінесіз. Аудиторияңызға оқиға кейіпкерлерінің НЕ айтатынын біліп қана қоймай, олардың мұны ҚАЛАЙ айтатынын, сондай-ақ олардың айналасындағы әлемнің қалай естілетінін тыңдау ләззатын сыйлаңыз.

Фото. Фотосуреттер дәстүрлі және жаңа медиада кең таралған. Қазір фотоконтент дайындау үшін кәсіби камераны ғана емес, смартфонды да пайдалануға болады. Суреттің сапасы, әрине, жаман болмайтыны анық.

Екінші мәселе – мағына мен эмоцияны жеткізуге арналған мазмұн мен экспрессив құралдар (ракурс, жоспар, динамика және т.б.). Автор мұны да ойлауы керек. Қазіргі журналистер мен контент-мейкерлер фотосуретке түсіру негіздерін де білуі керек. Қазіргі күні фото «Рохинджаның 100 босқыны» жобасындағыдай сторителлингтің маңызды бөлігі бола алады, мұнда фотосурет елде болған трагедияның тереңдігін жеткізудің негізгі әдісі болды.

§ 3.3.4 КОНТЕНТ ТІЛІН ЖӨНГЕ КЕЛТІРУ

Тақырып пен аудиторияны зерттедіңіз, форматты таңдадыңыз, алаңда жұмыс істедіңіз, фактілер мен пікірлерді жинадыңыз, материалдың драфт нұсқасын дайындадыңыз. Енді аз қалды – стилистикалық түзету енгізу, материалды «өшпенділік тіліне» қатысты тексеріп, жалпы алғанда аудиториямен сөйлесетін тілді жөнге келтіру. Бұл өте маңызды әрі қиын кезең.

Нұсқаулықтың бірінші тарауында айтылғандай, діндер мен діни сенім бостандығының көптүрлілігі тақырыбын жазғанда діни терминологияны білу және тілдің қарапайымдығы мен діни терминдерді қолдану арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды аспект. Тілдік құралдарды дұрыс қолданбау конфликтті тудыруы немесе оны күшейтуі мүмкін. Сонымен қатар қазіргі медиакөңістіктің құрылымын ескеру қажет: жеке материалда пайда болған орынсыз немесе кемсітуші бейнелер көп жағдайда оның шегінен шығып, стереотиптерді бекіту немесе тарту көзіне айналады.

³⁷<https://www.searchenginejournal.com/youtube-explains-how-shorts-algorithm-works/494953/#close>

³⁸<https://dreamsbehindthehijab.ru>

Материалды қабылдау кезінде пайда болатын коммуникациялық кедергілер қаралымды азайтады. Егер материал жағымсыз немесе түсініксіз тілде жазылса, қандай маңызды тақырыпты көтерсеңіз де, оқылмайды.

Діндердің көптүрлілігі мен діни сенім бостандығы бойынша материалдардың маңызды міндеттерінің бірі – діни төзімсіздікті азайту. Журналистер мен контент-мейкерлер дінді ізгілендіріп, стереотиптерді бұза алады. Материалды жасау кезінде логикалық байланыстарға назар аударып, ұғымдардың алмасуына жол бермеңіз. **Инга Сикорская материал тілімен дұрыс жұмыс істемеген кезде пайда болатын логикалық тұжырымның ауысуына қызық мысал келтіреді: «Дереккөз Джалиловтың сабырлы адам болғанын айтады. Ол сол уақытта лаңкестік әрекетті ұйымдастырушы (яғни, Джалилов) мешітке бармағанын айтты». Бұл үзіндіден қандай қорытынды жасауға болатынын ойлаңызшы?**

Осы кезеңде материалды өшпенділік тіліне мұқият талдаңыз. Кейіпкерлеріңіздің сөзіне назар аударыңыз, мұнда басқа топтарға қатысты жағымсыз сөздер де болуы мүмкін. Бұл ретте өшпенділік тілі, өшпенділік көзқарас таныту ауызша да, вербалды емес жолмен де болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Өшпенділік тілін көрсету үшін эпитеттерді қолданудың да қажеті жоқ, бар болғаны контексте қандай да бір мән-жайды атап өту жеткілікті. Кейде бұл фотосурет не қандай да бір визуал болуы мүмкін. «Сырт келбет алдамшы»³⁹ бейнесі визуал стереотиптерге құрылған. Тіпті түстерді таңдаудың өзі теріс көзқарастың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін, мысалы, қауіп-қатер сезімімен байланысты қызыл түсті пайдалану.

Материалда өшпенділік тілі бар-жоғын анықтау үшін стигмаға назар аударыңыз. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: Мен қолданатын сөз немесе визуал сурет стереотиптерді нығайтуға, жеккөрушілікті арттыруға ықпал ете ме? Біреудің жанды жеріне тие ме, әлде ренжіте ме? Өзіңізді кейіпкердің немесе аудиторияның орнына қойыңыз, эмпатияны қосыңыз.

Қандай жалпы ұсыныстар бар?

■ **Егер материалыңыз көлемді болса, оны бөліктерге бөліңіз. Әр бөлікке шағын тақырып қойыңыз.**

■ **Үлкен абзацтарды бөліңіз. Жақсы абзац екі-төрт сөйлемнен аспайды.**

■ **Абзацтардың логикалық түрде аяқталуына назар аударыңыз.**

■ **Тыныс белгілерін көп пайдаланбаңыз.**

■ **Тілдің қарапайым болуына ұмтылыңыз. Қарапайым сөйлемдер күрделі сөйлемдерден жақсы.**

³⁹<https://www.youtube.com/watch?v=gKSO06kNS0g&t=100s>

■ Егер күрделі сөйлемдер қажет болса, Морзе әліппесінің ережесін ұстаныңыз: ұзын сөйлемдер мен қысқа сөйлемдер кезекпе-кезек болсын.

■ Материалда орынсыз метафора, жағымсыз лексика мен өшпенділік тілі бар-жоғын тексеріңіз.

■ Діни терминдерді қолданған кезде абай болыңыз.

§ 3.3.5 ПІКІРЛЕР БАЛАНСЫ

Сапалы контент құруға ұмытылатын автор үшін негізгі дилемма: бір жағынан, абсолют түсінік бойынша объективті журналистика жоқ екеніне толықтай саналы түрде келісу; екінші жағынан, оның басты кәсіби міндеті: оқиғаның барынша объективті бейнесін қайта жаңғырту. Әсіресе, ол конфликтіге сезімтал тақырыптағы материалмен жұмыс істеймін деп шешім қабылдаса.

Журналист бұл үшін не істей алады және не істеуі керек? Бірінші және айқын нәрсе – фактілер мен оқиғаларды оқырман мәселеге қатысты өз көзқарасын қалыптастыруына мүмкіндік беретіндей етіп құру. Бұл ретте қандай құралдар бар екенін осы параграфта айтамыз.

Журналистің барынша объективтілікке жету жолындағы негізгі құралы – материалдың ақпараттық себебі болып отырған факті немесе сіз әңгімеде айтып отырған оқиға туралы пікірлер балансы. Бұл материалдың барынша толық қамтылғанын, жан-жақты ұсынылғанын және мақсатты аудиторияға ең жақын арна арқылы жеткізілгенін ескере отырып, мазмұн сапасын бағалай алатын маңызды критерийдің бірі.

Көзқарас балансы жаңалық/ақпарат/оқиға барлық мүдделі тараптың пікірін бейнелейтінін білдіреді, оларға мұны ұсынуға теңдей (яғни өлшенетін) мүмкіндік берілген: кеңістік – эфир уақыты немесе беттегі/экрандағы орын, қатысу шарттары мен форматтары, көзқарас және т.б. Әрине, әңгіме жәбірленушіні «теңестіру» үшін алаңды агрессорға беру қажеттігі туатын жағдайлар туралы емес.

Баланс туралы тақырыпты тұжырымдау және дамыту кезеңінен бастап ойлау керек. Кез келген материалдың негізінде, кемінде проблема, ал көбінде конфликті жатыр. Конфликтінің әртүрлі жағында тұрған адамдар мен ұйымдар солардың пікірін жинап, баяндап, материалға мүмкіндігінше біркелкі енгізуді білдіреді.

Конфликтіге тікелей қатысы бар дереккөзден басқа, журналист қасындағы адамдарға: куәгерлерге, жергілікті тұрғындарға, шенеуніктерге (мемлекеттік құрылымдар, өзін-өзі басқару, құқық қорғау органдары өкілдері – билік пен оппозиция), сондай-ақ мәселенің мәнін білетін және білімі бар барлық адамға (саясаткерлер, қоғам белсенділері, сарапшылар, ғалымдар және т.б.) әрқашан назар аударады. Олардың барлығы тараптардың бірін қорғай алады немесе бейтараптық таныта алады.

Мұнда баланс математикасы басталады және тақырып неғұрлым сезімтал болса, соғұрлым осы «теңдікті» қамтамасыз ете отырып, мұқият санау қажет:

■ **комментарий көлемі** (егер бір пікір егжей-тегжейлі беріліп, екіншісі қысқаша айтылса, әр оқырман мұны байқап, өзінше қорытынды жасайды);

■ **фотосуреттердің өлшемі мен стилі** (әдемі пейзаж аясындағы фотосурет пен қабырға фонында белге дейін түсірілген 3*4 фотосурет әртүрлі әсер береді);

■ **сөздердің реңкі**: бейтарап оқырманға өз бетінше және фактіге, оқиға мен оның салдарына сүйене отырып, өзінше пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал шамадан тыс эмоциялық қобалжу, назар аудару, қорқыныш немесе басқа сезімдер мен эмоциялар арқылы балансты белгілі бір көзқарасқа қарай ауыстыруға болады;

■ **материалды баяндау құрылымы және мәтіндегі пікірлерді бөліп көрсету қандай да бір пікірге бүйрегі бұратындай көрінбеуге тиіс және бұл баланс әткеншегін сақтауға көмектесетін тізбек түрінде болуы керек.**

■ **оқиғаның дамуы және тараптардың пікірі ұсынылған контекст те маңызды**, өйткені ол қоғамдық пікір, алдыңғы оқиға (бұл конфликт тарихы деп аталады және бізде авторға контексті материалға сапалы енгізуге көмектесетін жаднама бар – 1-қосымшаны қараңыз), мәдени ерекшеліктер және басқа факторлар болуы мүмкін. Ең бастысы, контекстің болуы, өйткені ол оқырманға не болып жатқанын, тараптардың позициясын, олар не арқылы қамтылатынын, мәселенің түпкі себептерін нақты түсінуге, сондай-ақ тіпті оның шешімін табуға көмектеседі;

■ **әртүрлі тарап өкілдерінің мәртебесі кем дегенде салыстырып салғастыруға келетін болуға тиіс**: конфликтінің бір жағынан ұйым басшысы, екінші жағынан бесінші орынбасардың үшінші көмекшісі түсініктеме бере алмайды.

■ **сондай-ақ бұдан да нәзік нәрселер бар; мысалы, дәйексөз формасы: тікелей дәйексөз бір дереккөзге даралық пен тартымдылық берсе, жанама дәйексөз пікірді бұрмалауға әкелетін жол, өйткені бұрмалауға оңай айналдыруға болатын түсініктемелер немесе жалпылаулар қолданылуы мүмкін.**

Сондай-ақ, журналист хаттамалар, қызметтік хаттар, баспасөз релиздері мен мәлімдемелер, чектер, қаржылық және заңды құжаттар сияқты әртүрлі деңгейдегі ресми және деректі құжаттарды пайдаланады, олар контексті қалпына келтіруге және оған өзі айтып отырған оқиғаны кіріктіруге көмектеседі.

Сөйлеуге дайын сарапшыларды немесе жай адамдарды табудың қиындығы дін тақырыбындағы жұмыстың бір ерекшелігі деуге болады, көп адам пікір айтқысы келмейді, алаңдайды немесе білімі жеткіліксіз келеді. Теңсіздіктің бір себебі – жеке көзқарас, мұны кез келген журналист есте сақтауы керек.

Тағы да өзіңізге сұрақ қойыңыз: менің сезімтал тақырыпқа деген көзқарасым (менің сенімім немесе сенбеуім) бұл контентке қалай әсер етеді?

Егер зайырлы БАҚ-та жұмыс істесеңіз, бірден-бір дұрыс жауап: ешқандай! Егер сіз мұндай жауапқа дайын болмасаңыз, тақырыпты жайына қалдырыңыз немесе әріптесіңізге беріңіз.

§ 3.3.6 КОНТЕНТТІҢ САПА КРИТЕРИЙЛЕРІ

Материалыңыз дайын. Біз тағы бір құралды қолданып, бәрін ескергеніңізді тағы бір тексеруді ұсынамыз. Діни сенім бостандығы тақырыбы бойынша контент дайындайтын авторлар үшін біз критерийлердің екі түрін біріктіретін жаднама дайындадық.

Біріншісі – материалыңыздың діни сенім бостандығы тақырыбына сәйкес келуін сипаттайтын критерийлер, олар мынадай:

1. Діни сенім бостандығы тақырыбына сәйкес келу

Діни сенім бостандығы мәселесіне қатысты, олар егжей-тегжейлі сипатталған, жергілікті контекспен байланыс бар және барлық қажетті мәлімет (анықтама, сипаттама, қасиеттер/сипаттамалар, болжамдар/динамика, халықаралық/аймақтық ерекшелік) қамтылған.

2. Контенттің негізгі ойының зайырлы сипаты

Материалдың негізгі ойы (негізгі месседж) діни, рухани немесе қасиетті нәрсе емес. Материал кейіпкерлердің зайырлы (кәсіби, тұрмыстық, мәдени және т.б.) қызметін сипаттайды және зайырлы ұстанымды насихаттай алады, мысалы:

- зорлық-зомбылықтан бас тарту;
- әртүрлі діни сенім мен наным-сенімге толеранттық таныту;
- мультимәдени түсінік;
- заң үстемдігін дамыту;
- жалпыадамзаттық құндылықтар (отбасы, махаббат, өзінің қабілетін іске асыру және т.б.);
- тағы басқа.

3. Материал бейтарап және ешқандай дінді насихаттамайды

Материал бейтарап болумен қатар:

- белгілі бір діни қызметтің/діннің мәні, діни оқыту элементтері туралы әңгімеден тұрмайды және белгілі бір діни көзқарастарды насихаттамайды;
- діни материалдардан және қасиетті жазбалардың белгілі бір діндеріне қатысты дәйексөзден тұрмайды;
- құрамында діни мазмұны бар бағдарламалық материалдар (мысалы, діни сілтемелері бар оқу материалдары) жоқ.

4. Материал бейтарап және ешқандай дінді басып тастамайды

Материал:

■ басқа діни сенімдермен салыстырғанда бір діни сенімге артықшылық бермеуге;

■ діни емес нанымдарға қарағанда діни нанымдарды қолдамауға немесе оларға артықшылық бермеуге;

■ кез келген діни нанымды қандай да бір түрде кемсітпеуге тиіс.

Екіншісі – сапалы журналистиканың параметрлерін қамтитын критерийлер және олар келесідей:

1. Көзқарас балансы

Жаңалықтар/ақпарат бірдей эфир уақыты, орын, талап, қатынас және т.б. берілген барлық ықтимал мүдделі тараптың көзқарасын білдіреді.

2. Қабылдау жеңілдігі

Барлық кеңсе/ғылыми/техникалық/кәсіби термин қарапайым сөздермен және айқын мысалдармен түсіндіріледі.

3. Оқиға/жағдай/конфликті контексіне бойлау

Материалда контекст анық. Оқиғаны/жағдайды/конфликтіні сипаттау кезінде тараптар арасында болған бұрынғы оқиғалардың (ретроспективаның) конфликтінің дамуына немесе шешілуіне қалай ықпал еткені туралы егжей-тегжейлі шолу қамтылады. Конфликтінің дамуына ықпал еткен және оны реттеуге әсер ететін саяси, әлеуметтік, тұрмыстық оқиғалар егжей-тегжейлі түсіндіріледі.

4. Ақпараттың дереккөзін көрсету

Материал оқиғаға/жағдайға/конфликтіге қатысатын тараптардың ресми ұстанымын және қарапайым азаматтардың көзқарасын білдіретін ауқымды дереккөзге негізделген. Дереккөз сипаттамасы нақты көрсетілген және олардың неліктен қатысқаны және ақпарат алу үшін неліктен пайдаланылғаны анық. Материалда аноним дереккөз неге қолданылмағаны түсінікті. Журналист дұрыс ақпарат беретін басқа дерек көздерін іздеп тапқан.

5. Өмірден алынған оқиғаның болуы

Материал өмірден алынған оқиғаға негізделген, мәселені түсіндіреді, идеяны суреттейді немесе оқырманды тарту, сондай-ақ діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі идеяларын қоғамдастықта тарату тақырыбына назар аударту мақсатында адамның басынан өткен күшті оқиғадан (кейіпкер, қарапайым адамдар, сторителлинг) тұрады.

6. Конфликтіге сезімтал тілді қолдану

Бейтарап тон материалдың өн бойында сақталады. Материалдың тілі оқиғадан сенсация жасамайды. Тараптар мен олардың әрекеті әділ әрі бейтарап сипатталған.

7. Діни сенім бостандығы туралы репортаждардың/ материалдардың пайдасы мен тиімділігі

Репортаж/материал әртүрлі адамның пікіріне (билік органдары мен сарапшыларға, беделді көшбасшыларға, қарапайым адамдарға/ олардың тәжірибесіне) арқа сүйейді, олар қауымдастықтарда діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі идеяларын ілгерілету жолдары туралы бірқатар ұсыныс жасайды. Қарапайым адамдарға осы тақырыпқа қатысты мәселеге тиімді жауап беруге және оларды шешуге мүмкіндік беретін нақты сөйлемдерден тұрады.

8. Алармизмнің болмауы

Материал адамдарды балама нұсқа ұсына алатын адамдардың пікірлерін қосу арқылы жағдайды/конфликтіні басқарудың және шешудің конструктив тәсілдерін қарастыруға шақырады. Сонымен қатар материал аудиторияға діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі идеяларын қоғамдастықта таратуға байланысты жағдайларды/конфликтілерді шешудің ортақ тәсілдері туралы ақпарат береді.

9. Гендерлік жағы

Материалда азаматтар, сондай-ақ сарапшы ретінде оқиғаға/ жағдайға/конфликтіге қатысқан әйелдердің дауысы да қамтылған. Ерлер мен әйелдерге әсер ететін проблемалар бірдей дәрежеде ұсынылған. Бейбітшілікті құру мен конфликтілерді басқаруда, сондай-ақ діни сенім бостандығы және діндердің алуан түрлілігі идеяларының қауымдастықтарын дамытуда әйелдердің маңызды рөлі бар.

Жаднамамен қалай жұмыс істеу керек? Жарты сағат уақыт тауып, материалыңызды тағы бір рет мұқият оқып шығыңыз да, критерийлердің әрқайсы бойынша онда бар-жоғын ескере отырып, «ИӘ» немесе «ЖОҚ» деп жаднаманы толтырыңыз.

Бұл критерийлер тек соңғы кезеңдегі бағдар болмауы маңызды. Оларды тақырыпты тұжырымдаудан бастап, әлеуметтік желілердің форматына қайта бейімдеуге дейінгі контент дайындаудың барлық кезеңінде есепке алыңыз. Бұл критерийлер тақырыпты нақтылауды да, тараптарды анықтауды да, сарапшыларды іздеуді де жақсы құрылымдайды. **Жаднаманы 2-қосымшадан табасыз.**

3.3.7 ВЕРИФИКАЦИЯ: ЗАҢДЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ

Егер сіз біздің сарапшылар – дінтанушы мен заңгер дайындаған алғашқы екі тарауды оқыған болсаңыз, діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі сияқты күрделі және сезімтал тақырыптағы контентпен жұмыс істей бастаған сәтте қандай жауапкершілік туындайтыны туралы ойланған боларсыз. Біз сізге материалды жариялауға жібермес бұрын тағы бір қадам жасауды ұсынамыз.

Бұл біздің Нұсқаулықтың ең қысқа, бірақ өте маңызды параграфы болады. Діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі тақырыбында контент жасаудың осы кезеңінің маңызын тағы бір рет атап өткіміз келеді: дайын материалды жарияламас бұрын, оны екі сарапшыға көрсетуді ұмытпаңыз: біріншісі – заңгер, ол материалыңыз заңнаманы бұзбайтынын растайды; екіншісі – дінтанушы, ол сіздің мағынаны дәл көрсетуіңізді және діни терминдер мен ұғымдарды шатастырмағаныңызды растайды.

Верификация кезеңі сізді заң алдында жауап беруге тура келетін жағдайдан және тақырыпты кәсіби деңгейде жарияламады деген айыптаудан қорғайды.

§ 3.4 Практикалық кеңестер: постпродакшн кезеңі

§ 3.4.1 МЕДИАКОНТЕНТ РЕЛИЗИ

Медиаконтентті көпшілік аудиторияға ұсынуға дайын болатын кез келді. Бұл сәтті release терминімен атайық (бұл осы контексте «шығарылым»: фильмді, кітаптарды, жазбаларды, жалпы кез келген контентті жариялау, демонстрациялау, көрсету дегенді білдіреді). Егер біз сезімтал тақырып бойынша сапалы медиаконтент дайындап, оны тек өз ресурстарымызда ғана емес, сонымен қатар сырт алаңда да ұсынғымыз келсе, бұл жақсы құрал. Басқа ресурстармен коллаборация жасау және серіктестік құру қазір трендте. Бірақ постпродакшн кезеңі сәл ертерек басталады.

Алдын ала не туралы ойлану керек және не нәрсеге назар аудару керек? Конфликтіге сезімтал материал дайындаудың ертерек кезеңін қарайық.

Егер продюсерлік ететін жауапты адам процеске қосылып, болашақ материалдың контексімен жариялау кезеңінде емес, тақырып бекітілген кезде танысса, пайдалы болады. Сол кездің өзінде-ақ материалды қанша адам жай ғана оқып шығатынын, сондай-ақ талқылауға қанша оқырманды тартқыңыз келетінін ойлануыңыз керек.

Қазір редакторлар мен жеке авторларға контентті қанша адам оқитыны ғана емес, сонымен қатар оны комментарийлер мен тақырыптық қауымдас-тықтарда қанша адам талқылайтыны, лайк басатыны және бір-біріне ұсынатыны, сондай-ақ «бөлісу» батырмасын басатыны да маңызды. Контенттің аудиториямен кездесуін барынша кең көлемде қамту – продюсердің жұмысы.

Әдетте, продюсер контент құрылымы мен мазмұнына, сондай-ақ дайындық процесіне араласпайды. Алайда контентті аудитория біз қалағандай қабылдамайтын жағдай туындаса, ол оның сыртқы түрін және әртүрлі арнадағы ұсыну формасын өзгертуге кеңес беруі мүмкін.

Контенттің релизіне дайындық кезінде продюсер оны тарату арналарын таңдап, олардың әкімшілерімен тарату шарттары туралы келіседі. Әрине, барынша кең аудиториясы бар арналармен серіктес болу әрқашан маңызды. Бірақ бірінші кезекте ескеретін нәрсе – арналардың беделі. Беделі жоқ арна аудиториясының сезімтал тақырыпқа реакциясы сіз жоспарлағандай болмауы мүмкін. Ал теріс реакция контентіңіздің тағдырына қатты әсер етуі мүмкін.

Мұндай материалды серіктес бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желіде жариялаған кезде оның ілеспе жарнамалық мазмұнмен үйлесімін ескеру қажет. Олар бір-біріне қаншалықты жақын болуы мүмкін? Бұл контентті аудитория қалай қабылдайды? Бұл тұрғыда ықтимал тәуекелдерді есептеген дұрыс.

Сонымен қатар әлеуметтік желілерде таргет жасау арқылы тарату кезінде сезімтал тақырыптағы материалға «жарнама» таңбасын қою қаншалықты орынды екенін ойлану керек.

Контентті кең аудиторияға шығармас бұрын, оның қалай көрінетінін, яғни «қаптамасын» ойша елестетіңіз. Мұқабаға, материалдың қысқаша сипаттамасына, SMM-ге (SMM маманыңызға басқа біреудің әкімшілік панелін басқаруға рұқсат берілмеуі әбден мүмкін, бірақ сіз кішігірім техникалық тапсырма дайындай аласыз) және басқа да маңызды мәселелер бойынша қамдануыңыз керек.

Жобаның сипаттамасын дайындауды ерекше атап өткен жөн, сол арқылы серіктестерге тек копипаст жасап, мәтінді өз постына енгізу міндеті ғана жүктеледі. Егер мұны жасамасаңыз, басқа арнаның әкімшісі контентіңізді өзінше түсіндіруі мүмкін және, сәйкесінше, аудиторияға сіз қалағаннан басқа нәрсені тарату қаупі бар.

Көпшілікке шетін тақырыпты жариялау кезіндегі негізгі ережелерді қорытындыласақ.

Сіз мақсатты аудиторияңызды білесіз және дәл сол аудиторияға арнап контент жасайсыз. Дегенмен, оны басқа ресурстардың көзқарасы әртүрлі оқырманы көруі мүмкін. Зайырлы БАҚ-та жарияланған дін туралы материалдарды діни аудитория салалық БАҚ-тағы дін туралы материалдар іспетті ынтамен қабылдайды.

Контентті белгілі бір өңірге ұсына отырып, жергілікті ерекшелікті ескеру қажет. Бұл өңірдегі адамдар қандай діни нанымдармен өмір сүреді, бұл жердің жазылмаған және жазылған заңдары қандай, менталитеттің ерекшеліктері қандай; мүмкін этикалық ережелері бар шығар, мұның бәрін ескеріңіз. Мәселен, Иранда дін туралы материалдарды ирониямен және әзілмен жариялауға болмайды, оның салдары авторға онша жақсы болмауы мүмкін.

Сезімтал тақырыпты көпшілікке ұсынатын кездегі маңызды ережелер:

- **басқалардың сезімін құрметтеңіз және контент дайындағанда мұны ескеріңіз;**
- **мақсатты аудитория материалдағы ойды қалай қабылдайтынына байланысты тәуекелдерді ескеріңіз;**
- **діндарлардың сезімін құрметтеу сізге сыни материал жазуға кедергі болмауы керек екенін ұмытпаңыз.**

Сонымен, ең бастысы: жеккөрушілікті қоздыруға жол бермеңіз, ол үшін журналистиканың объективтілік принципіне негізделген контент жасаңыз.

§ 3.4.2 КОНТЕНТТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ИКЕМДЕУ

Мақсатты аудиторияны анықтадыңыз, форматты таңдап, контентті дайындадыңыз. Бірақ материалдың сәтті болуы оның көлеміне, берілуіне, арнасы мен уақытына және т.б. факторға байланысты. Сонымен қатар аудиторияңыз сегменттерге бөлініп, олардың контентті тұтыну әдеті әртүрлі болуы мүмкін. Көп нәрсе нақты жағдайға байланысты, мысалы, метрода немесе қоғамдық көлікте материалды оқу ыңғайлы болса, көлік жүргізу кезінде тек тыңдау ғана ыңғайлы.

Аудиторияны мейлінше қамту жолындағы ең жақсы шешім – контентті әртүрлі арнаға қарай қайта икемдеу.

Үлкен форматтарды қайта икемдейміз:

Подкасттар. Ірі БАҚ бұл форматты бұрыннан қолданып келеді: олар мақалаларын подкасттарға жазады немесе, керісінше, подкасттың қандай да бір шығарылымы бойынша материал дайындайды. Мысалы, Forbes, RBK, GQ және басқалардың подкасттары бар. Бұл басылымдарға заман талабына сай болып, контентті оқырманға ыңғайлы орамада ұсынуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілерге арналған видеолар. Қазіргі аудитория негізінен көбінесе әлеуметтік желіде кездесетін аудиовизуал контентті тұтынады, олардың әрқайсының өзіндік видео форматтары бар. Instagram-дағы бейнеконтент желі (in-feed), reels, stories және IGTV бейне форматтарында ұсынылған. Олардың әрқайсының пропорцияларға, ұзақтыққа және т.б. қатысты өз талаптары бар.

Мысалы, сіз бейнебаян түсіріп, оны аккаунтыңыздағы IGTV-ге жібердіңіз, өйткені басқа бейнеформаттардың уақыты өте шектеулі. Алайда, қысқа бейнелерді де назардан тыс қалдыруға болмайды. Мәселен, stories оқырмандармен қарым-қатынасты интерактив жасауға мүмкіндік береді және аудиторияның қатысуын арттырып, аккаунтыңызды ұсыну ықтималдығын арттырады.

Посттар. Бір үлкен материалдан әлеуметтік желідегі жазбалар сериясын жасауға болады. Бұл жаднамалар, кейстер көрсетілген мысалдар, суреттер көрсетілген карточкалар болуы мүмкін. Тіпті кейіпкерлеріңіздің оқиғасын ұсынатын импровизацияланған айдар да болуы мүмкін. Сондай-ақ посттарда негізгі материалдарыңыз туралы анонс беруге болады.

Қайта икемделген материалдарда бастапқы дереккөз қайталана алады не сәл өзгеше контент берілуі мүмкін. Егер контентті басқа форматта қайталасаңыз, бастапқы материалға сілтеме бермеуіңіз керек. Егер бастапқы дереккөзге сілтеме жасасаңыз, постта қосымша құндылық: авторлық кейстер, мақалаға кірмеген мән-жайлар, кейіпкерлеріңіздің кейбір дәйексөздері немесе сарапшылардың пікірі, бэкстейдж (өндіріс процесінде сахна сырты) болуы керек. Осылайша, контентті қайта икемдеу жаңа аудиторияны қамтуға және қосымша контент берсеңіз, тақырыпты егжей-тегжейлі байытуға мүмкіндік береді.

Классикалық БАҚ үшін әзірленген контент әдетте мәтін + фотосурет түрінде болады, ал телеарнаға видео форматында ұсынылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл өнімдерді әлеуметтік желілерде бастапқы түрінде жариялау нәтиже бермейді. Дәстүрлі БАҚ контентін әлеуметтік желіге қалай қайта форматтауға болатыны туралы мысалдарды қарастырайық.

Журналистер сұхбатқа жиі жүгінеді. Instagram-да сұхбат қандай болуы мүмкін? Instagram-да жариялау үшін бір сұхбаттан бірнеше пост (екі-үш пост) жасауға болады. Сұхбаттағы қандай тақырыптар (шағын тақырыптар, қызықты, жарқын жауаптар) постқа себеп болатынын алдын ала анықтаған жөн. Егер сұхбат мәтін түрінде болса, міндетті түрде бірнеше сапалы фотосурет, басты фотосуретте тақырып (төрт-бес сөзге дейін) болуы қажет. Егер видеосұхбат қайта икемдеуге негіз болса, ондағы қызықты сәттерден тұратын 30-40 секундтық бейнені монтаждаймыз. Бейнедегі тақырып үш-бес сөзден тұрады. Кіріспе сөз – бір-екі абзац (бес-жеті сөйлем, әр сөйлем үш-бес сөзден тұрады). Кіріспе сөз – бір сөйлем, бейне туралы төрт-бес сөз, үш-бес хэштег – қажет болған жағдайда аккаунтты белгілеу.

YouTube үшін көлденең бейне форматы жиі таңдалады. Құрылымы: тақырыпша (5-10 сек.) – алғысөз – 1 минут – 10 сұрақ – 5 секундтан 4-5 үзіліс –соңында мұқабас 5 сек. (немесе жарнамалық тректер). Facebook-ке сәртіон бейне форматы – 59 сек. жақсы шығады, әр кадр үш секунд – орташа есеппен әрқайсы 10 сек. екі синхрон – интершум 5-10 сек.

Материалды икемдейтін әлеуметтік желіге қарамастан, қаріптерді таңдау, редакция логотипі және сайт аккаунтының стилі БАҚ немесе сіздің негізгі арнаңыздың стилистикасымен үйлесуі керек, бірдей түстер, бірдей қаріптер болуы маңызды.

Әрбір әлеуметтік желінің өз ережесі бар, сондықтан қайта икемдеу алдында белгілі бір әлеуметтік желі үшін контент құру бойынша ұсыныстарды зерттеңіз. Мысалы, Instagram-да әртүрлі медиаформаттағы контентті икемдеуге қойылатын талаптарды қарастырайық.

Постты рәсімдеу ережесі:

- мәтінде абзац, қосымша белгіше және т.б. арасындағы шегініс бар;
- бірнеше фото немесе бейне; өңделмеген әрі безендірілмеген шынайы материалдар үлкен сенім тудыратынын ескеріңіз;
- үлкен мәтін мағыналық бірліктерге бөлінген және «карусельде» карточка түрінде берілген. Басты фотода мәтін барынша аз, мәтін тақырып түрінде берілген.

Stories-ті дайындау ережесі:

- негізгі әдіс – сторителлинг, мұнда бірінші оқиға аудиторияны қызықтырып тартады;
- клик санын көбейту үшін тақырыбы еліктіретін және материалдан алынған иллюстрациясы бар БАҚ сайтындағы жарияланымға сілтеме;

- stories және басқа контентті безендірудегі бірыңғай стиль: түстерді таңдау, бөлшектерді, қаріптерді қайталау және т. б.

Reels бейнесін дайындау ережесі:

- 60 секундқа дейінгі тік бейне форматы;
- сапалы сурет маңызды, сондықтан контентті жоғары сапада жариялау функциясы қосылған болуы қажет;
- қысқа тартымды тақырып, субтитрлер, ауызекі формат.

Осылайша, бір көлемді материалды әртүрлі әлеуметтік желіге икемделген қысқа визуал формат арқылы ұсынуға болады. **Продакшн деңгейінде әлеуметтік желілерге арнап қосымша фото түсіру, қысқа видео жазу, әлеуметтік желілерде не ұсына алатыныңызды ойлау, бэкстейджге арналған жұмыс процесінің материалдарын жинау үшін материалды жасау сатысында-ақ икемдеуді жоспарлау маңызды.**

§ 3.4.3 АУДИТОРИЯМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС

Интернеттің пайда болуы бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын түбегейлі өзгертті. Негізгі өзгерістің бірі – контентімізді сайтта немесе әлеуметтік желіде жариялау арқылы біз аудитория оны оқып қана қоймай, оған жауап береді: комментарий жазады, қандай да бір реакция білдіреді, сондай-ақ оны өз аккаунттарында бөліседі деп күтеміз.

Сайтта және әлеуметтік желілерде мақсатты аудиториямен тиімді коммуникация жасау – контент жасаушылардың алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Бұл тапсырманың қиындығы – әртүрлі әлеуметтік желілердің алгоритмдері мен басымдықтары әртүрлі және олар жиі өзгеріп тұрады. Сондықтан желі мамандары (SMM) әрқашан сергектік танытып отырады, сондай-ақ олар жоғары сұранысқа ие.

Өкінішке қарай, көптеген қазақстандық редакция әлеуметтік желілерге кеш өте бастады. Консерватив менеджерлер мен редакторлар бұған дейін командадағы ең жас маманға онлайн контентті дамытуды сеніп тапсыратын, сонымен төмам! Олар осы уақытқа дейін әлеуметтік желімен жұмыс істеу өте оңай, сол себепті бұл үшін SMM маманын штатқа қабылдаудың қажеті жоқ деп ойлайтын. Қазір бұл мәселеге қатысты көзқарас өзгергенін байқағанымызға қарамастан, редакцияның әртүрлі әлеуметтік желілерде болуына көбінесе бір маман жауап береді.

Сонымен қатар, кейбір жұмыс берушілердің пікірінше, SMM маман копирайтер, дизайнер (Photoshop және Coreldraw бағдарламаларында жұмыс істей алатын), мобилограф, журналист, сондай-ақ таргетолог та болуы керек. Оған бұған қоса аудиториямен онлайн байланыс үшін жауапты маманның жұмысы тапсырылады. Әрине, уақыт өте келе бұл жағдай реттеледі. Бірақ қазір, әсіресе, өңірлерде осылай. Бұл дұрыс жол емес. Бұл жағдайды түзету жолдары, қалай түзетуге болатыны, әлеуметтік желімен жұмыс істейтін маманның жұмысын оңтайландыру туралы ойланыңыз.

Сонымен, кері байланыс: бізге аудиториямен тиімді қарым-қатынас жасау өте маңызды. Көптеген медиажоба басшысын материалдардың қанша рет қаралғаны және оның тереңдігі алаңдатуы ақылға қонымды. Алайда, басында айтылғандай, аудиторияның пікірі де маңызды. Оны ескеру – уақыт талабы. Кері байланыс әртүрлі арналар арқылы, мысалы, сайттағы кері байланыс бөлімі арқылы жүзеге асады. Алайда іс жүзінде бұл көбінесе әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде белсенді жүреді.

Қазір автордан аудиторияға дейінгі жол екіжақты қозғалыстан тұрады және төтенше жағдайға ұрынбауымыз үшін қозғалыс/қарым-қатынас ережелері қажет. Бірақ әлеуметтік желілерде мақсатты аудиториямен ҚАЛАЙ қарым-қатынас жасауға болатыны туралы айтпас бұрын, мұны НЕ ҮШІН жасау керегін анықтайық. Мұнда әрдайым айқын бола бермейтін бес себеп бар:

1. Аудиторияңыз туралы көбірек біліңіз: бұл адамдардың кім екенін, олардың қызығушылығы мен құндылықтары қандай екенін, сондай-ақ аудиторияңыздың қандай сегменттерден тұратынын және қалай ерекшеленетінін түсініңіз.

2. Аудиторияңызбен сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

3. 2-тармақтың нәтижесінде сізге жазатындардың арасында қоғамдастық құрыңыз.

4. Ескі тақырыптардан жаңа тақырып пен ракурс тауып, аудиторияны мазалайтын нәрсе туралы бірден жазыңыз, сонда ол оқылып, оған комментарийлер жазылады.

5. Болашақ материалдардың кейіпкерлерін табыңыз.

Ережелер өте қарапайым және офлайн қарым-қатынас ережелерінен мәні бойынша ғана емес, формасы жағынан да ерекшеленеді. «Міндетті» дегендері мынадай:

■ әр хабарламаға назар аударыңыз, иә, барлығына, өйткені интернетте демалыс және түскі үзіліс жоқ;

■ мүмкіндігінше жылдам жауап беріңіз (жауап беру жылдамдығы бойынша әртүрлі ұсыныстарды таба аласыз – 5 минуттан 12 сағатқа дейін) және бұл жердегі ең басты кеңес – неғұрлым жылдамырақ болса, соғұрлым жақсы;

■ «жауап беру» батырмасын басқан болсаңыз да, аты-жөнін атап (немесе никнеймді қолданып) хабарласыңыз, кімге жауап беріп жатқаныңыз бәріне түсінікті болсын, әр адам үшін ең үйлесімді және жағымды сөз – өзінің аты;

■ сыни комментарийлерге жауап беріңіз, бұл жерде ең бастысы сынның себебі неде екенін түсіну, дәлелдерді фактілерге негіздеп құрыңыз, сондай-ақ пікір мен ұстаным жағына өтпеңіз;

■ қарым-қатынасты материал тақырыбының аясында ұстаңыз – егер қарым-қатынас оның аясынан тыс аумаққа өтсе, талқылауды тоқтатыңыз.

Аудиторияға қазір барлық әлеуметтік желіде бар сауалнамалар тартымды. Бір жағынан, сауалнама – контентіңіздің бір бөлігін қайта икемдеуге болатын формат, екінші жағынан – аудиторияны зерттеу құралы.

Кері байланыс оң және теріс болуы мүмкін екені жеке тәжірибемізден белгілі. Екеуіне де дайын болыңыз. Теріс реакция пайдалы, өйткені бұл бір нәрсені дұрыс жасап жатқан жоқсыз деген белгі, сол себепті жұмысқа өзгеріс енгізу керек. Бұл ойлануға себеп. Оң байланыс – аудиторияның сыйы, әрі қарай жұмыс істеуге мотивация, сондай-ақ жалпы бәрін дұрыс әрі жақсы істеп жатқаныңыздың көрсеткіші.

Интернеттегі қарым-қатынастың өзіндік этикасы бар. Әр комментарий авторымен қарым-қатынас кезінде сыпайылық пен сыйластық танытқан абзал. Идеяларыңызды анық білдіріңіз. Қазір оқырман сауатты әрі белсенді, оның сұрауына дұрыс жауап бермесеңіз, қанағаттанбайды. Адал болыңыз, жәдігәй болмаңыз. Өзіңіз де алданып қалмаңыз. Егер қате жіберген болсаңыз, оны мойындап, түзетуге тырысыңыз. Кешірім сұраудан тартынбаңыз. Мұның бәрі контентіңізге және БАҚ-қа деген сенім мен құрметті арттыратыны сөзсіз.

1-қосымша

«Журналистік материалдағы конфликт тарихы және оның себептері»

жаднамасы


Журналистік материалды оқыңыз. Оқығаннан кейін әр критерий бойынша ИӘ, ЖОҚ немесе **ЖЕТКІЛІКТІ ДӘРЕЖЕДЕ ЕМЕС** деп жауап беріп, жаднаманы толтырыңыз.

КРИТЕРИЙЛЕР	ИӘ	ЖЕТКІЛІКТІ ДӘРЕЖЕДЕ ЕМЕС	ЖОҚ
Материалда контекст бар: конфликтінің тарихы егжей-тегжейлі сипатталған.			
Материалда өткен оқиғалар мен қазіргі конфликт арасындағы байланыс түсінікті.			
Конфликтіге ықпал ететін саяси/әлеуметтік/тұрмыстық оқиғалар анықталған және нақты аталған.			
Материалда конфликтіге қатысушы барлық тараптың мүддесі ескерілген, бәрінің мүддесі көрініс тапқан.			
Материалдан конфликтіге қатысушы тараптардың бір-біріне қатысты ұстанымын және олардың бір-біріне деген көзқарасын қалыптастыруы мүмкін бірлескен тәжірибесін білуге және түсінуге болады.			
Материалда тараптар конфликтідегі әрекеттері мен олардың себептері – оларды қалай түсінетіні туралы айтады.			
Материалда конфликтінің бір немесе бірнеше себепі сипатталған: (бұл бөлімді үлестірме материал – «Конфликтіге сезімтал тақырыптарды жариялау: журналистерге арналған құралдар» нұсқаулығынан үзіндіні зерттегеннен кейін толтырыңыз)			
Шектеулі ресурстар			
Адамның қажеттіліктері			
Құрылымдық диспропорциялар			
Ақпарат және байланыс			
Тұлғааралық қатынастар			
Үйлеспейтін мақсаттар			


2-қосымша

«Діни сенім бостандығы және діндердің көптүрлілігі» тақырыбы бойынша контентті бағалау критерийлері негізіндегі жаднама

КРИТЕРИЙЛЕР	ИӘ	ЖОҚ
Діни сенім бостандығы тақырыбына сәйкес келу		
Контенттің негізгі ойының зайырлы сипаты		
Материал бейтарап және діндердің ешқайсын насихаттамайды		
Материал бейтарап және діндердің ешқайсын басып тастамайды		
Көзқарас балансы		
Қабылдауға қарапайым		
Оқиға/жағдай/конфликт контекстіне бойлау		
Ақпараттың дереккөзін пайдалану		
Өмірден алынған оқиғаның болуы		
Конфликтіге сезімтал лексиканы қолдану		
Діни сенім бостандығы туралы репортаждардың/материалдардың пайдасы мен тиімділігі		
Алармизмнің болмауы		
Әйелдердің қатысуы		



ДИНИ СЕНИМ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ДІНДЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫН МЕДИАДА ЖАРИЯЛАУ КЕЗІНДЕГІ КОНФЛИКТІГЕ СЕЗІМТАЛ ТӘСІЛ




КОНФЛИКТІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ АСПЕКТІСІ БОЛҒАНМЕН, ОНЫҢ ШЫНАЙЫ СЕБЕБІ БАСҚАДА БОЛУЫ МҮМКІН

ЖУРНАЛИСТІҢ МІНДЕТІ:

- ✓ КОНФЛИКТІ ТАБУ, ТАРАПТАРДЫ АНЫҚТАУ, ОЛАРДЫҢ МҮДДЕСІН ЖӘНЕ КОНФЛИКТІҢ ШЫНАЙЫ СЕБЕБІН АНЫҚТАУ

- ✓ ПІКІР БАЛАНСЫН САҚТАУ, ӨЗИҢ КӨЗҚАРАСЫН КӨРСЕТПЕУ



ЖАҚСЫ ЖУРНАЛИСТИКА ТАРАПТАРҒА ӨЗИҢ ШЕШІМІН ТАҢБАЙДЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР ҚАЛЫПТАСҚАН МӘСЕЛЕ МЕН ОНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ САЛДАРЫН ЖАСЫРУҒА ДА ТЫРЫСПАЙДЫ

БЕЙТАРАПТЫҚТЫ АНЫҚТАЙТЫН ТЕСТ

МЕНИҢ ЖЕКЕ СЕНИМІМ ОҚИҒАНЫ БАЯНДАУЫМА ЭСЕР ЕТЕ МЕ?

ИӘ

ЖОҚ

МЕН БҰЛ МАТЕРИАЛМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ ЖАЛҒАСТЫРА АЛАМЫН БА?

ЖОҚ

РЕДАКТОРДЫҢ, ӘРІПТЕСТЕРДІҢ «СЫРТ КӨЗ» РЕТІНДЕГІ ПІКІРІН СҰРАУ

МАТЕРИАЛДЫ ЖАЗУДАН БАС ТАРТУ

БҰЛ МАТЕРИАЛМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІ БАСҚА ӘРІПТЕСКЕ ТАПСЫРУ

ЖУРНАЛИСТІҢ ӘДІСТЕРІ

- АДАМ НЕМЕСЕ ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫН АНЫҚТАУ
- ТАРАПТАРДЫ ЗАҢНАМАДА КӨРСЕТИЛГЕН ПРОЦЕДУРАЛАРМЕН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРМЕН ТАНЫСТЫРУ
- ТАРАПТАРҒА ОРТАҚ МӘМІЛЕГЕ КЕЛУ ҮШІН БІР-БІРІНІҢ МҮДДЕСІН ТҮСІНУГЕ КӨМЕКТЕСУ
- КОНФЛИКТІНІ РЕТТЕУДІҢ ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛДЕРІ ТУРАЛЫ АЙТУ
- ӘЛСІЗ ТАРАПҚА, МӘСЕЛЕН, САНЫ АЗ НЕМЕСЕ БАСҚА СЕБЕППЕН ӘЛСІЗ ТАРАПҚА ДА АУДИТОРИЯҒА ҮНІН ЖЕТКІЗУГЕ ТЕҢ МҮМКІНДІК БЕРУ
- ТЕКСЕРІЛГЕН АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ, ҚАУЕСЕТКЕ ЖОЛ БЕРМЕУ
- КОНФЛИКТІНІ ҚАЛАЙ РЕТТЕУГЕ БОЛАТЫНЫ ТУРАЛЫ САРАПШЫ ПІКІРІН БЕРУ

НҰСҚАУЛЫҚТЫ ДАЙЫНДАҒАНДАР:



Замир Төлешов,

дінтанушы, арабист, зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу жөніндегі маман (Қазақстан)

Гүлмира Біржанова,

Media Qoldau қызметінің басшысы, «Құқықтық медиа орталықтың» тең құрылтайшысы

Ирина Чистякова,

SCARF жобасының журналистика жөніндегі кеңесшісі

Марал Айтмағамбетова,

филология ғылымдарының кандидаты, медиатренер, SCARF жобасының тренері

Асқар Ақтілеу,

журналист, «Тілші» медиажобасының жетекшісі, SCARF жобасының тренері

Икбалжан Мирсайитов,

сарапшы: SCARF жобасының кеңесшісі, саясаттану ғылымдарының кандидаты, Қырғызстан ғылым академиясы әлеуметтік зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері

Айгүл Көккөзова, аудармашы

Жұлдыз Әбділда, редакторы және корректоры

Светлана Раздоба, дизайнері:

Эльвира Гимадинова, беттеуші:

Зарина Ахматова,

SCARF жобасының Тәжікстандағы және Қазақстандағы жетекшісі

Наталья Ковалёва, SCARF жобасының ассистенті



Internews

Local voices. Global change.